


Ұ. М. АБДИГАЙБАРОВА

ҚАЗАҚТЫҢ
ҰЛТТЫҚ
ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ



Ұлжарқын ӘБДІҒАПБАРОВА



**ҚАЗАҚТЫҢ
ҰЛТТЫҚ
ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ**

*Жоғары және арнайы
орта оқу орындары студенттеріне
арналған оқу құралы*

Университет «СЫРДАРІЯ»
КІТАПХАНА
Инв. № 13048

ИЗДАТЕЛЬСТВО **ӨНЕР** АЛМАТЫ
БАСПАСЫ 1999

Қазақ мемлекеттік көркемсурет академиясының Ғылыми кеңесінде оқу құралы ретінде мақұлданып, баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар:

Қалиев С. Қ., педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ұзақбаева С. А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ә 14 Әбдіғапбарова Ү.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (Оқу құралы). - Алматы; Өнер, 1999ж., 152 бет.

Кітапта қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің зерттелу деңгейі, тарихи дамуы мен ерекшеліктері және тәрбиелік мүмкіндіктері жан-жақты сипатталады. Оларды оқушылар тәрбиесіне пайдаланудың, студенттер даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, оны жүзеге асырудың жолдары көрсетілген.

Еңбек жоғары, арнайы орта оқу орындарының көркем өнер саласындағы оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, сәндік қолөнері мәселелерін зерттеушілерге, жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

ISBN 5-89840-444-9

А 490400000 құлақтандырусыз. 99
409(05)99

ББК 85.12 я 73

ISBN 5-89840-444-9

© "Өнер", 1999
© Әбдіғапбарова Ү.М., 1999

К І Р І С П Е

Өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің гүлдене түсуі өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңару жағдайы - бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап, зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбие, мол тәжірибе негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеу қажеттігін тудырды.

Сондай қажеттіліктің бірі — халықтың қолөнері, оның ішінде ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша толық білім сапасын және оны оқушылардың тәрбиесіне пайдалана алу іскерлігі мен қабілетін қажет етеді. Оның үстіне қазақ ұлттық ою-өрнек өнері өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктерімен болашақ мұғалімдерге рухани, эстетикалық, эмоционалды, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсетіні сөзсіз. Сондықтан да болашақ мұғалімдерді даярлау барысында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне ұлттық ою-өрнек өнерін енгізу аса қажет.

Жалпы, ТМД елдері бойынша ою-өрнектің шығу тегі, дамуы, семантикасы, жасалу техникасы, құрылысы, классификациясы, қолданылуы жөнінде деректер, зерттеулер халықтың тарихы, этнографиясы, фольклоры, қолөнері тұрғысынан жарық көрген біраз еңбектерде (В.В.Стасов, Н.Л.Шабельская, В.А.Городцов, Е.Н.Клетнева, В.И.Смирнов, Н.Калиткин, Б.А.Рыбаков, С.В.Иванов, В.Н.Чернецов, А.В.Шубников, П.И.Климова, Л.Я.Штеренберг, Б.А.Куфтин, Н.П.Гринкова, И.Я.Богусловская, Г.С.Маслова, Х.Линнус, Г.А.Никитин, Т.А.Крюкова, П.А.Чепурина, Т.А.Жданко, Г.Л.Чепелевская, А.З.Хохов, К.А.Берландина, П.Г.Богатырев және т.б.) қарастырылған. Оның тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері сәндік қолданбалы өнер үлгілері негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру (Л.Г.Савенкова, Р.Н.Халимова, Д.Г.Пилипенко, Э.Х.Муратова, Л.С.Нерсисян, А.Э.Таракулов, Т.Шпикалова т.б.); жеткіншектердің адамгершілік-эстетикалық тәрбиесіне әсер ету (Н.А.Горяева, т.б.); жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу (Люсюк П.В.); еңбекке баулу (Г.В.Похолкин); жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту

(М.Скильский, Т.Шпикалова т.б.); мектепке дейінгі балалар тәрбиесінде қолдану (А.А.Грибовская, Р.В.Калистру, т.б.); сәндік-қолданбалы өнерді оқыту процесінде көркем тәрбие мен еңбек тәрбиесінің байланыстылығын анықтау (В.М.Аглаева), сәндік қолданбалы өнер түрлерін жоғары оқу орындарының көркем сурет, педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі, жалпы техникалық еңбек факультеттерінің оқу-тәрбие процесінде пайдалану (Л.В.Ершова, Г.А.Поровская, М.М.Робу, Т.А.Давидова, А.П.Гапбаров, С.Ф.Абдуллаев, т.б.) мәселелеріне арналған педагогикалық зерттеулерде сөз етіледі.

Сол секілді қазақ халқының қолөнері, оның ішінде ою-өрнектері Қазан төңкерісіне дейін арнайы сала болып зерттелмегенімен Орта Азия халықтарының этнографиясы, тарихы, өнері бойынша жазылған Н.И.Городсковтың, А.Бобринскийдің, А.А.Боголюбовтың, А.Фелькерзамның зерттеулерінде қазақ өрнектері жайлы біршама пікірлер айтылған.

Қазан төңкерісінен кейін бірқатар тарихшы, этнограф, археолог, филолог, өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде қазақ қолөнерінің кейбір нұсқалары көрсетіліп, олардың мән-маңызы сөз етіліп (С.М.Дудин, Б.В.Веймарн, В.Г.Мошкова т.б.), қазақ ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуы, символикасы, қолданылуы, жасалу техникасы, классификациясы өз алдына қарастырылған (Е.Р.Шнейдер, Т.К.Басенов, М.С.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Ә.Марғұлан, В.Чепелов, А.И.Тереножкин, Ә.Тәжімұратов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Қ.Мұқанов, К.Ибраева, т.б.).

Қазақ ою-өрнектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері (Қ.Әмірғазин, Б.Әлмұхамбетов, Ж.Балкенов, Ә.Қамақов, О.Сатқанов, Л.В.Котенко, С.Жолдасбекова, т.б.) оларды педагогикалық институттардың көркемсурет факультетінің студенттерін кәсіптік шеберлікке баулуда пайдалану мәселелері (Е.Асылханов, Қ.Болатбаев, Қ.Ералин, Қ.Ижанов, Ұ.Ибрагимов, т.б.) педагогика ғылымы саласындағы зерттеу еңбектерінде де орын алған.

Алайда жоғарыда аталған ғылыми-педагогикалық еңбектерде ою-өрнек үлгілері сәндік-қолданбалы өнердің құрамында қарастырылып, жеке өнер саласы ретінде арнайы педагогикалық зерттеу нысанасы болған емес.

Оған қоса проблеманың практикадағы және ғылыми әдебиеттердегі жағдайын зерттеу қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің педагогикалық мүмкіндіктері мен олардың бейнелеу және қолданбалы өнер факультетінің оқу-тәрбие процесінде кең көлемде

қолданылмауы арасындағы; қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін қазіргі заман ғылымы негізінде оқушылар тәрбиесінде пайдалану мен педагогика ғылымында бұл мәселенің қажетті деңгейде зерттелмеуінің арасындағы; қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін мектептің оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалана алатын мамандардың қажеттігі мен ондай мамандардың бүгінгі таңда сирек кездесетіндігі арасындағы; жоғары оқу орындарына бұл проблеманы ендіруге байланысты педагогика ғылымы ұсынған талаптар мен олардың шешімін табуға мүмкіндік туғызатын әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы **қайшылықтар** жайында айтуға мүмкіндік береді.

Мұның бәрі, сайып келгенде, болашақ мұғалімдерді ою-өрнек өнерінің ғылыми-теориялық мағлұматтарымен қаруландыратын бірізділікпен берілген жүйелі педагогикалық еңбектердің жоқтығымен түсіндіріледі.

Осыған байланысты қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұнын, ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындау мен оларды оқушылардың тәрбиесінде пайдалануға студенттерді даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау және ол бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулар әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

I тарау. ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА СТУДЕНТТЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау — проблемалық мәселелер

Бүгінгі таңда қолөнеріне қатысты өнертану, тарихи-этнографиялық, педагогикалық зерттеулер мен сөздіктерде “ою-өрнек”, “қазақ ою-өрнегі” ұғымдарына мынадай анықтамалар беріледі:

“Ою-өрнек” - (латынның ornament - әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан) үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әр түрлі заттарды (күрал-сайман, қару-жарак, киім т.б.) архитектуралық құрылыстарды, пластикалық өнер шығармаларын (негізінен қолданбалы), т.б. сәндеу үшін қолданылады¹;

- үйлесімділік өнері (искусство ритма)²;

- символдар байланысы (связка символов)³;

- жеке өнер туындысы бола алмайды, ол қандай бұйымға салынуына байланысты алуан түрлі материалдан әр түрлі техникалық тәсілдермен ғана іске асатын нақыш⁴;

- бейнелеу өнерінің өте ертеден келе жатқан түрі⁵;

- геометриялық, өсімдік тектес немесе жан-жануар элементтерінен тұратын өрнектер; кескіндемелік, мүсіндік, графикалық әсемдеу⁶;

- қандай да бір заттарды, архитектуралық құрылыстарды әсемдеу үшін белгілі бір тәртіппен үйлесімділікке құрылған элементтерден тұратын нақыштар⁷;

“...это многоцветное украшение какой-либо вещи элементами стилизованного образа посредством криволинейных и

¹ Словарь иностранных слов. М., Русский язык, 1980, стр. 624.

² Филиппов А.В. Построение орнамента с большим числом вариантов. М., изд. Академия архитектуры СССР. 1937, стр.3

³ Иванов С.В. “Искусство народов Сибири как исторический источник”. М.-Л., 1969, стр.6

⁴ Соколова Т.М. Орнамент - почерк эпохи. Л., 1972, стр.88

⁵ Ковалев И.Г. Калмыцкий народный орнамент. Изд. “Элиста”, 1970, стр.32

⁶ Ожегов И.С. Словарь русского языка. М., изд. Русский язык, 1989, стр.458

⁷ Советский энциклопедический словарь. М., “Советская энциклопедия”, 1985, стр.936

геометрических фигур, создаваемых по той или иной системе закономерности (симметрии, ритма и т.д.) в сочетании представляющих определенный орнаментальный стиль или же синтез разных стилей”. — “Белгілі заңдылық жүйесі негізінде анық бір ою-өрнектердің стилін немесе әр түрлі стильдің қосындысын (синтез) көрсете алатын, қандай да бір бұйымға ирек сызықты және геометриялық фигуралардың көмегімен стильдік қалыпқа түскен элементтердің бейнесінен тұратын алуан түрлі әшекей”¹;

- геометриялық және бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек, нақыштар²;

- адамға қажетті тұрмыстық идеяларды шартты символикалық түрде (форма) суреттейтін бейнелеу өнерінің айрықша бір түрі³;

- қазақ ою-өрнегі — көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі⁴;

- қазақтың ұлттық өрнегі - қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы⁵;

- “Ою” деген сөз бен “өрнек” деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық кошқар мүйіз өрнектерін де “ою” дейді. Ал “өрнек” дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе “ою-өрнек” деп қосарланып айтыла береді⁶.

Айтылып өткен анықтамаларда Т.Соколова “ою-өрнек өнері өз алдына жеке өнер бола алмайды” деп тапса, И.Ковалев керісінше “ою-өрнек — бейнелеу өнерінің бір түрі” екенін дәлелдейді.

¹ Муканов М.С. “Казахские домашние художественные ремесла”. Алма-Ата, 1979, стр.22.

² Қазақ совет энциклопедиясы А., 1975, 6 т., 627- бет

³ Ибраева К. Казахский орнамент. Алматы, 1994, стр.84

⁴ Ералин К.К. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественно-профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства и художественного труда в педагогических институтах. Дисс. ...д-ра пед. наук. М., 1992, стр.178

⁵ Балкенов Ж. Әліптеу. Қарағанды, 1998, 48 - бет.

⁶ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. А, 1969,1995,17-бет.

Осылардың ішінде ою-өрнектің бір ғана элементіне негізделген қысқа анықтамалар қатарында оның бірнеше ерекшеліктерін қамтуға тырысатын күрделі ұғымдар да бар. Сондай-ақ олардың арасында дәлелдемені қажет ететін түсіндірулер де кездеседі. Мәселен, ою-өрнектің бейнелеу мотивтеріне, жасалу тәсілдеріне қарай анықталған б-анықтаманы алатын болсақ, анықтамада көрсетілген өнер тәсілдері (кескіндемелік, мүсіндік, графикалық) ою-өрнек өнерінің басты тәсілі еместігі өнертану ғылымынан аян. Бұлай анықтау қажет болғанда бірінші кезекте тоқымалық, зергерлік, бедерлік т.б. әсемдеулердің айтылғаны жөн болар еді. Ал Қазақ совет энциклопедиясында “ою-өрнек — геометриялық және бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек, нақыштар” делінген анықтамадағы “геометриялық элементтердің” өзі ою-өрнек өнерінде бейнелеу элементтерінің құрамына енетініне көңіл аударсақ, бұл түсініктің де анық еместігі көрінеді.

Сонымен әр автордың зерттеу нысанасына орай көрсетілген ұғымдарда ою-өрнектің құрылысы, қолдану мақсаты, бейнелеу тақырыптары, символдық мағыналары, өзіне тән т.с.с. ерекшеліктері нақтыланады. Әрбір анықтама өз бетінен дербес қызмет атқара алады. Дейтұрғанмен бұл анықтамалар қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің атқаратын қызметінің ауқымын мазмұнды тұрғыда толық қамтып көрсетеді деуге әсте болмайды. Біздің ойымызша қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің атқаратын қызметіне (функция) мыналар жатады:

1) Тұрмысқа қажетті заттар мен бұйымдарды әшекейлеу:

- киіз үй жасауларын (баулар, құрлар, киіздер, текеметтер, түс-киіздер, сырмақтар, алашалар, дөдеге, кілемдер т.б.);

- тұрмыстық заттарын (сандықтар, жұкаяқтар, ыдыстар, асадалдар, ер-тұрмандар, қоржын-қалталар, дастархандар т.б.);

- киім-кешектерін (сәукеле, тақиялар, қалпақтар, етіктер, мәсілер, көйлектер, камзолдар, шапандар, кимешектер, шалбарлар т.б.);

- әйелдер әшекейлерін (білезіктер, жүзіктер, сырғалар, алқалар, белдіктер т.б.).

2. Архитектуралық құрылыстарды әсемдеу:

- мазарларды (Қозы-көрпеш-Баян-сұлу, Бабаджа Қатын, Айша Бибі, Қарахан, Домбауыл т.б.);

- мавзолейлерді (Арыстанбап, Қожахмет Яссауи т.б.);

- үй құрылыстарын (Баба-ата, Тараз, Касрибас, Сығанақ, Құлан қалашықтары т.б.);

- құлпытастарды (Қарағаш, Қамысбай т.б.);

- моншаларды (Отырар, Тараз т.б.).

3. Адам ойын бейнелі түрде жеткізу:

- ұзатылған қыздың ою-өрнек арқылы өз жағдайын ата-анасына хабарлауы;

- білезікке түсірілген ою-өрнек арқылы жігіттің қыз басының бос немесе бос еместігін білуі;

- құдағи жүзікке бейнеленген ою-өрнектерден қыз анасының жігіт анасына деген ризашылығын білдіруі;

- ұзатылған қыз жасауындағы өрнектерде әке-шешесі, ағайын-туғандарының қызына тілеген арман-тілектерінің берілуі т.б.

4. Ертедегі халықтың дүниетанымдық көзқарасын білдіру:

- дүниенің пайда болуы, жаратылысы жөніндегі ой-пікірлері (от, су, ауа, тау), оюдың төрт бітімді бұйымға салынуы “төрт-мүйіз”, “шаршы ою” т.б.);

- аспан әлеміне табынушылықты (космогониялық өрнектер);

- табиғат құбылыстарына сиынушылықты (өсімдік тектес, аң, құс тектес өрнектер т.б.).

5. Халықтың наным, сенімдерін көрсету:

- көз, тілден сақтану (“тұмар”, “нәйзекі” (найзаға үкі) оюлары т.б.);

- қасиетті сандарды қадір тұту (“жеті гүл”, “қырықмүйіз” т.б.);

- киелі зат, бұйым, құбылыстарды қастерлеу (“бауырсақ”, “ботакөз” оюлары т.б.).

6. Халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеу:

- мал шаруашылығы (“қошқармүйіз”, “түйетабан” т.б.);

- егін шаруашылығы (“арпабас”, “бидайық” т.б.);

- сауда-саттық (“бұқар теру”, “кежім теру” т.б.).

7. Тек жақсылықтың нышанын білдіру:

- тоқтық, молшылықты (мүйіз оюлар т.б.);

- тыныштықты (“көгершін” өрнегі т.б.);

- достық, сыйластықты (басқа ұлт өкілдерінің өрнегімен байланысы т.б.);

- еркіндікті (“құсқанат”, “құстүмсық” оюлары т.б.).

Мұның бәрі сайып келгенде жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Атап айтқанда:

- *білім береді* — қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолы, мазмұндық ерекшеліктері (мағыналық бояу түстеріне байланысты, басқа халықтардың өрнектерімен байланысты, өрнектеу әдістеріне байланысты т.б.) саласын меңгертіп, ақыл-ойды жетілдіреді;

- *тәрбиелейді* — адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, эстетикалық талғамды дамытады, еңбекке баулиды, дене бітімінің дұрыс жетілуіне ықпал етеді;

- *дамытады* — жеке тұлғаның рухани-интеллектуалдық эмоционалды, тұлғалық сапасын дамытады, қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша теориялық білімдерін жетілдіреді, практикада оларды еркін қолдануға дағдыландырады, шығармашылық ізденіске талпындырады.

Олай болса біздің ойымызша “қазақ ұлттық ою-өрнегі дегеніміз адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыстарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалды-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мүддесін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар”.

Ал “қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” бұған қарағанда кең ұғым. Өйткені жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктерінен басқа қазақ ұлттық ою-өрнектері қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің барлық түріне қатысады және әр түрінде әр түрлі өрнектеу әдістерімен ерекшеленеді. Біздің түсінігіміз бойынша “қазақ ұлттық ою-өрнек өнері — қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері салаларының барлық туындыларында кездесетін ою-өрнек түрлері мен өрнектеу әдістерінің жиынтығы”.

Сол себепті біз бұл еңбекте қазақ ұлттық ою-өрнектерінің кейбір ерекшеліктерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері негізінде де сөз етеміз.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері — бейнелеу өнерінің, оның ішінде сәндік-қолданбалы өнердің үлкен бір арнасы. Дейтұрғанмен бейнелеу өнерінің түпкі бастауы халықтың қолөнерінен (ремесло (рукоремесло, рукодельное мастерство)) өрбігендіктен, оған қоса қазақ халқының ою-өрнектері ежелден-ақ қолөнерінің өркендеуімен сәйкес дамығандықтан, ою-өрнек өнері — қолөнерінің негізгі саласы болып табылады.

Ғұлама ғалым Ә.Х.Марғұланның “Қазақтар ою-өрнектер әлемінде өмір сүреді”¹ дегеніндей, қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде маңызды роль атқаратын бұл өнер түрін жас ұрпақтың игермеуі де мүмкін емес. Бүгінгі таңда ою-өрнек өнерін зерттеу

педагогика ғылымының да басты мақсатына айналып отырғаны сол себептен. Өйткені ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне байланысты ұмыт бола бастаған ұлттық өнер, атамұра, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің қайта жаңғыруына мүмкіндік туған жағдайда:

- жеткіншектердің ұлттық қайта өсу негіздерін қалыптастыру үшін “өнер көзі халықта” дегендей көнекөз қариялардың көзі тірісінде елде мол қолөнер үлгілерін жинақтаудың;

- ою-өрнек өнерінің балалар мен жастардың адамгершілік-эстетикалық, еңбек, экологиялық тәрбиесіне, дүниеге көзқарасының кеңеюіне, рухани дамуы мен мәдени білімдерінің жетілуіне әсерінің басым екенін ескеру мен оны іс жүзіне асыру мақсатында болашақ мұғалімдерге меңгертудің;

- ою-өрнек өнерін түпкілікті жете зерттейтін болашақ мамандар даярлау үшін ою-өрнектердің генезисін, мән-маңызын, эстетикалық әсер-қуатын, тарихи дамуын жан-жақты саралаудың;

- ою-өрнек атауларының мағыналық және тілдік жағынан талдау, бейнелеу жолдары мен технологиялық әдіс-тәсілдерін анықтай түсудің заңды, объективті қажеттігі арта түседі. *Осыған орай қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің осы күнге дейінгі зерттелу деңгейіне шолу жасап кеткен жөн.*

Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының қолөнері, оның ішінде ою-өрнектері арнайы сала болып зерттелген жоқ. Орта Азия халықтарының этнографиясы, тарихы, өнері бойынша жазылған кейбір еңбектерде қазақ өрнектері жайлы біршама пікірлер айтылған. Бұл еңбектер қатарында Н.И.Городсковтың, А.Бобринскийдің, А.А.Боголюбовтың, А.Фелькерзамның зерттеулерін жатқызуға болады.

Сондай-ақ бұл кезеңде қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар да ою-өрнек тақырыбына арнайы еңбек жазбағанымен, өздерінің шығармаларында қолөнерін сөз еткен. Мәселен, Шоқан қазақтың киіз үйінің құрылысы мен сәулетіне, ондағы қолданылатын кейбір жиһаздар түріне толық анықтама береді¹. Қазақтың архитектуралық ескерткіштерін талдай отырып, “қазақ моласы мен оның төңірегінен қазақтың бар мәнер талғамы, архитектурадағы өнері, оның ою мен бейнелеу салты байқалатынын”² көрсетіп, ою-өрнек өнері қазақ халқының өмірінде айрықша өнер екендігін, оның ерекшеліктері мен қыр-сырының

¹ Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1986, стр.83.

¹ Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1985, 99-101 бет.

² Бұл да сонда, 102-бет.

молдығы қаншама білімдарлықты талап ететіндігін айтқан.

“Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды”¹ деп тіл мен өнерді жоғары бағалаған Абай “Өнер өзі де мал, өнерді үйренбек ихсан” (еңбек)² екендігін, өзінің отыз үшінші қара сөзінде “Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды”³ деп дәлелдеп, сол жолда жастарға таза өнер адамына жат қасиеттерге әуестенбеуін, қазақтың кейбір өнерлілерінің талапсыздық, керенаулық, еріншектікке бой ұратынын қынжылу арқылы түсіндіреді. “Алдау қоспай адал еңбегін сатқан өнерлі — қазақтың әулиесі сол”⁴.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының қолөнерін балалардың тәлім-тәрбиесімен тікелей ұштастырып, тұңғыш рет қолөнер мектептерін ашқан. Оның мектептерінде ер балалар үшін ағаш ұсталығы, былғары илеу, қыш, құмыра жасау өнерлері⁵, ал қыздарға “қарапайым халықтың тұрмысына керекті киім тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп шалу және қазақтардың қолында көп болатын жүн, қыл секілді материалдардан өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілемдер тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар”⁶ үйретілді.

Қазан төңкерісінен кейін қазақтың ою-өрнек өнері өз алдына дәстүрлі өнердің бір саласы ретінде зерттеле бастады. С.М.Дудиннің Орта Азия мен Қазақстанда болған экспедицияларының нәтижесінде жарық көрген қомақты еңбектерінің бірі “Киргизский орнамент” қазақ халқының ою-өрнектеріне арналған тұңғыш зерттеу болып табылады. Мұнда автор қазақ шеберлерінің талғамының жоғарылығын бағалап, қазақ ою-өрнектеріне тән кейбір ерекшеліктерді саралайды.⁷

Сондай-ақ бұл тұста В.Чепелевтің, Б.Веймаринның, В.Мошкованың, А.И.Тереножкиннің еңбектерінде де қазақ ою-өрнектері біршама тереңірек сөз болады. Ал сол кезеңде қазақ ою-өрнектері бойынша жарық көрген тағы бір ірі еңбек —

¹ Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. Алматы, 1993, 3-бет

² Бұл да сонда, 5-бет

³ Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. Алматы, 1986, 2-том, 130-бет

⁴ Бұл да сонда, 131-бет

⁵ Алтынсарин Ы. Өнер білім бар жұрттар. Алматы, 1991, 209-бет

⁶ Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы, 1988, 145-бет

⁷ Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии. Сб. Музея антропологии и этнографии СССР. Том 7. 1928, стр.50-60

Е.Р.Шнейдердің “Казахская орнаментика” атты зерттеуі. Е.Р.Шнейдер қазақ ою-өрнектері жөнінде біршама дұрыс пікірлер айта отырып, мынадай жаңсақ қорытындыға жол беріп алған: “Қазақ ою-өрнектері қазақ халқының өнеріне жатпайды, ол Иран мәдениетінің бір саласы болып табылады”¹. Яғни қазақ ою-өрнегінің негізі Иран өнерінен шықты деген тұжырымын қазақтың геометриялық оюлары иран халқында дәстүрге айналған “ағаш және күс” салу мотивінен шыққан деп дәлелдемек болады. Шнейдердің бұл қате ұғымын қазақ ою-өрнегін зерттеушілер Т.К.Бәсенов, В.Чепелев, М.С.Мұқанов т.б. қатты сынға алып, қазақтың ұлттық өнерінің төркіні — ою-өрнегі екенін дәлелдейді: “Қазақтың ең көп тараған өнерінің бірі — ою-өрнек өнері”².

Е.А.Клодт Омск музейінің тапсырмасымен 1927, 30, 34, 35 жылдар аралығында Солтүстік, Батыс Қазақстан аудандарында болған экспедиция кезінде қазақ оюларының көптеген түрлерін көшіріп алды. Әрине, Е.А.Клодт қазақ оюларының атауын, мағынасын, шығу тегін т.б. зерттеген жоқ. Дегенмен, қазақ өнерін үйренуде құнды еңбек қалдырды. Мұны біз 1939 жылы “Казахский орнамент” деген атпен шыққан альбомнан байқаймыз. Осы альбом толықтырылып жоғарыда аталған атпен 1958 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан қайта шықты.

Жалпы қазақ халқының қолөнері 60-жылдардың жартысынан бастап қазақстандық ғалымдардың арнаулы зерттеу нысанасына айналды. Бұған 1957-1958 жылдарда шыққан Т.К.Бәсеновтің еңбегі ғана жатпайды. Т.К.Бәсеновтің еңбектерінде қазақтың архитектуралық ою-өрнектері алғаш рет зерттеледі, қазақ ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуы, классификациясы және қолданылуы жөнінде құнды пікірлер айтылады.

Қолөнер дәстүрлерін қамқорлықпен сақтап, дамытуға Кеңес өкіметі тұсында да мән берілгенін айта кету керек. Оған СССР Министрлер Советінің 1966, 1968, 1975, 1986 жылдары халықтың көркемөнер кәсібін дамыту мәселесіне арналған қаулылары, сондай-ақ республикамызда 1975 жылдың 25-наурызында қабылданған “Қазақ ССР-інде халық көркем қолөнерін одан әрі өркендету шаралары” туралы қаулы дәлел³.

¹ Шнейдер Е. Казахская орнаментика. Ан. “Казахи” Л., 1927, стр. 125

² Бәсенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алматы, 1958, стр.12

³ О мерах по дальнейшему развитию художественных промыслов. Постановление Совета Министров СССР от 1968 г.

О народных художественных промыслах. Постановление КПСС от 29 января 1975 г.

Аталған қаулыларда дәстүрлі қолөнерді өрі карай дамытудың жолдары көрсетіліп, сирек кездесетін көркем шығармалар жасау жайына тоқтала келіп, жергілікті жерлерде халықтың қолөнері кәсіпорындарын тиянақтылықпен ұйымдастырудың мінез жүйесі жасалмағаны, көп ретте халықтың қолөнеріндегі негізгі тұлға ретінде суретшілердің, халық шеберлерінің шығармашылық мұқтаждарына тиісінше көңіл бөлінбегені, алғашқы туындаған өнеріміз ретінде қолөнерді ғылыми тұрғыда зерттеудің қажеттігі айтылады.

Сөз жоқ, бұл қаулы-қаралардың қай-қайсысы да халықтың дәстүрлі өнер түрлерінің бүгінгі күн талғамына қарай дамытылуына, ел ішіндегі бағалы қолөнер нұсқаларының жинақталуына және зерттелуіне игі ықпал етті. Мұның айғағы ретінде сол шаралардан кейін Қазақстанда ашылған тамаша мұражайлар мен көрмелерді, сондай-ақ қолөнер түрлерін тарих, этнография тұрғысынан сипаттайтын Ә.Тәжімұратов, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, Ә.Марғұлан, С.Қасиманов, Х.Арғынбаевтардың монографиялық еңбектерін, Қ.Мұқановтың құрастырған кітабын атауға болады.

Бүгінге дейін жарық көрген қолөнеріне қатысты, оның ішінде ою-өрнек өнері сөз етілген зерттеулер әртүрлі ғылым тұрғысынан жазылғандықтан, оларды *былайша жүйелеуге болады.*

1. *Қазақ халқының қолөнерін тарихи-этнографиялық тұрғыда сипаттайтын зерттеулер.* Оларға Х.Арғынбаевтың, Ә.Марғұлан-ның, С.Қасимановтың, Ө.Жәнібековтің, М.С.Мұқановтың монографиялық еңбектерін жатқызуға болады.

Тарих ғылымдарының докторы Х.Арғынбаев өз еңбегінде қазақ халқы қолөнерінің қызықты да маңызды салалары: ағаш, металл, тас өңдеу мен тері, мүйіз, сүйек үқсату шеберлігінің туып қалыптасу мәселелерін жан-жақты баяндаған.¹

Ә.Тәжімұратовтың еңбегінде ұлттық қолөнеріміздің киіз басу, кілем тоқу, ши тоқу, ағаш өңдеу, ер қосу, зергерлік өнері түрлері және киіз үй, оның жасау-жиһаздары туралы бұрын-соңды жазылған еңбектерге шолу жасалынып, экспедиция кезінде жиналған мәліметтермен толықтырылып, қолөнеріне қатысты атауларға ден қойылады. Оның ішінде өсіресе, ою-өрнектің

қолөнерінде, тұрмыста алатын орны жөніндегі пікірлері қазақ халқының әдет-ғұрпымен байланыстырыла әңгімеленіп, оның бүгінгі таңда қолданылу жағдайы сөз етіледі.¹

Академик Ә.Марғұлан қазақ халқының қолөнерінің бірнеше түрлерін археология, этнография тұрғысынан зерделеп, өте құнды мағлұматтар береді. Ою-өрнек өнеріне де аса мән беріп Пазырық қорғанынан табылған қолөнер бұйымдарында бейнеленген ежелгі ою-өрнек нұсқаларын ғылыми тұрғыда саралайды. Сөз арасында әрбір ою-өрнекте жасырын жатқан образдың кезінде анық та белгілі болғанын айта келе, соңғы кезде ою-өрнек мотивтерінің бастапқы мағынасын ұмытып бара жатқанымызды еске сала, оның мән-мағынасын аша түсу, болашақ зерттеушілердің міндеті екенін де ескертеді.²

Қазақ ою-өрнектерінің тарихи түп-тамыры, эстетикалық мән-маңызы, символикасы, қолданылуы мен бейнеленуі, жасалу әдіс-тәсілдері, классификациясы жөнінде Ә.Марғұланнан басқа М.Мұқанов³, Ө.Жәнібеков⁴ т.б. бағалы пікірлер айтқан.

Сондай-ақ С.Қасиманов қазақ ұлттық қолөнерінің кейбір түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін баяндау барысында ою-өрнектерге ерекше көңіл бөліп, оның 200-ге жуық түрін атап, бірқатар ою-өрнек атауларына кеңінен тоқталады. Қазақтың ою-өрнек үлгілерін мазмұнына, мағынасына қарай топтап жіктейді. Ішінара қайсыбір ою-өрнектерге байланысты аңыз, әңгімелер т.с.с. құнды мағлұматтар береді.

Қ.Ақышев⁵, М.Қадырбаев⁶, А.Оразбаев⁷ т.б. еңбектерінде ертедегі Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың археологиялық қазбалардан табылған ежелгі мәдени ескерткіштеріндегі ою-өрнек үлгілері тарихи тұрғыда сипатталады.

2. *Өнертану ғылымы саласындағы зерттеулерге* 90-жылдарда жарық көрген Қ.Ибраеваның монографиялық еңбегі жатады. Ол

¹ Ә.Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. Алматы, 1977, 96-бет.

² Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1988, стр. 83

³ Мұқанов М.С. Казахская юрта, Алма-Ата. 1981, 223 с.

⁴ Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, 1982, 243 с.

⁵ Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алматы, 1976, 213-бет.

⁶ Қадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Захоронения воинов Савроматского времени на левобережье р.Илек. В кн: Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976, стр. 137-156

⁷ Марғұлан А.Х., Акишев К., Оразбаев А.М. Памятники эпохи бронзы. В кн. Древняя культура Центрального Казахстана. 1984, стр. 41-62

¹ Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987, 128-бет

— қазақ халқының ою-өрнек өнеріне арналған өнертану саласы тұрғысынан жан-жақты сөз етілген арнайы тұңғыш еңбек болып табылады. Мұнда автор қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуына, ою-өрнек жүйесінің қалыптасуына, мазмұнына талдау жасаған¹.

3. *Философия ғылымы саласындағы зерттеулерде* (Ж.Әлібеков, Б.Байжігітов т.б.) қазақ ою-өрнектерінің эстетикалық мән-маңызы философиялық тұрғыда зерделенеді².

4. *Филология ғылымы саласындағы зерттеулер* (М.Өмірбекова, Р.Шойбеков). Солардың ішінде Р.Шойбеков қазақ тіліндегі зергерлік өнері терминдерін заттық-тақырыптарына қарай топтастыру барысында зергерлік өнеріндегі ою-өрнек атауларын өз алдына бір топқа жіктейді. Мұнда ұлттық ою-өрнектер таза лингвистикалық тұрғыдан қазақ тілінің сөз байлығына қосатын үлесіне, қазақ терминологиясындағы алатын орнына байланысты қарастырылады³. М.Өмірбекованың зерттеуінде қазақ халқының ою-өрнек атаулары лексика-семантикалық топтарға бөліп көрсетіліп, грамматикалық құрамы талдап түсіндіріледі⁴.

5. *Ою-өрнектерді қолдану технологиясына байланысты еңбектер* (С.Асанова, Қ.Мұқанов т.б.). С.Асанованың еңбегінде қазақ ұлттық киімдеріне әшекейленетін ою-өрнек түрлері және оларды бүгінгі күн талаптарына сай қолдану әдістері жөнінде құнды мәліметтер беріледі.⁵ Қ.Мұқановтың құрастыруымен жүннен жасалатын бұйымдарға қатысты жарық көрген кітапта қазақ халқының тоқыма бұйымдарына салынатын ою-өрнектердің жасалу технологиясы кеңінен сөз етіледі.⁶

80-жылдарда Оқу-ағарту министрлігі тарапынан жасөспірімдердің эстетикалық тәрбиесі мен көркемдік білімдерінің жетілуіне ерекше назар аударылып, жас ұрпақтың “туған ел табиғатының байлығы мен өсемдігін, архитектуралық ескерткіштерін, өнер шығармаларын түсіну мен бағалауға” үйретуде “танымдық, тәрбиелік әсері мол

¹ Ибраева К. Казахский орнамент. Алматы, 1994, стр.125

² Әлібеков Ш. Қазақ фольклористикасының эстетикасы. Алматы, 1991, 163 бет. Байжігітов Б.К. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты (Қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде) Филос. ғыл. канд. ...дисс. авторефераты. Алматы, 1994., 24 бет.

³ Шойбеков Р. Лексика ювелирного искусства в казахском языке. Автореф. дисс. ...канд.пед.наук. А., 1987, стр.21

⁴ Өмірбекова М.Ш. Ою-өрнектің қолданылуы. Алматы, 1995, 81 бет

⁵ Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы, 1995, 44-53, 94-122 б.

⁶ Жүннен жасалатын бұйымдар. Құраст: Қ.Мұқанов. Алматы, 1990, 143 бет.

өлебиет, өн-күй, бейнелеу өнері пәндерінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану”¹ қажеттігі жалпы білім беретін және кәсіби мектептер реформасының негізгі бағыттарында атап көрсетілді. Осыған орай қазақ халқының қолөнері педагогика ғылымы тұрғысынан да зерттеле бастады.

6. *Педагогика ғылымы саласында қолөнеріне қатысты жарық көрген зерттеулер* (Балкенов Ж., Қамақов А., Әлмұхамбетов Б., Асылханов Е., Сатқанов С., Әмірғазин К., Котенко Л., Жолдасбекова С., Ижанов Қ., Болатбаев Қ., Ералин Қ. т.б.). Олардың біразы (Балкенов Ж., Жолдасбекова С., Сатқанов О.) бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие процесінде ұлттық қолөнер дәстүрлерін пайдалану негізінде еңбекке үйретуді жетілдірудің тиімді жолдарын, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін күшейтудің түрлері мен әдістерін, көркемдік тәрбиесін жетілдірудің, эстетикалық қызығушылығы мен бейнелеу іскерлігіндегі дағдыларын қалыптастырудың кезеңдерін қарастырған.

Б.Әлмұхамбетов, А.Қамақов, Қ.Әмірғазин, Л.Котенколардың еңбектерінде 4-8 сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беру мәселесі шешімін тапқан. Оларда қазақтың сәндік қолөнер үлгілерін оқушылардың қабылдай білу, жасай алу, ондағы образды бейнелерді ұға білу дағдылары мен эстетикалық мәдениеті элементтерін қалыптастыру; тері мен жүн илеу өнерін үйірмелерде оқыту, үйрету; дәстүрлі қолөнер материалдарын көркем еңбек, бейнелеу өнері сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану мәселелері талдап жасалынған. Бұл мәселелердің шешілуі барысында ою-өрнек нұсқалары да ішінара сөз етілген.

Мысалы Қ.Әмірғазин², А.Қамақов³, Л.Котенко⁴ қазақ халқы қолөнерінің белгілі бір саласына қатысты ою-өрнектердің жасалу тәсілдерін, қолданылуын, өрнек-нақыштарының үйлесімділігін,

¹ О реформе общеобразовательной и профессиональной школы. Сборник документов и материалов. М., 1984, стр. 48

² Амиргазин К.Ж. Художественная обработка кожи и меха (содержание и методика обучения в кружках общеобразовательных школ КазССР. Автореф. дисс. ...канд. пед. наук. М., 1984, стр. 15

³ Қамақов А.О. Эстетическое воспитание учащихся 4-6 классов средствами декоративно-прикладного искусства (на материалах народного декоративного искусства Казахстана). Автореф. дисс. ...канд.пед.наук. М., 1982, стр. 17

⁴ Котенко Л. В. Формирование элементов эстетической культуры подростков средствами декоративно-прикладной деятельности. Автореф. дисс. ...канд.пед.наук. М., 1990, стр. 22

түр-түсінің маңыздылығын, олардың оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне әсерін сөз етсе, Б.Әлмұхамбетов¹ ұлттық ою-өрнек жүйесінің мазмұнына, оның құрамындағы басты компоненттерге, кейбір ерекшеліктеріне талдау жасайды және халық өнеріндегі ежелгі образдар, түр-түстің символдық мәндеріне, формасына қатысты дайындаған сабақ түрлерінде ою-өрнек үлгілерін пайдалану әдістерін көрсетеді. Ал Ж.Балкенов² қазақ халқының ою-өрнек өнерінде ұлттық дәстүр мен көркем шығармашылықтың мол екенін анықтай отырып, соның негізінде оқушылардың бейнелеу дағдыларын олардың образды ойлау қабілеттерімен тығыз байланыста қарастырады, ою-өрнектерді бейнелеу бағытында жасөспірімдердің шығармашылық қабілеті, үшқыр қиялы, өмірге деген эстетикалық қатынастарының қалыптасатынын дәлелдейді.

Сондай-ақ С.Ұзақбаеваның монографиялық еңбегінде қазақтың ұлттық қолөнерінің эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері талданып, халықтың балалар мен жастарды қолөнеріне баулуда қандай педагогикалық талаптарға сүйенгені мазмұндалған³.

Әйткенменде жоғарыда көрсетілген ғылыми-педагогикалық еңбектерде де ою-өрнек өнері сәндік-қолданбалы өнердің құрамында қарастырылған. Оның үстіне аталған педагогикалық зерттеулердің дені дерлік жалпы білім беретін мектептер көлемінде жазылған. Солардың ішінде ою-өрнек өнері бойынша жоғары оқу орны проблемасы А.Асылхановтың, Қ.Болатбаевтың, Қ.Ижановтың, Қ.Ералиннің, Ү.Ибрагимовтың зерттеулерінде тек бір бөлімнің көлемінде ғана сөз етіледі.

Қорыта айтқанда жоғарыда аталған еңбектер мен әдебиеттерде ұлттық қолөнер түрлерінің туып-қалыптасуы, дамуы, мазмұны, кейбір ерекшеліктері, қолданылуы, жасалу технологиясы, оларды жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың әдіс-тәсілдері айтарлықтай ашылған. Студенттер

¹ Альмухамбетов Б.А. Эстетическое воспитание учащихся IУ-УII классов средствами национального изобразительного искусства (на материалах общеобразовательных школ Казахстана). Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. А., 1990, стр. 17

² Балкенов Ж. Традиций народного творчества в системе навыков изобразительной деятельности младших школьников. Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. М., 1987, стр. 16

³ Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы, 1995, 169-198 - беттер.

үшін олардың маңызы мынада: 1-топтағы еңбектер қазақ халқының қолөнері салалары, олардың ерекшеліктері, туып-қалыптасуы, даму жолдарымен және ою-өрнектерінің кейбір ерекшеліктерімен таныстырады. 2-топтағы еңбектер қазақ ұлттық ою-өрнектерін жеке өнер тұрғысынан таныстырады, оның шығу тегі, дамуы, ою-өрнек жүйесінің қалыптасуы, мазмұны бойынша құнды мағлұматтар береді. 3-топтағы еңбектер қазақ ою-өрнектерінің өн бойындағы философиялық ой-түсініктерді ашып көрсетсе, 4-топтағы еңбектер қазақ халқының қолөнеріне байланысты сөздік қорын кеңейтеді. 5-топтағы еңбектер қолөнер туындыларын өз беттерімен жасай білуге үйретеді. 6-топтағы еңбектер сәндік-қолданбалы өнер негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің, еңбекке баулудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін, жұмыс формаларын үйретеді. Демек бұл еңбектердің бәрі де студенттерге қазақ халқының қолөнер саласынан өз бетінше білімдерін жетілдіруге септігін тигізеді, жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына ықпал етеді және оларды үйреніп өз тәжірибелерінде дамыта қолдана алу дағдыларын қалыптастырады.

Алайда қазақ халқының қолөнерінің мазмұны, эстетикалық әсер-қуаты, танымдық мәні, тәрбиелік мүмкіндіктері оның *ою-өрнектерінен* толық көрінеді.

1.2. Қазақ-ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи дамуы мен ерекшеліктеріне мазмұндық сипаттама

Қазақ халқының ою-өрнек өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуіріне саяды. Өйткені, соңғы палеолит дәуірінің ескерткіштерінен-ақ жануарлардың толық бейнесінің қатарында алғаш рет онша айқын емес; бірақ символдық мағынасы біздің заманымызға дейінгі адамның ойлауын көрсете алатын әр түрлі белгілерді байқауға болады¹.

Неолит дәуірінде үңгір тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерді. Олар көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысына тісті қалыппен сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнектерді түсірген².

Қола дәуіріндегі Қазақстан территориясында тұрған тайпалар еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар

¹ Столяр А.Д. О генезисе изобразительной деятельности и ее роли в становлении сознания. В кн.: Ранние формы искусства. М.: 1972

² Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1980. 1 т., 93-бет.

жасауда күй, қақтау, қысып өрнектеу, жону, тегістеп жылтырату техникасын жақсы меңгерді, заттарға өрнек сала білді¹.

Міне сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі - таңбалардың XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас екендігі Ә.Марғұланның, Қ.Ақышевтің, М.Мұқановтың, К.Ибраеваның т.б. ғалымдардың жоғарыда көрсетілген еңбектерінде жеткілікті дәрежеде дәлелденген.

Мысалы, Саңғыру қорымынан қазып алынған қыш ыдыстарда бейнеленген крест бейнелі дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортанды бұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, жылқының сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш тәрізді өрнектер де қазақ халқының кейінгі дамыған қолөнер туындыларында жиі қолданылады².

Тағы бір мысал, “қошқармүйіз” — қазақ халқының ең байырғы оюларының бірі, қазірде қолөнер шығармаларының барлық түріне салынады. Осы оюдың кезінде Андронов мәдениеті ескерткіштерінде бейнеленгендігі жөнінде К.Ақышев: “Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын 3000 жылдан астам уақыт шымылдығы бөліп тұр. Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан андроновтық тайпалардың мекен-тұрақтары табылды. Мекен тұрақтардан табылған заттардың ішіндегі көзге түсер көріктісі де, көңіл бөлер мәндісі де, сәнді өрнектелген қыш-құмыралар. Қыш ыдыс өрнектерін талдасақ, көз алдымызға қазақтардың ою, сызу өрнектерінің көптеген накыштары келеді. Мысалы, “қошқармүйіз” өрнегінің сарынын ертедегі андроновтықтар өрнегінен көреміз. Егер андроновтықтар бұл өрнекпен ыдыс-аяқ бетін әшекейлесе, қазақтар әртүрлі бұйымдарды безендірген. “Қошқармүйіз” өрнегімен негізінен кілем, түскиіз, текеметтер, сандықтар, ағаш төсектер өрнектелген. Әшекей-өрнек өнерінің осындай бір мәнерінің өзі де араларын мындаған жылдар бөліп тұрған халықтардың мәдениеттерін байланыстыратын ортақ белгілерін айқын көрсетеді” - дейді³.

Сондай-ақ, Пазырық қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдықта жасалынған кілемдер, түскиіздер, құмыралар, әшекей заттардағы ою-өрнек үлгілері¹ сол андронов мәдениетінде қалыптасқан ою-өрнек өнерінің жалғасы іспетті.

Бұдан әрі ою-өрнек өнері қазақтардың арғы тегі болып саналатын сақ, гүн, үйсін тайпаларының өнерінде дами түсті. Бұған Есік қорғанынан табылған “Алтын киімді адам”, көне дәуірдегі Жетісу сақтарының өмірі мен тұрмысын танытатын, сақ жұрты көсемінің киімдері мен сән-салтанат бұйымдарында бейнеленген накыштар мысал бола алады.

Б.з.б. VI-IV ғасырда Жайық-Еділ далалары тұрғындарының қолөнерінде “андық стилі” дамыды. Бейнеленген хайуандардың түр-тұқым құрамы Қазақстанның шөлді және далалық аудандарының жергілікті хайуанаттар дүниесін көрсетеді, бұлар — айыр өркешті түйе, киік, жылқы, текелер. Бұған қоса осы тұста қолданбалы өнерде зооморфтық стиль де басым қолданылды. Мәселен, Сынтас қорымынан табылған сүйек қасықтың сабында (ұзындығы 8,5 см, ені 273 см) бірнеше мүсін бар. Біріншісі — басын артқа қаратып, аузын ақситып жатқан қасқыр, келесісі — бұл да басын артқа қаратқан бүркіт мүсіні. Құстың қанаты қиықша кертпештермен, ал қауырсындары қабыршақ тәрізді оюлы дөңгелекшелермен берілген².

Осы кезеңде қолөнер бұйымдарына геометриялық, өсімдік тектес ою-өрнек түрлерінің жиі салынғандығын Берел обасынан табылған әшекейлер дәлелдейді³.

Түрік қағанаты дәуірінде де тас өңдеу мен сүйек ұқсату өнерінің өркендеуіне сай сүйек пен металдан жасалатын бұйымдарды әсемдеу барысында негізінен геометриялық (линейка, ирек, дөңгелек тәріздес), өсімдік тектес және зооморфтық мотивтер қолданылды⁴.

VI-ғасырдан бастап ғимараттарды (Тараз моншасы т.б.) ою-өрнекпен әсемдей бастаған. Кейіннен салынған Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларында да қазақ ұлттық ою-өрнегі өзінің қолтаңбасын айқын танытты. Мысалы, Тараз моншасындағы “кереге” өрнек Айша бибі

¹ Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1986, стр. 34-37

² Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К. Захоронения воинов Савроматского времени на левобережье р.Илек В кн: Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976, стр. 137-156

³ Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников в Верховьях Бухтармы. Археологический сборник. Госэрмитаж, 1966, вып 8, стр. 19-57

⁴ Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1986, стр.48

¹ Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1980. 1 т., 126-бет.

² Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1986, стр. 31-87

³ Ақышев К. Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет куәлары Алматы, 1966, 57-бет.

күмбезінде геометриялық ырғақпен байи түсті. Ахмет Яссауи ескерткіштерінде де жергілікті халықтың ою-өрнек үлгілері басым қолданылған.¹

Осылайша дамып отырған ою-өрнек өнері 8-9 ғасырда қазақ жерінде өмір сүрген карлук, кимақ, қыпшақ т.б. тайпалардың қолөнерінде жалғасын тапқаны Ә.Марғұланның еңбегінен мәлім².



Сөз арасында айта кететін тағы бір жайт, осы уақытқа дейін көшпелілердің оның ішінде қазақтардың ою-өрнектерінің дамуын арабтардың жаулап алуымен байланыстыратын қате ұғым бар. Ол ұғым бойынша, арабтар жанды сурет салдыруға тыйым салған соң-ақ, көшпелілерде жансыз бейне — ою дамып кетті деп келетін пікір жоқ емес. Мәселен, Т.К.Бәсенов былай дейді: “Если ранние детали уздечек, поясов, ручек, ножек и других предметов украшались изображением частей тела животных, то с IX-XII веков, с установлением господства идеологии ислама, изображение живых существ почти полностью изгоняется из прикладного искусства. Едва ли единственным украшением предметов остается стилизованный орнамент”³.

Сол сияқты пікірді Ө.Жәнібеков те айтады: “Как известно запрещение исламом изображения живых существ на протяжении веков сковывало творческие силы народа и привело к условности и схематизации в изображении предметов”⁴.

Сондай-ақ Б.Веймарн В.Чепелевтің “Шығыс мұсылмандарының өнерінде, адам образы — сөз тізбектермен, діни текспен алмастырылды және сөз формасы (каллиграфия) өркен жайды”⁵ деген пікіріне сүйене отырып, ою-өрнектің дамуын арабтардың оюға өте ұқсас болып келетін жазуларымен байланыстырады.⁶

Дейтұрғанмен қазақ топырағында ерекше дамыған ою-өрнек өнеріне ислам дінінің әсері негізгі анықтауыш болмағанын жоғарыда айтып өткендей ислам діні дүниеге келуден көп бұрын ғұмыр кешкен ғұндардың, скифтердің, түркі қағанаты кезінде халықтардың тұтынған мүліктерінен айқын көруге болады.

Сонымен М.Каганның “Ою-өрнек үнемі қозғалыста”⁷ дегеніндей қазақ халқының ою-өрнектері де айрықша қозғалыстағы,

көркемдік тұтастықтағы өнер үлгісі) Мәселен,  тәрізді элемент мүйіздің символдық бейнесі ретінде ежелгі дәуірден белгілі. Бірнеше ғасыр өткен соң  белгісімен жануар, өсімдік элементтерінің қосындысынан “түйетабан” өрнегі жасалған Сондай-ақ, ежелгі дәуірде геометриялық фигура тектес өрнектер және “түйетабан”, “қошқармүйіз” оюлары басым қолданылса 6-ғасырлардан бастап зергерлік өнері мен кілем токудың жан-жақты дамуына байланысты ою-өрнек өнері “қырыкмүйіз”, “шытырман”, “таңдай” т.б. күрделі ою-өрнектермен толықты. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнер туындылары орта ғасырларда (7-17) көлемі жағынан тұрпатты шеңбер мен ромб пішініне келтірілген айқын ою-өрнектермен (ішінара күс пен маймыл кескінделген) көркемделсе, 18-19 ғасырларда ұлттық дәстүрде өркендеді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда көптеген шеберханалар мен көркемдеу өнеркәсіптері ашылуына байланысты ою-өрнек жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болды. Осы жоғарыда келтірілген тарихи деректер қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің қалыптасып, дамып отыруына бірнеше факторлар әсер еткенін байқатады:

1. *Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, соның ішінде: мал, егін-шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі, сауда-саттық т.б.*

Күн көрісі төрт түлік мал болған көшпелі қазақтың мал кісе киімі, ішсе тамағы, мінсе көлігі болған. Олар мал жүнінен, қылқыбырынан иіріп киіз үй жасауларын, киімдерін тоқыған, ал сүйегінен, мүйізінен немесе терісін илеп күнделікті тұрмысқа қажетті заттарын дайындаған. Тіпті малмен байланысты ұғым-түсініктерін ою-өрнектер арқылы бейнелеп отырған.

Мысалы, *қ о ш қ а р м ү й і з* - қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Қошқармүйіз оюы неше түрлі формаларға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына “қошқармүйіз”, шет-шетіне “тұмар”, “шаршы” немесе “су” оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман-тілегі.



ҚОШҚАРМҮЙІЗ



ҚОСМҮЙІЗ

¹ Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1975, 6 т., 370-371 беттер.

² Марғұлан А., Бәсенов Т., Мендикулов М. Архитектура Казахстана. А., 1959, стр.117

³ Бәсенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алматы, 1958, стр.9

⁴ Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, 1982, стр.27

⁵ Чепелев В.Н. Искусство Советского Узбекистана. Москва, 1935, стр.2

⁶ Веймарн. Б.В. Искусство Средней Азии. М.-Л., 1940, стр.192

⁷ Каган М. О прикладном искусстве. Л., 1961, стр.108



МҮЙІЗ ОЮ



СЫНЫҚМҮЙІЗ



ҚОШҚАРМҮЙІЗ

“Қошқармүйіз” оюы молшылықтың нышаны ретінде бұл күнде де жиі қолданылып келеді. Қошқармүйіз оюы негізінде *сыңармүйіз, қосмүйіз, тікмүйіз, сынықмүйіз, такмүйіз, төртмүйіз, қырықмүйіз* оюлары қалыптасқан.

Мүйіз ою - мүйіз тәрізді өрнектелгендіктен мүйіз ою аталуы сөзсіз. Түскиіздің шетіне көбінесе қолтықшасына (орта гүл мен шет гүлдің орталығы) өрнектеледі. Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып қолтық деп аталады. Мұнысы, хош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, жантая отырып дем алыңыз деген қонақжайлық белгісі. “Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көрем. Сөйтсем мен қазақтың киіз кітабының үстінде дем алып отырған екем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен”, - деп Александр Македонский айтқан деген аңыз да бар.

Омыртқа - мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою - қайраттылықтың ерліктің белгісі. Ер адамның, батылдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады.


Сондай-ақ қазақ халқының көшпелі өмірінде жылқының орны ерекше. “Жылқы — малдың патшасы саналған. Қаншама жаугершіліктен жылқының



МҮЙІЗ ОЮ



ОМЫРТҚА



арқасында аман қалған қазақ халқы жылқыны ер қанаты есептеп, жанындай жақсы көреді. “Жылқының сүті шекер, еті бал”, “Жүзден жүйрік, мыңнан — тұлпар”, “Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп”, “Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады”, “Ат баспаймын деген жерін үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді”, “Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер” т.с.с. мақал-мәтелдер қазақ жылқысын жан-жақты сипаттайды. Қазақтың халық жырларындағы батырларының қай-қайсысын алып қарасаң да, ішінде жаяуы жоқ және олардың аттары күр көлік емес, батырлардың жан серігі, қиын кезеңде тіпті тілдесетін, “ақыл айтатын кеңесшісі” де. Және мұнда жылқы бейнелері адамзаттың аспанға ұшқысы келген қиялының дәлелі. Сондықтан да жылқы халық ұғымындағы ең жоғарғы өмірдің символы (символ высшего мира)¹ ретінде қолөнерінде де қалыс қалмаған. Өйткені ою-өрнек өнерінің *атбас, ашатұяқ* т.б. өрнектермен толығы түскені белгілі.

“Ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді”, “Қабырғалы қара нар қабырғасын сөксең, бақ етпес”, “Нар жолында жүк қалмас” - деген мақалдар қазақтың түйеге деген зор ықыласын білдіреді. Түйенің алып денесі, күші, жуас та жайлы мінезі, көнбістігі оған адам баласын ырза еткендей ою-өрнек өнерінде де *“түйетабан”, “түйемойын”, “ботакөз”* өрнектері қолданыла бастаған.

“Жетіссең де жер жемісін жеті аса” деген қазақтың тек қана мал шаруашылығымен емес, егіншілікпен де айналысқаны тарихтан мәлім. Суы мол Сыр өңірі, Жетісу, Ертіс, Есіл, Жайық бойларын мекендеген халық осы жерлердің табиғи мүмкіндіктерін сөз жоқ, егін шаруашылығы арқылы пайдаланады.² Ата-баба, әже-апаларымыз “Елдің ағасы болғанша судың сағасы бол” деп, суармалы егін егуде судың мәнін жоғары бағалап, қолөнерінде де тоқшылық пен молшылықтың нышаны іспетті *“су”, “ирек”, “арық”, “тасқын”, “тоғыз төбе”, “арпа гүл”* т.б. ою-өрнек түрлерін қолданды. Бұған қоса егін шаруашылығына қатысты арнайы құрал-саймандардың кейбір *“балға”, “орақ”, “тырнауыш”* сияқты түрлері де қолөнерінен орын алды.

Сондай-ақ қазақ халқының қолөнер кәсіпшілігінің, басқа елдермен сауда-саттық қарым-қатынасының дамуына байланысты ою-өрнек

¹ Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. А., 1993, стр.32.

² Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Құрастырған Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. А., 1994, 116-бет.

өнерінде “қажары”, “қорасан”, “аштархан теру”, “терме”, “қакла”, “бастырма” т.б. тәрізді атаулар пайда болды. Мәселен, қазақтың металл өңдеу өнері әр түрлі сәндік заттарымен кеңінен танылды. Соның бірі қолға салу үшін алтыннан немесе күмістен соғып жасайтын көзі жоқ сақина. Сол сияқты шымылдықтың да балдағы болады. Міне осыларды бейнелейтін ою-өрнек те “балдақ” деп аталады. “Алтын балдақ қол сәні, әшекей кесте тон сәні” деген мақалдарда кездесетін “балдақ” қолөнерінде басқұрдың жиектерін, алашаны әшекейлеу үшін қолданады.

Қ а ж а р ы о ю ы — кейбір еңбектерде кежім теру не бұқар теру деп аталады.¹ Мұндай өрнектер туысқан түркмен (гаджари), өзбек халқының (гажари) қолөнерінде кездеседі. Мәселен Д.А. Фахретдинова өзбек халқының ою-өрнек өнері жөнінде “Геометриялық өрнектердің әсемділігі мен айқындылығы “гажари”, “терме” төсеніштерінен анық байқалады”² дейді. Қажары оюының нақты анықтамасын В.Г. Мошкованың “Ковры народов Средней Азии” атты еңбегінен көруге болады. Онда былай делінген “Утковая нить выделяет нужные цветные нити для узора только на лицевой части, не нужные в данный момент для выявления деталей узора, не захватываются утковой нитью, а свисают с изнанки”³. Ертеден-ақ қазақтардың үнемі Самарқанд, Бұқара, Хиуа, Мерв, Ферғана алқаптарына керуендерімен барып, өздерінің бір қора қойы мен бір табын жылқысын олардың жібектен, мақтадан жасалған бұйымдарына алмастырғанын еске түсіретін болсақ, бұл оюдың қазақ өнеріне сауда-саттық, қатынас жолымен келгендігі анық.



КАЖАРЫ ОЮЫ



¹ Муканов М.С. Казахская юрта, Алма-Ата. 1981, стр. 185

² Фахретдинова Д.А. Декоративно-прикладное искусство Узбекистана. Ташкент, 1972.

³ Мошкова В.Г. Ковры народов Средней Азии. Ташкент, 1970, стр.49

2. Табиғат, соның ішінде: дала табиғаты, табиғат сыры, жәндіктері мен аң, құстары т.б. “Мәселен қазақтың сахарасында, табиғаттың құстары да, аңдары да дархан, қаннен-қаперсіз, еркіншілікте күн кешеді. Кең арналы өзеннің не әлде айдынды шалқар көлдің жайымен ағып жатқан мөлдір суында мамырлап жүзген үйрек пен аққу, қаздар қаңқылдап, жарастықты татулықпен қиқу салып, у-шу болып жатады. Аспан төріндегі ауаның жасыл толқынына еркін шомылып, жеп-жеңіл шағала жүреді қалықтап. Қанатын рақаттана дір-дір қағып даланың бозторғайы шырқау биікте сайрап тұрады. Ұшы-қиыры жоқ теңіздей шексіз даласы жасыл дастархандай болып жайылады”¹. Міне осылардың барлығы — осынау елде тіршілік етіп, ғұмыр кешкен халықтың ою-өрнек өнеріне де өзек болып, оның өмірлік мазмұны мен бағасын байыта түскен. Мұның жарқын айғақтарын қазақ халқының киіз, текемет бұйымдарындағы, әсіресе кілем түрлеріндегі ою-өрнек үлгілерінен көруге болады.



ТАУ ОЮЫ



ГҮЛ ОЮЫ

Мәселен, т а у о ю ы қолөнер бұйымдарының жиектеріне салынады, мәңгіліктің, күш-құдіреттің символы. Қариялардың “таудай бол” деп бата беруі де тектен тек емес. Г ү л о ю л а р ы н ы ң өзінде де халықтың дана ойы жататынын мынадан байқаймыз: гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы — бірлікті, елдің ынтымақты болуын мегзейді.

Компастың, сағаттың қолданылмайтын кезінде қазақтар бағытты, уақытты күннің, айдың, жұлдыздың қозғалысына қарай болжап білген. Жыл мезгілдері, табиғаттан болатын тосын құбылыстарды да алдын-ала дәл шамалаған. “Ай туды”, “Күннің құбылуы”, “Ай тұтылатын күн” деген тіркестер осыдан қалған. Осыншама білімдер, дүние жайлы елестер, дүниенің, жердің т.б. құбылыстардың пайда болуы жайындағы шамалар, болжаулар қазақтың космогониялық өрнектерінде көрініс тапты. Мысалы, халық шеберлерінің айтуы бойынша күннің символы ретінде “дөңгелек”, дүниенің төрт торабы ретінде “төртқұлақ” бейнеленді. Ортасында күннің нұр шашуы, жұлдыз, ай белгілері бейнеленіп,

¹ Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Алматы. 1985, 348-бет.


сырт жағынан жапырақтарымен өрнектелген “шұғыла оюы” — өмір сүрудің қайнар көзі осылар деген ұғымды мегзейді.¹

Ою-өрнектің табиғатқа еліктеуден туғандығына тағы бір мысал, халық жыртқыш аңдардың, басқа да жануар, жәндіктердің ерекше қасиеттерін көрсету үшін, олардың дене мүшелерін күнделікті тұтынатын заттарының сыртына әшекейлеп, өрнек етіп салған. Мәселен, материал жинау кезінде 85 жастағы Сілеуова Үржан әжеймен (Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданы, Ленин кеңшарының тұрғыны) әңгімелескенде, “Бұл күнде салынбай жүр. Қыз күнімізде біз тасбақа тәрізді өрнек салатынбыз” деген сөзінің астарынан тарихи шындықтың сырын аңғаруға болады. Тасбақа ұзақ жасайды, көне заманнан көшпелілер кие тұтқан.

“Тасбақа оюы” — мәңгіліктің символы. Бейіт басындағы сынтастар көбінесе тасбақа бейнесіндегі тасқа қашап орнатылатын. Бұл ою батырдың, ханның киіміне, жауырынына, қалқанына салынатын болған. Онысы мәңгілік өмір мен бақыт тілегені.

Қ а р ғ а т ү я қ — қарғаның тұяғы тәріздес болғандықтан солай аталған. Бұл ою қыс келді деген белгіні білдіреді. Көк, қызыл, қоңыр, кара түстерге еніп, тықыр кілемдерді, алашаларды өрнектегенде тек қана бір элементі қолданылады да, ақ құрға салынғанда барлық элементтері қамтылады.

13. *Халықтың рухани өмірі: ұлттық салт-дәстүрлер, наным-сенімдер т.б.* Мысалы, қазақ халқының ерте кезден бергі *әдет-ғұрпы, салты бойынша*, бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылатын қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберу дәстүрі болған. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт. Осы салт бойынша тұрмысқа шыққан қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған дөп-дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Бұл сәлемдемеде қыздың ата-анасы жат-жұртқа ұзатылған баласының “отырса opak, тұрса сопак” болған мүшкіл халін түсінген. Ал басқа





ТАСБАҚА ОЮЫ



ҚАРҒАТУЯҚ

ретте күйеуге ұзатылған қыздан “күсмұрын” бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою-өрнекті түскііз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, атап өтуді әдет еткен.¹ Демек ою-өрнекті тудырушы көшпелі өмір салты мен сол көшпенділердің дүние танымы. Сондықтан да қазақ халқының ою-өрнектері көшпелі салтпен тікелей байланысты туып қалыптасты.

Сол сияқты *наным-сенімге қатысты* ою-өрнектерге тоқталатын болсақ, байырғы ұғымда өсіп-өнетін табиғат дүниесін кие тұту, тәңірі тұту, олардың жаны бар деп қабылдау сенімі басым болған.

Бұған қоса табиғаттың тылсым құбылыстарын, мәселен найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, қардың, жаңбырдың не себептен болатынын түсінбеген ертедегі қазақ халқы күнді, айды, аспанды т.б. керемет күш деп біліп, сол күштерге сиынған. Имек /  /, дөңгелек /  /, қосу / + /, жұлдыз / * / тәрізді белгілер сол керемет күштерге табынудан қалған.

“Бауырсақ” өрнегі де белгілі бір тұрмыстық нанымнан шыққан. Б а у ы р с а қ - өзі аттас затқа ұқсас ою “ботакөз” деп те аталады. Аталуы екі түрлі болғанымен, бірдей мағынада қолданылады. Әрине, халықтың ұғымында нан қадірлі, тіпті ұсағын жерге түсіруге болмайды, сол сияқты қазақтың ұғымында түйенің жүні киелі саналады, “аяққа басуға болмайды” деп, ертеректе кілең бас киімдер, сыртқы киімдер тоқылатын болған. Қазірде бұл өрнек төселетін емес, тұтылатын бұйымдардың жиегіне салынады. “Бір қолмен нан үзбе”, “нан уағын тастама” деген халықтық қағидалар бар. “Дастарханға түскен нан үгіндісін жинап алып жеп қойсаң бай боласың” деп үйретеді.

Осы жоғарыда саралап көрсетілген факторлар әсерімен қазақ ұлттық ою-өрнектерінің *өзіндік мазмұндық ерекшеліктері қалыптасты*:

¹ Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алматы, 1982, стр.26

¹ Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы, 1977, 45-бет

1. *Мағыналық ерекшеліктері* (символы, халықтың дүниесі танымы, ойы, арман-мүддесі, салт-дәстүрі т.б.). Мысалы:

И т к ү й р ы қ - иттің күйрығы тәрізді ою. Бұл өрнек ауылдарлық белгісі (символы). Кебеже, қоржын бетіне, тақыр кілемге салынады.



ИТ КҮЙРЫҚ



ТҮЙЕТАБАН ✓

Т ү й е т а б а н оюы - алыс сапар нышаны (символы). Көштегі түйе жабуына, жібек жол сауда заманында саудагерлердің шапанына салынған т.б.

Мына бір ою-өрнек элементтерінен халықтың арман мүддесін, дүниетанымын көруге болады: Пазырық қорғанынан табылған Сақ дәуіріндегі кілем үлгісінде Ел, Байлық, Қорғаныс ұғымдары шартты түрде “таңба”, “марал”, “салт атты сарбаз” бейнесі ретінде берілген. Мұндағы символды ұғымның мезгері - елді, ел мұрасын сақта. Сондай-ақ VII-VIII ғасырларда қалыптасқан “қорған өрнекті кілем” үлгісінде “қала”, “өзен”, “күмбез”, “су”, “қорған” бейнеленген. Бұл кілемдегі шартты түсініктің түспалы “кіндік кесті мекенінді айла-тәсіліңмен қорғай біл”.

“Ертедегі әдет-ғұрып салтымыздың бірі — жас жігіт өзі ұнатқан бойжеткенге сыңар білезік сыйға тартатын. Егер қыз жігітті ұнатса, бұл сыйлықты жүрекке жақын көріп, сол қолына салады. Бірақ күнде емес, тойда, айтта, жиынды жерде “басы бос еместігін” білдіру мақсатымен салатын. Жігіттерді таласқа салмаудың бір жолы осы. Аталған білезіктің шынжыры мен тіркелген екі жүзігінің біріне — күндей ашық, қуанышты жүрсін деп - “күннің”, екіншісіне - күстай ерікті, бақытты бол деген тілекпен “күсмұрын” белгісі бейнеленеді.

2. *Бояу түстеріне байланысты ерекшеліктері. Мәселен, ою-өрнектерде бояу түсі мен мәнерінің тепе-теңдік принципінің берік сақталып келуі.*

Бұл әсіресе қазақ кілем бұйымдарында мол байқалады. Ондағы сан алуан көріністер қоғам өмірі мен адам қызметінің ауқымдылығын, шексіздігін, белгілі бір мақсат көздейтінін баяндайды. Мұның бір жағынан эмоциялық әсерлілігі, эстетикалық-тәрбиелік мәні аз емес.

Қазақтың ою-өрнек өнеріндегі бояу композициясының тереңдігі, көркемдігі мен оның белгілі бір идея әуенінен туындайтындығы — бұл өнердің эстетикалық әсерлілігін байыта түседі. Бояу түсінің құнарлығы, қайталануы, назар аударарлығы көп жағдайда қазақ

өң-күйімен бір сарындас болып келеді. Сайып келгенде бояу үндестігі, бояу шешімі ою-өрнек өнерінде адамға идеялық және эмоциялық жағынан мықты әсер ететін негізгі арқау болып табылады.

Әр халықтың өнерінде бояу түсі әр қалай бағаланатыны өнер тарихында ертеден мәлім. Мәселен бұған өнер саласында араб халқының сары немесе көк бояу түсін қолданатынын, ал қазақ халқының ақ бояу түсін жақсы көретінін айтсақ та жеткілікті”¹.

Қазақ ою-өрнек өнерінде ақ бояу түсінің көбірек қолданылуы жәйден-жәй емес, белгілі бір заңдылықтан, объективті шындықтан туған. “Ақ” түс — шындық, қуаныш, бақыттың нышаны. Қазақ халқының тұтыну құралы мен тағам/түрлерінде ақ мол кездеседі. Мәселен, сүт түсі ақ, ағарған деп аталады. Қазақ түрлі ауру-сырқау, бөле-жаланың бәрі де ақпен тазарады деп ұғынады. Адам өмірінің ұзақ болуы, елдің амандығы, халық тыныштығы, тағы басқа игі-тілектері ақ ұғымымен тікелей байланысты болған. Оның ішінде қазақ сөздерінде жиі қолданылатын ананың ақ сүті, көңілің ағарсын, ақ дидар, ақ жарқын, ақ отау, ақ қайың, ақ селеу тіркестерінің белгілі бір мақсаттан, қажеттіліктен туғаны аян. Немесе ертеде қазақтардың басты адамын ақ киізге орап хан көтеру, тіпті құрбандыққа шалынатын малдың да ақ нар болғаны дұрыс деп түсінуі белгілі бір нанымнан, ақ ұғымын қасиеттеуден екені мәлім. “Ақ түйенің қарны жарылды” деген қанатты сөз де үлкен мерекелерде айтылады. Сондай-ақ қазақта күйрығында ақ қылы бар жылқылар құтты саналып, сатылмайды, ешкімге берілмейді, себебі сол малмен бірге құт береке кетеді деп түсінген.

Сол сияқты қазақтардың ұғымында басқа бояу түстерінің де орны айрықша. Мысалы, “көк” — аспанның, аспанға табынудың, “қызыл” — оттың, “сары” — айрылысудың, “қара” — жердің, “жасыл” — көктемнің, жастықтың символы. Бұдан түр-түстің ою-өрнек өнерінде күрделі рөл атқаратынын, ондағы ой мен идеяны бейнелеу арқылы болмыс пен шындықты көрсетуде өзіндік шешім табатынын байқаймыз. Мәселен, қызыл, көк, жасыл түсті “гүл оюы” өрнегі аққұрға салынып жиі қолданылады. Мұнысы “аспанымыз ашық, күніміз жарық, еліміз бақытты болсын” деген халықтың арман-тілегі.

¹ Нурланова Қ. Қазақ ою-өрнегі. “Мәдениет және тұрмыс”. 1972, N 3, 24-25 беттер

3. *Құрылымдық жүйесінің ерекшеліктері. Онда өрнек мәнерінің орналасу принципі тұрақты келеді, құрылым жүйесі қатаң сақталады.* Бір өрнектің екінші өрнекпен жөнсіз шатасуы, немесе композициялық құрылысының ала-құла болуы жокқа тән.


Мәселен, кілем, түскиіз, киіз, сырмақ, текемет бұйымдарында міндетті түрде “табақ” өрнегі (орта ою) — бұйымның ортасына безендіріледі, шет ою — бұйымның шетін жағалай жиектеріне салынады, қолтықша — орта ою мен шет оюдың арасындағы үшкіл (үш бұрышты зат) сияқты орынға орналасады. Халық өнеріндегі осындай тұрақтылық пен жүйеліліктің болуы ою-өрнек идеясының мазмұндылығын арттыра түседі, нақтылық пен үшқырлықты, айқындық пен өміршеңдікті әсерлендіре көрсетеді. Өйткені өрнектердің орналасу жүйесін берік сақтау әдісінің өзі — халықтың өмірлік орта мен дүние кеңістігін кеңінен қамтып көрсету мақсатынан туған. Бұл ерекшелік қазақ халқының көшпенді өмір тіршілігінің ықпалынан деуге де болады.

4. *Басқа халықтардың өрнектерімен байланысты ерекшеліктері:*

Ұқсастығы: Ою-өрнек формасы, тоқылуы, қолданылуы, атауының да бірдей болып келуі. Мәселен:

Түмар ою — карақалпақ, өзбек, түрікмен, тәжік ою-өрнектерінде де кездеседі. Қазақ тілінде “түмар”, карақалпақ тілінде “тумар”, тәжік, түрікмен, өзбек тілінде “тумор” деп аталады. Н.А.Белинская,¹ А.С.Морозова,² М.С.Мұқанов³ және т.б. зерттеушілер “түмар оюы” магиялық ұғымда әр түрлі бұйымдарға салынып, осы күнге дейін сақталып келгенін айтады. Жалпы, мұндай ұқсастықтар ежелден-ақ қазақ халқының көрші елдермен рухани алмастығының, достық қарым-қатынастарының мықтылығын дәлелдейді.

Өзгешелігі: Кейбір құрылысы (түрі) бірдей ою-өрнектердің бұйымдарда қолданылуы мен атауының басқаша болып келуі. Мысалы, қазақ халқының бау-құрларында кездесетін “алты жіп мүйіз” оюы тәжік халқының тілінде “балдақ” деп аталып, тақияға



ТУМАРША

¹ Белинская Н.А. Декоративное искусство горного Таджикистана. Душанбе, 1965, стр.21, 53

² Морозова А.С. Локальные черты в народном декоративном искусстве Узбекистана. М., 1964, стр.6

³ Мұқанов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата, 1979, стр.24

өрнектеледі, “төртмүйіз” оюы түрікмен, тәжік халықтарының тілінде “шаян” (скорпиончик) мағынасында қолданылады, “аштархан теру” оюының ортасындағы өрнекті тәжік тілінде “точдар сар” (увенчаный короной) деп атайды. “Ақ отау” оюын карақалпақ өнерінде “қара үй” деп атайды. Бұл жөнінде Ө.Жәнібеков те былай дейді: “Кейбір қазақ оюлары көршілес халықтар ою-өрнектерімен өте ұқсас келеді, тек олардың атаулары өзгеше. Мысалы: “қыңыр мүйіз” оюы ферғаналық қырғыздарда “туямоюн”, “ирек” — “тай-түяқ”, “омыртқа”, өзбектерде “юлдуз”, “төртқұлақ” — “мүйіз нұсқа”¹ деп аталады.

5. *Өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктері.* Сәндік қолданбалы өнердің әр саласына қатысты әдістерінің алуан түрлілігі:

- киіз басуда (түр салу, ойыстыру т.б.);
- сырмақ сыруда (ою, кию, бастырмалату, сыру т.б.);
- кілем тоқуда (шалу, ілу, тегістеу т.б.);
- зергерлік өнерінде (сіркелеу, зерлеу, бедерлеу т.б.);
- ағаш ұқсатуда (сызу, қашау т.б.).

Әрине, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің ерекшеліктері осымен шектелмейді. Оның мазмұндық ерекшеліктерін зерттей түсуде оны бір топтамаға келтіру қажет.

Бүгінгі таңда қазақ ұлттық ою-өрнектері бойынша бірнеше классификациялар бар. Олар мотивтеріне қарай (Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Қ.Мұқанов, Т.Басенов, М.Мұқанов т.б.) атауларының мағынасына қарай (С.Қасиманов, М.Өмірбекова), балалардың қабылдау әсеріне орай (Т.Левченко) топтас-тырылған.

1. *Мотивтеріне қарай:*

- зооморфтық, өсімдіктер тектес, геометриялық, космогониялық ою-өрнектер (Марғұлан Ә., Жәнібеков Ө., Мұқанов Қ. т.б.);
- геометриялық, зооморфтық (фантастикалық және үй жануарларының бейнелері), өсімдіктер тектес (элементтердің саны көп, құрылысы күрделірек ою-өрнектер), магиялық (талисмандар, аспан белгілері т.б.) ою-өрнектер (Бәсенов Т.К.);
- зооморфтық, өсімдіктер тектес, геометриялық және күнделікті өмірдегі заттардың, аспан әлемі мен табиғат құбылыстарының стильдік қалыпқа түскен бейнелері (Мұқанов М.С.);
- геометриялық, зооморфтық (жан-жануарлардың табиғи және

¹ Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, 1982, стр.29

Фантастикалық бейнелері) көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер (аспанның, жердің символы) (Қазақ совет энциклопедиясы);

- “ою-өрнек басты белгілеріне байланысты ою-өрнекті лента, гүлді өрнек (шеңбер түбіндегі өрнектер) және торлы ою-өрнек (заттың үстіңгі бетіне тұтас салынады) болып үш түрге бөлінеді. Бейнелеу белгілеріне қарай ою-өрнек көгеріс өрнек, геометриялық өрнек, ұласымды өрнек, зооморфтық, қиял-ғажайып өрнек деп те аталады” (Әбдуәлиева Ш.).

Айтылып өткен топтамаларда зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық ою-өрнектер тобы талассыз бәрінде де дәлме-дәл қайталанып отырады. Ал 4-топтың атауына байланысты әр түрлі пікірлер бар. Мәселен, Т. Бәсенов бұл топты магиялық ою-өрнектер деп атап көрсетіп, оның құрамына аспан белгілері енеді деп түсіндірсе, қазақ совет энциклопедиясында бұл топ “қиял-ғажайып өрнектер” деп беріледі. Біздіңше аталған екі атауда да дәлсіздік байқалады. Өйткені, қазақ ою-өрнектерінің шығу, даму тарихы өте ерте дәуірден басталатындықтан сол кезеңдегі халықтың дүние танымына сәйкес магиялық, фантастикалық ұғымдар, геометриялық та (тұмар, су т.б.), өсімдіктер тектес те (гүл ою т.б.) зооморфтық та (төрт түлік малдың пірлеріне байланысты) ою-өрнектер бойынан табылады. Сондықтан 4-топты космогониялық ою-өрнектер деп топтастырғанымыз орынды.

Сол сияқты М. Мұқановтың “Зооморфтық, өсімдіктер тектес, геометриялық және күнделікті өмірдегі заттардың аспан әлемі мен табиғат құбылыстарының стильдік қалыпқа түскен бейнелері” делінген классификациясынан күнделікті өмірдегі заттардың сыртқы бейнесін беретін ою-өрнектерді өз алдына бөлек топқа енгізіп отырғаны анық көрінеді. Егер бұлай топтастыратын болсақ, геометриялық ою-өрнектер тобын алып тастағанымыз жөн. Себебі геометриялық өрнектерде күнделікті өмірдегі заттардың бейнесі беріледі. Мәселен, “тұмар” — үшбұрыш, “жаулық” — квадрат, “орақ” — имек, “шынжыр” — ирек т.б.

Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген Ш. Әбдуәлиеваның классификациясы белгілі бір дәрежеде пікірталас тудырады. Автор ою-өрнекті мағынасына қарай жіктеуді мақсат тұта отырып “ою-өрнек басты белгілеріне байланысты ою-өрнекті лента, гүлді өрнектер (шеңбер түбіндегі өрнектер) және торлы ою-өрнек (заттың үстіңгі бетіне тұтас салынады) болып үш түрге бөлінеді” дейді. Біріншіден, бұл мағынасына қарай жіктеу емес. Екіншіден, басты белгілеріне байланысты болған жағдайда оның көрсеткішін атамауы біз үшін

¹ Әбдуәлиева Ш. Халық колөнері. V-VI кластарда еңбекке баулу пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. А., 1991. 15,41-беттер

түсініксіз. Өйткені ою-өрнектің құрылысы (композиция) жайында жазылған кейбір еңбектерде: “гүлді өрнек (розетки), торлы өрнек (сетчатые орнаменты), ою-өрнекті лента (орнаментированные лента) — оның негізгі категориялары” деп көрсетіледі.¹ Сондықтан біз терминдер мен топтау тәртібінің нақтылығы ғылым үшін маңызды екенін ескере отырып, бұл топтауды ою-өрнектің құрылысына қарай не құрылысының басты белгілеріне қатысты десек қателеспейміз. Біздің осы айтқан ойымызды тағы бір еңбектерде кездесетін “По характеру композиции, обусловленной формой декорируемого предмета орнамент может быть ленточным, центрическим, окаймляющим, герольдическим, заполняющим поверхность или же сочетанием некоторые из этих типов более сложных комбинациях”² деген пікірлер дәлелдей түседі.

Ш. Әбдуәлиеваның “Бейнелеу белгілеріне қарай ою-өрнек көгеріс өрнек, геометриялық өрнек, зооморфтық, ұласымды өрнек, қиял-ғажайып өрнек деп те аталады” делінген екінші классификациясымен де келісуге болмайды. Бұл топтау да автордың мағынасына қарай жіктеу мақсатына сәйкес келмейді, өйткені біздің ойымызша геометриялық зооморфтық, көкөніс, қиял-ғажайып өрнектер нені бейнелейтініне қарай аталса, ұласымды өрнек қалай бейнеленуіне қатысты аталады. Мәселен, көкөніс, зооморфтық, геометриялық өрнектер де ұласымды өрнек болып бейнеленуі (бау, құрларда, архитектуралық құрылыстарда т.б.) мүмкін.

Мұндай кемшіліктердің кездесуі — ою-өрнек өнерінің жете зерттелмеуінен және оның күрделілігінен болса керек. Себебі әрбір ою-өрнекке жеке талдау беру барысында кейбірінің қай топқа жататынын нақты айту қиынға соғады. Мысалы, “дөңгелек” өрнегі, атауы мен формасына қарай геометриялық фигура, ал кейде күн белгісін бейнелейтін өрнектер ретінде космогониялық ою-өрнектер құрамында қарастырамыз. Сондықтан кейде ою-өрнектер контексте, итін бейнесі мен атауына қоса қай бұйымға, қайда, қалай орналасуына және қасындағы өрнектердің мағынасы мен мазмұнына қатысты да анықталады.

2. Балалардың қабылдау әсеріне орай. Т. Левченко жоғарыда көрсетілген О. Марғұланның классификациясын негізге ала отырып, ондағы ою-өрнек түрлерінің 4 тобын мектеп жасына дейінгі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес іштей топшаларға бөледі³:

- космогониялық ою-өрнектер: а) космос денелері, ә) жер көрінісінің

¹ Барышников А.П., Лямин И.В. Основы композиции. М., 1951, стр.51.

² Шубников А.В. Симметрия//Законы симметрии и их применение в прикладном искусстве. Л., 1940, стр.183

³ Левченко Т.А. Научно-практические основы использования казахского народного декоративно-прикладного искусства в эстетическом воспитании детей старшего дошкольного возраста (на материале русскоязычных детских садов.) Автореф. Дисс. ...канд.пед.наук. Алматы, 1996, стр.17

элементтері, б) табиғат құбылыстары;

- геометриялық ою-өрнектер: а) сызық түрлері, ә) геометриялық фигуралар;

- зооморфтық ою-өрнектер: а) құс, жәндіктердің символдық бейнесі, ә) жабайы және үй жануарларының символдық бейнесі;

- өсімдік тектес ою-өрнектер: белгілі бір стильге түскен а) жапырақтар, ә) гүлдер, б) дәндер мен жемістер.

Классификацияның ерекшелігі — мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ ою-өрнектерін жеңіл қабылдауына көмектеседі.

Біздің зерттеуіміз үшін қазақ ою-өрнектері атауларының мәні зор. Өйткені әрбір атау ою-өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды ашуға көмектеседі. Мәселен “орамал балдақ” өнеріндегі “орамал” — әйелдер басына тартатын жаулық, “балдақ” — шымылдың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі, яғни, орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық түту, жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген. “Орамал балдақ” өрнегінің жан-жағына “тұмар”, “гүл ою”, “су” оюлары салынып, аққұрға қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы туған жердің гүліндей жайнап, сарқылдап тоқтамай аққан судай мәңгілік халқыңа қызмет ет деген халықтың жаңа түскен келінге айтатын арман-тілегі.

3. Аталу мағынасына қарай:

Бұл түрғыда С.Қасимановтың классификациясын атауға болады. Ол қазақ халқының ою-өрнек атауларын мағынасына қарай 8-топқа бөліп қарастырады¹:

1. Ай, күн, жұлдыздарға — көк әлеміне байланысты өрнектер.
2. Малға, малдың денесіне, ізіне байланыстылары.
3. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
4. Құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер.
5. Құстарға байланысты өрнектер.
6. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.
7. Қару-құралдарға байланысты өрнектер.
8. Геометриялық фигуралар тектес өрнектер.

Мұндай топтауды М.Өмірбекованың еңбегінен де кездестіруге болады. Ол қазақ халқының ою-өрнектерін лексика-семантикалық топтарына қарай былайша бөледі²:

¹ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. А., 1969, 1995, 15-бет

² Өмірбекова М.Ш. Ою-өрнектің қолданылуы. А., 1995, 3-бет

1. Ай, күн, жұлдыздарға, көк әлеміне байланысты ою-өрнектер атауы.

2. Малға, малдың дене мүшесіне байланысты ою-өрнек атауы.

3. Аңға байланысты ою-өрнек атауы.

4. Құрт-құмырсқаға байланысты ою-өрнек атауы.

5. Құстарға байланысты ою-өрнек атауы.

6. Жер, су, өсімдік бейнелі ою-өрнек атауы.

7. Қару-құралдарға байланысты ою-өрнек атауы.

8. Геометриялық фигура тектес ою-өрнек атауы.

Бұл топтау С.Қасимановтың топтамасымен бірдей, айырмашылығы топтау мақсатының басқаша жазылуында ғана. Мәселен, С.Қасиманов “жалпы өрнек атауларын мағынасына қарай мынадай топтарға жіктеуге болар еді”¹ деп берсе, М.Өмірбекова “лексика-семантикалық топтарына қарай”² олардың жоғарыдағыдай бөлінетінін көрсетеді. “Лексика — белгілі бір салаға қатысты тілдің сөздік құрамын”³ білдіреді. Сөздік құрамға тілдің күллі сөз байлығы енеді. Оның ең басты және тұрақты бөлшегі - негізгі сөздік қор. Ол тілдегі түбірлік сөздердің бәрін, оның ішінде терминдерді де қамтиды⁴. Семантика — мағына.⁵ Олай болса, ою-өрнекті лексика-семантикалық топтарына қарай топтастыру дегеніміз ою-өрнек атауларын мағынасына қарай топтастыру болып шығады.

Сонымен жоғарыда көрсетілген классификацияларда қазақ ою-өрнектерінің өзіндік ерекшеліктеріне түсінік беріледі. Әйткенменде бұл классификациялар көптеген қазақ ою-өрнектерін аталу мағынасына қарай қамти алмайды. Мәселен классификациялардағы топтарға тоқылу әдісіне қарай (“өткізбе”, “қакпа”, “терме”), ең таңбаларға байланысты (“солак”), зат бұйымға орналасуына қатысты (“қолтықша”, “шет”) т.с.с. аталған ою-өрнектерді енгізу мүмкін емес.

Осының бәрі бізге қазақ ұлттық ою-өрнектерінің педагогикалық классификациясын жасауға ықпал етті. Оның негізгі критерийлері болып қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері және оқушылардың жас ерекшеліктері саналды. Классификация үлкен екі топтан тұрады (кесте 1).

1-топ: Бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер. Бұл топқа өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес аталған ою-өрнектер жатады. Мысалы, қошқармүйіз, тұмар, сырға, пәтніс гүл т.б. Бұл топтың өзін ішпей, төмендегіше жіктейміз:

¹ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969, 1995, 15-бет

² Өмірбекова М.Ш. Ою-өрнектің қолданылуы. Алматы, 1995, 25-бет

³ Ожегов И.С. Словарь русского языка. М., изд. Русский язык, 1989, стр. 323

⁴ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, Санат, 1993, 147-бет

⁵ Ожегов И.С. Словарь русского языка. М., изд. Русский язык, 1989, стр. 709

Классификациясы	Ою-өрнек түрлері	Атаулары	Функциялары		Әдістері
			білім берелі	тәрбиелейді	
I топ — бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер	1. Жан-жануар, аң, құс тектес. 2. Аспан әлеміне байланысты. 3. Өсімдік, жер, су бейнелі. 4. Тұрмыстық заттарға қатысты. 5. Аралас.	"Тышқаніз", "Түйетабан" т.б., "Шыққан күн", "айшық" т.б., "Сегіз жапырақ", "Арпабас" т.б., "Тап-рак", "сырга" т.б., "Қанатты ою" т.б.	- халықтың тыныс-тіршілігінен; - дүние танымынан; - табиғатқа, өмірдегі мәдениетті ұғымдарға көзқарасынан; - салт-дәстүрінен т.б. - қазақ халқының колонері; - география; - тарих; - бейнелеу өнері; - адамгершілік қатынастарынан білімін кеңейтеді.	- абстрахтылы, образды ойлауын; - эмоционалды; - интеллектуалды сапасын; - танымдық көзқарасын т.б.	Көрсету, түсіндіру, өңсімелеу, салыстыру, иландыру, үлгі-өнеге түту, үйрету, жасатып көрсету, қолдау, мақтат маралаттау, реніш білдіру т.б.
II топ — бейнесінің ұқсастығына байланысты емес аталған ою-өрнектер	1. Жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты; 2. Территория, ұлт, ру атымен байланысты; 3. Ру, ен таңбаларға қатысты; 4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты; 5. Салыну жағдайына байланысты	"Шалма", "Терме", "Бастырма" т.б. "Бұқар теру", "Аштархан", "Адай шет" т.б. "Солақ" т.б. "Шет ою", "орта ою" т.б. "Ағаш сандықтан алынған ою"	- өнер адамдарына; - ата-салт тарихына; - мәдениетіне құрметін; - адамгершілік қатынастарына; - еңбекке бейімділігін т.б. қалыптастырады.	- еңбек ету қабілеттерін дамытады; - ою-өрнек түрлерін практика жүзінде өз бетінше; дербес дамыта қолдануға көмектеседі.	

Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің педагогикалық классификациясы және функциялары Кесте - 1.

1. Жан-жануар, аң, құс тектес,
2. Аспан әлеміне байланысты,
3. Өсімдік, жер, су бейнелі,
4. Тұрмыстық заттарға қатысты,
5. Аралас (ою-өрнектер үнемі қозғалыста, даму үстінде болуы себепті кейбір өрнек элементтері бір-бірімен қосылып кетіп өзінше бір өрнек жасайды. Әрине мұндай өрнектерді 1-топқа жатқызу үшін оның қадидасына бағыну қажет) ою-өрнектер.

2-топ: Бейнесінің ұқсастығына байланысты емес аталған ою-өрнектер. Бұл топқа өнерде бейнеленген зат, құбылыс түрі табиғи атына сәйкес емес, әр түрлі себептерге байланысты аталған ою-өрнектер жатады. Мысалы, терме, шалма, туырлыққас, бұқар теру, теңдеме ою, сыңар ою, жүздеме ою, бастырма т.б. Бұл топтың өзінде іштей:

1. Жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты,
2. Территория, ұлт, ру атымен байланысты,
3. Ру, ен таңбаларына қатысты,
4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты,
5. Салыну жағдайына қатысты ою-өрнектер деп бөлуге болады.

Біздің ою-өрнектерді бұлай топтастырудағы себебіміз, біріншіден (1-топ), ою-өрнектерді бала ес білгеннен бастап салыстырмалы тұрғыда тез қабылдайды. Олардың атауларының мәні, мазмұнын терең меңгеру негізінде ертедегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, дүниетанымымен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен, табиғат сырларымен танысады. Халықтың тапқырлығына, даналығына, білімдарлығына эстетикалық талғамының жоғары екендігіне көздерін жеткізеді. Нәтижесінде дүние, өмір, қоғам, төл мәдениеті жөніндегі түсініктері ұлғаяды, ақыл-ойы, танымдық қабілеті, эстетикалық түйсіктері, адамгершілік қасиеттері, еңбекке деген қатынасы артады. Туған жеріне, табиғатқа халық өнеріне аялы көзқарастары қалыптасады. Мәселен, құс таңдай өрнегі 1-топтың жан-жануар, аң-құс тектес ою-өрнектер түріне жатады. Себебі, бұл өрнек құстың таңдайы тәріздес, яғни ұқсастығына қарай аталған. Шешендер мен ақын-жыршылардың шапанына тілің құстың сайрауындай ашық та құлаққа жағымды, көңіліңді сергітіп жан жұбатарлық болсын деген тілекпен безендіріледі.

Қанатты ою — ғасырымыздың басында пайда болған өрнектердің бірі, бас жағы қошқардың мүйізі сияқты екі шеті ұшақтың екі қанаты тәрізді ою. "Қошқармүйіз" (жан-жануар, аң,

құс тектес) оюы мен “ұшақтың” қанаты (күнделікті өмірдегі заттарға қатысты) бейнесінің элементтерінің қосындысынан жасалғандықтан осы топтағы аралас ою-өрнектер түріне жатады, көк түске қызыл мақпалдан ойып түскиізге, сырмаққа салынады. Көк — аспанның, ұшақ — биіктіктің, жүйріктіктің, қошқармүйіз — байлықтың, молшылықтың символы. Мұнысы елімізде молшылық, мерейіміз биік, үстем, көңіліміз жүйрік болсын деген халықтың игі арманы.

Екіншіден (2-топ) ою-өрнектер балаларға есейген шақтарында да үйретіле береді. Өйткені жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне, затқа бұйымға орналасуына қатысты аталған ою-өрнектерді олар өз қолдарымен жасап көргенде ғана аталу себептеріне түсіне алады. Территория, ұлт, ру атына, ру, ен таңбаларға байланысты аталған өрнектерді балалар тарихи-географиялық білімдерді жеткілікті дәрежеде меңгерген кездерінде терең ұғына алады. Бұл топтағы ою-өрнектер атауларының мәнін, мазмұнын меңгеру барысында балалар өрнектеу әдістерінің түрлерімен, олардың жасалу жолдарымен, соған байланысты ерекшеліктерімен танысады. Және оларды өздері жасай білуге үйренеді. Нәтижесінде олардың тарихи, география, мәдениет саласынан білімдері толысады. Шеберлігі шындалып, ісмерлігі артады, эстетикалық талғамы ерекшеленеді. Адамгершілік қатынастары күшейіп, ақыл-ойы дами түседі. Төл мәдениетіне деген қызығушылығы артады.

Мәселен осы топтағы қ а қ п а өрнегі тоқылу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты ою-өрнектер түріне жатады. Қақпа — ақ, кара, қызыл, көк түсті жолақ болып керілген желі жіптерге тек қана шатыс түсірілу арқылы арқау өткізіліп, қылышпен қағып тоқылады. Теріп өрнек шығармайтын болғандықтан тергіш қатыспайды. Қақпа әдісі арқылы алаша, төсеніштер тоқылады. Мұндай өрнек те әдіс атымен қақпа делінеді. Немесе “қолтықша” 2-топтың орналасуына байланысты аталған ою-өрнектер тобына жатады. Қ о л т ы қ ш а — бұйымның орта гүлі мен шет гүлінің арасындағы үшкіл (үш бұрышты зат) сияқты орынға орналасатындықтан солай аталған.

Сонымен *ою-өрнектерді сұрыптау, топтастыру, атауларын анықтау* — оның қай ғана сурет емес екендігін, көзбен танып, көңілге тоқыса атауының өзінде де аса үлкен *тәлім-тәрбие жатқанын* тағы бір рет дәлелдейді.

Қорыта айтқанда қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолдары мен өзіндік ерекшеліктеріне мазмұнды сипаттама беру оның өн бойына шоғырланған халықтың дүниетанымын, болмысқа деген

эстетикалық көзқарасын, түйсік-талғамын саралап көрсетуге ықпал етті. Алайда, ою-өрнек өнерінде дәуір талабы, заман тынысы, қоғам тіршілігі, табиғат заңдылығы, адам әрекеті бар бояуымен, бар мөнерімен анық бейнеленгенін ұғынып қоюмен ғана шектелуге болмайды, керісінше оның жас ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде қалай әсер еткенін, қандай әдіс-тәсілдер, амал-жолдар арқылы жүзеге асырылғанын, бір сөзбен айтқанда оның тәрбиелік мүмкіндіктерін біздің ұсынған педагогикалық классификациямыз негізінде жан-жақты зерттеп, баяндаған жөн.

1.3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері

Қазақ халқының қолөнерінің арнасы өте кең, түрі сан алуан. Бұған мысал ретінде Қазақстанда Қазан төңкерісіне дейін металл өңдеу, сүйек пен мүйіз ұқсату, тері ұқсату мен етікшілік, тас өңдеу, ағаш ұқсату, тоқымашылық т.б. сияқты салаларының дамып жетілгенін атап кетуге жеткілікті.

Осы өнер түрлерінің қай-қайсысына болмасын, яғни қазақ халқын айнала қоршаған бұйым, зат, құбылыстардың кез-келгенінің де жасалу болмысына ою-өрнек өнері қатысып, оларды әсем де сәнді көрсетіп, мазмұнды да әсерлі етіп отырған. Осылайша оюмен ғана ойы толық, мазмұны анық көрінетін қолөнері — қазақ халқының байырғы кәсіпшілігі болғаны белгілі. Олар осы кәсіпшіліктің арқасында өздерінің материалдық, рухани қажеттерін өтеп қана қоймай, дер кезінде балаларына оның қыр-сырын түсіндіріп, жасалу жолдарын көрсетіп отырған. Және:

Бармақтарың майысып,

Түрлі ою ойысып

Үста болар ма екенсің?! - деп сәбилерінің болашағынан үлкен үміт күткен.

Сондай-ақ А.Левшин қазақтардың тәрбиелеу дәстүрін сипаттағанда “Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй ішіндегі өнердің бөріне үйретеді”¹ дейді. Енді бұған қоса қолөнер кәсібіне балаларды әкелері, ауылдың тәжірибелі, салықалы қарттары, өнер иелерінің шеберлері де баулып отырғанын айтып өту аса қажет. Олар ер балаларға — *ұсталық, етікшілік, зергерлік, үйшілік, т.б. өнерін*, қыздарға *кілем, алаша, ши, кесте, бау, күр тоқу, киіз, текемет басу, сырмақ сыру, киім тігу т.б. түрлерін*

¹ Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Құрастырған Қалиев С., Арабаев К., Базиллов Ж. Алматы, 1992, 21-бет

меңгертуге тырысты. Соның негізінде балаларын жастайынан еңбек етуге, үнемділікке үйретіп, өсемдікке баулыды; олардың бойына адамгершіліктің тұғырын қалау мен денесін шынықтыруды; ақыл-ойын өсіруді, өз бетінше өмір сүру мен кәсібилікке даярлауды мақсат етті. Осы ниетпен олар өз тәжірибелері негізінде ақыл-кеңес беру, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, көңілге тоқыту, жаттықтыру, салыстыру, иландыру, сендіру, қолдау, мақтап-марапаттау, әңгімелеу т.б. әдістерін пайдаланды. Және әдіс-тәсілдерді қолдану барысында да балалардың жас ерекшеліктерін ескерді, мәселен, тоқыма өнерінде жіп сабақтау, жүн түту, құрақ кию, құрау, кесте тоқу сияқты жеңіл, оңай қимылдарынан бастап киіз басу, кілем тоқу, алаша тоқудың қиын, күрделі жолдарына қарай бірізділікпен меңгертілді. Сондай-ақ ою-өрнек өнерін қыздарға үйрету жағдайында алғашында ою-өрнек үлгілерінің пішіні жеңіл, жіп сандары аз, кішірек бұйымға салынатын түрлері (*тау, су, гүл, күн, айшық, балдақ, алты жіп мүйіз* т.б. оюлар) көрсетілді. Жасалу тәсілдері бойынша үлгілер кию, құрау, тігу жұмыстары игерілді.

Осылайша ою-өрнек үлгілерінің оңай түрлеріне, жеңіл жұмыстарына көздері қанығып, іштей танып, қолдары үйреніп, өздері жасай алатын икемділікке жеткен шағында олар көп еңбек сіңіруді қажет ететін, топтасып жасайтын, киіз, текемет басу, кілем тоқу өнерлеріне араласа бастайды. Одан әрі қолөнерінің жекеше атқарылатын күрделі түрлеріне (алаша, бау, құрлар т.б.) термелеп, сынарлап, теңдеп, жүздемелеп сан қилы ою-өрнектерді түсіре алатын халге жетеді. Осылардың бәрін игеріп, жоғарыда айтқан көпшіліктің көмегімен бітетін бұйымдарға басшылық ете алатын, сол бұйымға ою үлгісін жасап бере алатын жағдайға жеткенде “оюшы”, “ісмер”, “шебер”, “өнерлі”, “бармағынан бал тамған”, “өнері асқан шебер” атанады.

Сол себепті қазақ халқы өнер адамдарын кейінгіге үлгі-өнеге етіп, мұндай жетістікке адам тек ою-өрнек өнерінің құпиясын, қыр-сырын меңгергенде ғана жететінін санаға сіңіріп отырған. Өйткені, мысал ретінде киіз басудың жүн түту, жүн сабау, су құю, білектеу, тебу т.с.с. жұмыстарын кез келген жас-көрі, бір-екі көргеннен-ақ атқара алуы мүмкін. Ал киіздің ою үлгісін аса өнерлі адам ғана бастырмалатып шығады. Сырмақ сыруда да солай, ою пішімін белгілі бір “оюшы” жасап береді. Кілем тоқу өнерінде де шалу, ілу, кию, тоқпақтау, тегістеу, үлгіге қарап отырып кілемнің керілген желі жіптерін санап өрнек шығару әдістерін көпшілік атқара алғанымен кілемге салынатын үлгіні “асқан шебер” адам

дандыра берді. Демек қазақ халқының қолөнер шебері ою-өрнек өнерінде нағыз сынға түседі, яғни қолөнер шеберінің таразысы — ою-өрнек өнері. Сондықтан да қазақтардың қолөнер саласын жетік меңгерген, эстетикалық талғамы жоғары, ісмерлігі озған адамды “өнеріне қарай — өрнегі” деп сүйсіне бағалауы тегін емес.

Осы орайда айта кететін бір жәйт ою-өрнек өнерін кейінгіге үйретуде халық **математикалық тәсілдерді** де пайдаланды. Олай дейтініміз кілем, алаша, бау, құр тоқу процесінде олардың көлеміне қарай жіп сандарын керуі, өрнектеріне орай жіптерді санап топтастыру, жіп сандарын есептеп өрнек шығару, басқа бұйым заттарға да өрнек түсіруде оюдың формасын, пішімін бұзбай салуы, оюлардың үндесуі бәрі есептелініп отырады. Осылайша өнерге құштар балалардың от басында-ақ есепке қызығушылығы қалыптаса бастайды. Және мұндай қисынсыз жіп есептеулер, олардың ақыл-ой тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Қазақтардың этнологиясын зерделеген Н.Л.Зеландтың да “Жалпы қазақтар математикаға басқалардан гөрі жақсы үлгіреді”¹ — деуінің бір себебі осыдан болса керек.

Қазақ халқы ою-өрнек өнерінің ерекшеліктерін балаларына үйретуде **ауыз әдебиеті шығармашылығын** кеңінен пайдаланды. Мәселен, “Өнердің күші” ертегісінде ақылды қыз Дүрияның ханның баласы Ыдырысқа: “. . . қолыңнан ешнәрсе келмейді, қолөнерінің бір түрін үйренбесең мен саған күйеуге шықпаймын. Бірде-бір қолөнерін үйренбеген адам — ол бақытсыз. Адам қолөнерін меңгергенде ғана асқар шыңға көтеріліп, ағынға қарсы жүзе алады. . . .” — деп айтуының өзінен қолөнерінің адам өміріндегі қаншалықты пайдасы аңғарылады. Одан әрі ертегіде осы сөздердің мағынасы ашыла түседі. Дүрияға үйленгісі келген Ыдырыс бас киім тігу өнерін үйренеді. Кейіннен Дүрия Ыдырысқа бас киімге өрнек салуды көрсете отырып, әрбір ою белгісі бір әріпті, сөзді білдіретінін түсіндіріп, бұл өнердің бір күндерде бәрібір қажет болатынын айтады.²

Айтса-айтқандай-ақ, Ыдырыс бірде қарақшылардың қолына түсіп қалып қиналғанда: “Мені өлтірмеңдер. Мен сендерге бас киім тігіп беремін. Соны ханшаға апарсаңдар 2 мың ділдә береді”, — деп жалынады. Олар көнгеннен соң Ыдырыс қалпақ тігіп, сол қалпаққа “қарақшыларға тап болып қалғанын” оюмен бейнелеп

¹ Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Құрастырған Қалиев С., Арабаев К., Базиллов Ж. Алматы, 1992, 39-бет

² Казахские народные сказки. Алма-Ата, 1979, стр. 166-168

беріп жібереді. Өрнектен не жағдай болғанын түсінген Дүрия Ыдырысты барып өлімнен құтқарып алады.

Міне бұл ертегі арқылы үлкендер балаларына қолөнерінің адам өміріндегі рөлін және әрбір ою-өрнектің сөйлей білетінін, оның бейнесінде белгілі бір сөздер жасырынып тұратынын, яғни әр өрнекте символдық мән жататынын ұғындырмақ болған. Демек ою-өрнек өнері тек әшекейлеу ғана емес, белгілі бір ойды жеткізу мақсатында қолданылғанын түсіндірген. Ертегінің ең басты идеясы — ою-өрнек өнерінің адам өмірін сақтап қалуға себепші болғанын, жалпы “өнерлі өлмейді” деген түйінді көрсету.

Мінеки, осы бір ғана ертегіден ою-өрнек өнерінің қаншама тәлім-тәрбиелік тұстары байқалып отыр. Сол себепті ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін тереңдете аша түсу үшін берілген классификациямыз бойынша саралап өтейік.

Бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер тобындағы ою үлгілері (I-топ) балаға ес білген мезетінен бастап-ақ үйретіле бастайды. Мәселен, жан-жануар, аң, құс тектес ою-өрнектерді алып қарайық. Бала туылғаннан-ақ әкешесі, өскен ортасы оған аң, құс, мал жөніндегі ұғымдарды, олардың адам өміріндегі пайдасын, рөлін өздерінің арман-мақсаттарымен сабақтастырып әр түрлі әдіс-тәсілдерімен құлақтарына құйып отырғаны белгілі. Соның бірі “қазақтың бұрынғы әдет-ғұрпы бойынша жаңа туған нәрестеге құтты болсын айтуға барғанда оған апаратын “бала жинағы” деп аталатын бұйымдарға малдың, аңның бейнелері салынатын болған. Мұның да себебі жоқ емес, балаға айналадағы дүниені таныту. Бұйымдарда бейнеленген бейнелерді есейгенше бірте-бірте танып өседі”¹ — деп ұғынған.

1. Жан-жануарлар, аң, құс тектес ою-өрнектерге қошқармүйіз, сыңармүйіз, сыныкмүйіз, төртмүйіз, қосмүйіз, такмүйіз, тікмүйіз, бұғымүйіз, құсқанат, қанатты ою, қарғатұяқ, ит табан, қырықтырнақ, балықкөз, иткүйрек, түйетабан, ботагөз, атбас, тайтұяқ т.б. жатады. Бұл ою-өрнектер әр шебердің эстетикалық талғамына орай киіз үй жиһаздарының барлық түріне, сондай-ақ мүйіз өрнектер ер тұрмандарға, құс тектес түрлері көбінесе қыз-келіншектердің әшекей бұйымдарына жиі салынады.



КОСМҮЙІЗ

Мәселен, **Қ о с м ү й і з** — мүйіздің қосарланып, парланып тоқылуына байланысты аталған. “Қос” сөзі екі, пар, егіз деген мағынаны білдіреді, демек қойдың, ешкінің, сиырдың, арқардың, бұғының екі мүйізін ғана бейнелейтін өрнек. Бұл ою мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіпшілігіне байланысты туған. 15 жіптен шығатын қосмүйіз оюы көбінесе желбауға салынады да, 25 жіптен шығатын түрі туырлықтың құрына тоқылады. Бұл — үйде ұдайы молшылық пен тоқшылық болсын деген белгі. Демек төрт түлік малмен, аңшылықпен күнелткен қазақ халқының арман-ойы ою-өрнек өнерінде де дәл бейнеленген.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: жан-жануар, аң, құсқа байланысты ұғым-түсініктерді ауыз әдебиеті үлгілерінен есітіп, тыңдап, біліп жүрген балалар, олардың бейнелерін

қолөнер туындыларынан да көріп қаныға түседі; сол образдарды санасына өбден сіңіріп өседі, яғни олар осы ою-өрнектердің түр-түсінің әсемдігіне сәйкес жып-жинақы орналасуынан эстетикалық әсер алып қана қоймай, бейнеленген ұғымдарға дұрыс көзқарасы қалыптасады.

2. Аспан әлеміне байланысты өрнектерінде де қазақ халқы балаларына аспан белгілерін таныстыруды мақсат етіп, аспан сырын сол кездегі өздерінің дүниетанымдарына сәйкес түсіндіріп отырған. Мұндай ою-өрнектерге *күн көзі, шыққан күн, шуғыла, айшық, айгүл, үш айшық, төрт айшық, жұлдыз, топ жұлдыз*, т.б. өрнектер мысал бола алады.

Күннің шығуына табынған, ай туғанда тағзым еткен, жұлдыздарға тамсанып тілек тілеп, жұлдыз ағып түскенде бір жарық өшті, бір пәлекет болады деп қауіптенген қазақ халқы күн, ай, жұлдыздарды жер бетіндегі жарық дүниелер деп қастерлеген.

Қазақтар көк әлемін ауызекі шығармаларында ерекше тапқырлықпен, білімдарлықпен қолданып, балаларынан да соны талап еткен. Мәселен, “Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды”. (Күннің көзі.)¹ — деген жұмбаққа сай. “Май берейін, күрт берейін. Күннің көзі шық, шық”² деп балалардың өлеңдетуі

¹ Өзірбаева С. Қолөнерінің тұрмыстық мәні. “Мәдениет және тұрмыс”. 1989, N 7, 12-бет

¹ Қазақ жұмбақтары. Алматы, 1993, 9-бет

² Ақ сандық, көк сандық. Құрастырушы Ш. Ыбыраев. Алматы, 1988, 44-бет

ойымызды айғақтайды. Оның үстіне берілген жұмбақтағы “сандық” — қазақ тұрмысындағы аса қажетті бұйымдардың бірі болса, “жібек” — ең асыл маталарының, не ең асыл жіптерінің бірі, демек мұнда “күн” — адам өміріндегі ең құнды дүние, онсыз өмір жоқ деген белгі. Көздің жауын алатын жібектей жарқырайтын, күннің де үнемі шуағы шашырап тұруын аңсаған халық, оны нұрлы да шаттық үмітпен өздерінің **қолөнер шығармаларында** пайдаланды.

“Күн” белгісі көбінесе жүзік, білезіктерге *бір дөңгелек*, не қос дөңгелек түрінде безендіріледі. Бір дөңгелек “күн” белгісі — “күніміз ашық болсын” деген тілекпен салынған. *Қос дөңгелек* — мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Қалың қос дөңгелекті жүзікті әдетте қолбасшы адамдарға сыйлайды. Мұндай жүзіктер мөр ретінде де жүрген. Тас көздің бетіне кейде адам аты да жазылған. Мұнан басқа да мөр жүзіктен екі есе кішкене қос дөңгелекті құдағи жүзік болған. Оны ұзатылған қызының соңынан барған анасы тағып барып, қызын шат тұрмыста көрсе қыз енесінің қолына салады. Құдағи жүзік айтқа, тойға, мейрамға барғанда салынады. Қазір де үлкендер құдағи жүзікті адамды көрсе “шіркін, ақ ниетті әділ адам екен” деп қызығып, ізет көрсетіп, сыйлап, қайда да бұл әділетті, мейірімді адам екен деп төрге отырғызады. Келіні кесірлеу адамдар мұндай жүзікті кісіден кеңес сұрайды.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: *Үлкендер мұндай өрнектердің мәнісін үйрету арқылы балалардың адамгершілік тәрбиесін жетілдіре түскен.*

Аспан әлеміне байланысты өрнектердің мазмұнын білуі негізінде балалар ертедегі қазақ халқының дүниетанымымен танысады, олардың тапқырлығына, даналығына көздерін жеткізеді.

3. Өсімдік, жер, су бейнелі өрнектерге гүл, тау, су, тоғыз төбе, алма гүл, шатыр гүл, арпа гүл, т.б. өрнектер мысал бола алады.

Туған жерін жанындай сүйіп, қастерлеген қазақ халқы кейінгі ұрпақтарының да жер, су, өсімдік атаулыны аялайтын абзал азамат болып жетілуін армандап, олардан да соны талап етіп отырған. Сонымен бірге ертедегі халық дала табиғатымен адамша тілдескен. Бұл тіпті балалар өлеңдерінен де байқалады:

Жау, жау, жаңбыр

Жау жаңбыр!

Арық суы мол болсын!

Өсімдіктер көп болсын!

Жауған жерің шөп болсын!¹ — деген өлең қатарлары “сулы жер

¹ Ақ сандық, көк сандық. Құрастырушы Ш.Ыбыраев. Алматы, 1988, 48-бет

— нулы жер” екенін су көп болса шөп көп болады, шөп көп болса мал семіреді, мал семірсе қарын тоқ болады — деген арман-тілектен туған.

Қазақ халқының осындай арман-тілек ойлары ою-өрнек өнерінде де қалыс қалмаған. Мысалы “су” оюы — байырғы, киелі ою. Олай дейтініміз су — ертедегі ұғымда киелі, жаратушы аналардың бірі. Ауырған адамдарды сумен ұшықтайды. Қазақтар арасында “Суға түкірме” деген қағида да бекер айтылмаған. Көне түркі жазбаларында “от ана”, “су ана” деген тіркестер кездеседі. Ертедегі адамдардың ұғымынша дүниенің жаралуына төрт зат негіз болған: от, су, ауа, тау, т.б. Су оюының негізінде “ирек”, “тасқын”, “дария” оюлары қалыптасты. Дария — дархандылықтың символы. Су оюы көбінесе кез келген бұйымның жиектеріне және бұйым ішіндегі өрнектердің жік-шеғарасын көрсете бейнеленеді.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: *Қазақ халқы жер, су, өсімдіктерге қатысты да қасиетті ұғымдарды ою-өрнек өнерінде бейнелеу арқылы балаларының суды ластамауын, талды сындырмауын, шөпті жұлмауын т.с.с. тәртіптілікті талап еткен. Яғни, сол өрнектердің жасалу тәсілдерін көрсетіп қана қоймай, мазмұнын түсіндіру негізінде балалардың туған жер табиғатына деген аялы сезімдерін оята білген. Қазақтың баласына “Жерді теппе”, “шөпті жұлма, оны жұлсаң, көктей соласың”, деп өсиет айтуы, әйелдердің ағын суға кір шайқамауы, жер мен шөпті, суды қастерлеуден туған ырымдар. Қазақтың қарғысының үлкені де “Көктей солғыр”, “көктемегір” болып келуі тектен-тек емес.*

4. Тұрмыстық заттарға қатысты өрнектерде — күнделікті тұрмыста кездесетін белгілі бір заттардың бейнелері беріледі. Мысалы, *тұмар, орамал балдақ, балта, бауырсақ, қора, шынжыра, кереге ою, балдақ тұмарша, құманбау, нәйзекі, сырға т.б.*



НӘЙЗЕКІ

Н ә й з е к і — найза тәріздес ою. Бастапқы атауы “найзаға үкі” болса керек, ауызша дыбысталуынан “нәйзекі” түрінде естіліп, солай аталып кеткен. Бұл ою — елдер арасындағы шапқыншылықпен, найзаның ұшымен, білектің күшімен деген дәуірмен тығыз байланыста туған.

Ел намысын ту етіп көтерген, әйгілі жүйрік Қазыбек шешен қалмақтарға елшілікке барғанда: “Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі

такқан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз”¹ — деген дәуірде дүниеге келген бұл ою ерліктің белгісі ретінде бау-құрлардың шетіне салынады.

Найзаға үкі тағудың өзі — белгілі бір наным-сенімнен шыққан. Өйткені “үкі” қазақтардың ұғымында киелі, осы күнге дейін жас нәрестелердің киіміне, қыздардың жүгіне, жас келіннің шымылдығына, орамалына көз тілден сақтайды деп тағып қояды.

Сондай-ақ т ұ м а р оюы да — киелі оюлардың бірі. Көне түркі тілінде “тума иер” деген сөз бар. Онысы “туған жер” дегені. “Тұмар” сол “тума иер” сөздерінің қосылуы арқылы шыққан. Бұрын тұмар ішіне туған жер топырағын, тас қиыршықтарын салған. Онысы “Жер Ана желеп-жебейді”, туған жерге қайтып ораламын деген сенімнен шыққан. Бұл ұғым қазақ арасында әлі бар. Шашы ұзын қыздар көзден сақтайды деп, жас балаларға көз тимейді деп ауыл молдаларына тұмар жаздырып алып (арап тілінде) тағатын болған. Тұмар оюы басқұр, аққұр, кілем, текемет, киіздердің шетіне салынады. “Тұмарша” деп те аталады. Мәселен, “шаршы ою” мұны “костұмар” деп те атайды. Бұл да киелі ою. Қазақ ою-өрнегінің төрт бұрышты бітімге салынуына себепші болған.

Сол сияқты ш ы н ж ы р а оюы да — шынжыр тәрізді ою. Шынжырлап тоқылған кестеден шынжыра өрнегінің бейнесі көрінеді. Шынжыра оюы киіз үйге тұтылатын және төселетін барлық бұйымдардың шетіне салынып тоқылады.

Ертеде қазақ қыздарының өз жасауларын өздері тоқып алуы әдетке айналған. Өрмек өнерін білмейтін бірде-бір қыз кездеспеген. Шынжыра оюы бары-жоғы алты-ақ жіптен шығады, сондықтан да аналардың қыздарына “шынжыраны білмей тұнжыра” деп ренжитіні тегін емес.

К е р е г е оюы — киіз үйдің керегесі тәрізді өрнек. Туысқан түркмен, каракалпак қолөнерінде “кереге көз”² делінеді. Қазақтың тоқыма өнерінде бұл ою кілем, құрлардың шеттеріне сәндік үшін тоқылады. “Керегең сәгілмесін, керегең кең, берік болсын” деген тіркестерді оюмен жеткізу үлкен тапқырлықтың, даналықтың белгісі.



ШЫНЖЫРА ОЮМ



КЕРЕГЕ ОЮМ

Тәрбиелік мүмкіндіктері: Тұрмыстық заттарға қатысты ою-өрнектер күнделікті өмірдегі ең мәнді де қастерлі ұғымдарды көрсететін заттардың бейнесі. Олай болса ұл мен қыз күнделікті өмірде көріп жүрген заттарының бейнесін ата-бабасының қолымен жасалынған бұйымдардан көріп, оның әсемдігіне бір тамсанса, оның өзі екінші бір затты сәндеп тұрғанына тағы бір сүйсінеді. Және сол өрнектің мағынасын терең ұғынуы арқылы өз бойында ол затқа деген ерекше құрмет пайда болады.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: Сонымен балалар өмірдегі зат, құбылыстардың дәл бейнесін I — топтағы ою-өрнектер арқылы қолөнер туындыларынан да сезініп, көріп қанығып, оның бәрін көңілдеріне тоқып өседі. Нәтижесінде олардың дүние, өмір, қоғам, тәл мәдениеті жөніндегі түсініктері ұлғаяды, ақыл-ойы кенейіп, танымдық қабілеті, эстетикалық талғам-түйсіктері, адамгершілік қасиеттері артады.

М.Красовскийдің “...қаршадайынан жас қыздарды тігуге, тоқуға, киіз басуға және сол сияқтыларға үйретеді, ал сәл өсе бастағанда енді мұның бәрін олардан талап ете бастайды”¹ — дегеніндей олар есейе келе тыңдап, көріп көңілдеріне тоқығандарын іс жүзінде көрсете бастайды.

Міне, II топтағы бейнесінің ұқсастығына байланысты емес әр түрлі себептерге байланысты аталған ою-өрнектер балалардың осындай есейген шақтарында үйретіле бастайды. Олай деуімізге басты себеп, мәселен, I. жасалу ерекшелігіне, іс тәсіліне қатысты ою-өрнектерді (теңдеме ою, сыңар ою, жүздеме ою, шалма, бастырма, өткізбе, қақпа, терме т.б.) балалар өз қолдарымен жасап көргенде ғана аталу себептерін түсіне алады. Мысалы “қошқармүйіз” тәрізді өрнек бейнеленіп дәл сол ою “шалма” деп аталуы мүмкін.

Ш а л м а оюы — тоқылу әдісіне қарай аталған. Шалма-жіпті не таспаны әрі-бері өткізіп тоқу мен өрудің бір әдісі², осы әдістің аты. Бұл жайлы С.Қасиманов “шалма — өрмек тоқу өнерінің бір әдісі, өрім өрудің бір түрінің атауы”³ десе, Ә.Тәжімұратов “Керілген желіге салынатын түрлі еркек жіптен алып ұрғашы жіпке шалып орағанды шалу немесе түр шалу деп те атайды — дейді”⁴. Осында айтқанға орай “шалма” деп тек қана күзулі (еркек) жіптен алып күзусіз

¹ Красовский М. Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России, собранные из генерального штаба. СПб 1968, ч.1., стр. 31

² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10т., 105-бет

³ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. А., 1969, 1995, 232-бет

⁴ Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. А., 1977, 55-бет

¹ Шешендік сөздер. Алматы, 1967, 89-бет

² Мошкова В.Т. Ковры народов Средней Азии. Ташкент, 1970, стр. 245

(ұрғашы) жіпке шалып орағанды да айтады. Оң шалу, теріс шалу сияқты тіркестер осының дәлелі. Оң шалу деп түр жіпті күзулі жіптен алып, күзусіз жіпке шалып орау айтылса, теріс шалу деп түрді күзусіз жіптен алып күзулі жіпке шалып орағанды айтады. Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарында кілемді теріс шалу әдісімен тоқиды.

Көбінесе кілем тоқуда шеткі 6-8 жібінің мықты болуы үшін теріс шалу немесе орама әдісі қолданылады. Теріс шалу әдісімен жүлқыш (джульхирс) тоқылады. Бұл жайлы тарих ғылымдарының кандидаты А.С.Морозова былай дейді: "Орта Азия халықтарында кездеспейтін, өзбектердің кейбір тайпаларында ғана ұшырасатын кілемдер көңіл аударуға тұрарлық. Олардың арасында түріктер, юздер, парча юздер, наймандар тоқыған "джульхирс" (аю терісі) аталатын ұзын төсеніш кілем ерекше орын алады".¹

¹ Сонымен "шалма дегеніміз түрді кейде күзулі жіптен алып күзусіз жіпке, кейде күзусіз жіптен алып күзулі жіпке шалып орау әдісі".

Шалма әдісінің өзіне тән ерекшеліктері:

а) Желі бір түске боялады;

ә) Желінің өзінен теріп өрнек шығармайды, түрлерді жоғарыда аталғандай желі жіптерге шалып орап, тегістеп, қайшымен қиып отырады;

в) Тергіш, қылыш қатыспайды, "тоқпақ"² қатысады.

Шалма әдісімен негізінен кілемдер тоқылады. Ал шалма оюы аккүрға түрлердің қатысуы арқылы кілем тоқу әдісімен тоқылады.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: Жеткіншектердің "шалма" оюын үйрену негізінде тоқылу әдісін біліп қана қоймай, оны тоқу үстінде ісмерлігі, шеберлігі, біліктілігі артады.

2. Территория, ұлт, ру атымен байланысты өрнектер кейбір әлеуметтік-этникалық ерекшеліктерге орай аталған. Мәселен, бір елдің, рудың, ұлттық қолөнер туындылары сауда-саттық жолымен, ежелгі салт-дәстүр әдетімен (қыз ұзату, келін түсіру, өлік шығару т.б.) тағы сол сияқты себептермен екінші елге, басқа ұлтқа ауысып отыратыны белгілі жайт. Осындай жолмен ауысқан заттардағы ою-өрнектердің бастапқы атауын білмейтін мұндағы халық келген бұйымды тіпті өрнектерін сол елдің руының, ұлтының атымен атаған. Мәселен, *түркмен теру* ұлт атымен аталынса, *бұхар теру* —

Бұхара халықтарының ою үлгілері. Материал жинау кезінде Еңліккожа кеңшарының тұрғыны Аққожаева Инжігүл әжейдің әңгіме арасында "Жақында көршіміз Бұхара жақтан келін түсірді. Келінінің жасауында Бұхар кілемі бар. Бұхар теруді сол үйден сызып аларсың" деп айтқаны ойымызды айғақтайды.

Оның үстіне қазақтардың тұрмыс-тіршілігін зерттеген А.Янушкевич саяхат күнделігінде "Қазақтардың өлікті шығаруы тез. Қазақ өлген бойда қатындар киіз үйде жоқтау айтады. Содан соң оны тездетіп жуындырады да, алдын ала Бұхарадан сатып алынған кебінге орайды, тайыз қазылған көрге апарады" — деген болса,¹ жерлеуге қатысты бұйымдарға да ою-өрнек бейнеленетінін Ш.Уәлихановтың ел ішінен жазып алған "Көкөтайдың асындағы" жыр қатарларынан көруге болады:

"Арулап мені қойындар...

Ақ сарайды салындар.

Суагер науа ілгізіп

Оюлап сыртын нақыштап,

Әлемі өрнек салындар".²

Ескерте кететін бір жағдай, бұхар теру, түркмен теру, қазақы теру деген ою атауларындағы "теру" сөзі бұл жерде ою, нақыш, өрнек деген мағынаны білдіреді. Тоқылу ерекшелігіне қатысты ою-өрнектер тобына жатпау себебінің бірі сонан.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: Бұл топтағы ою-өрнектерді білу арқылы балалардың өнерге салыстырмалы көзқарасы пайда болады, өзге елдің де ою өнерінің қыр-сырымен танысады, ұлтаралық, халықаралық сыйластық, достық қатынастарын үйренеді.

3. Ру, ен таңбаларына қатысты ою-өрнектер.

Қазақта балаға 7-9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысын, нағашы жұртын, алыс-жақынын таныстыруға, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. Жеті атасын білу заң болған. "Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар" деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатып, ел-жұрт тарихын білу — ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүйгіштікке баулиды деп үкқан. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам

¹ Морозова А.С. Локальные черты в народном декоративном искусстве Узбекистана. М., 1964, стр.5

² Кей жерлерде "тарақ" делінеді

¹ Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Құрастырған Қалиев С., Арабаев К., Базилов Ж. Алматы, 1992, 29-бет

² Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Аударған Ә. Ипмағамбетов. Алматы, 1980, 168-169-беттер

болғанын, елі-журты үшін еткен ерлігі, өнегелі істері жайын да әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көзделген.¹

Әу баста сол әрбір рудың ұраны, таңбасы өзінше белгіленген. Қолөнер бұйымдарында да белгілі бір ру өнерінің белгісі ретінде ру таңбалары да бейнеленген. Мәселен, тұмар — Шапырашты руының, дөңгелек — Албанның, Суанның, қос дөңгелек — Арғынның, тарақ — Тарақтының² — ру таңбасы болған.

Осы аталған таңба да ою-өрнек өнерінде өте жиі кездеседі. Бірақ аталған өнер түрінде *дөңгелек* — күн белгісі ретінде де, *тарақ* — тұрмыстық заттарға қатысты да бейнеленуі мүмкін. Сондықтан балалар оны ажырату үшін ою-өрнектер контекстін, “сөз тіркесін” оқи білу керек, екіншіден ою-өрнек өнерінің бар ерекшеліктеріне қоса ру таңбаларын меңгеруі шарт, ол үшін алдымен қазақ шежіресімен, ата-баба тарихымен де етене таныс болуы қажет.

Оның үстіне ертеде “дәулетті адам айғыр, бие, сиыр — барлық ірі қарасына белгі (ен, таңба) салып, өрісте бақташысыз ұстайды, мал қосылып кетсе, белгісіне қарай иесіне қайтаратын, қой, ешкіні қойшы бағатын”.³ Бұл күнде де ауылдық жерде қойларын қойшыға бақтырады, не кезектесіп бағалды. Өрістен қайтқанда ендеріне қарап ажыратып алады.

Міне осындай ен, таңбаларға ұқсас өрнектер қолөнер бұйымдарында да жиі кездеседі. Мәселен, “*солақ*” оюы жылқының қамшылар жағындағы құлағының ұшын кесіп салатын “солақ” ені тәріздес. Олай болса бұл ою да қазақтың дәстүрлі бір ерекшеліктерінен туындаған.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: ру, ен таңбаларға қатысты ою-өрнектерді үйрену нәтижесінде балалардың тарихқа деген қызығушылығы артып, ақыл-ойы дами түседі, ата-баба дәстүрлерін қастерлеуі арқылы адамгершілігі молаяды, әрине, бұған қоса өнер жөніндегі білімдері толысады.⁴

4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты ою-өрнектер қатарына “қолтықша”, “шет ою”, “орта ою”, “шет гүл” т.б. мысал бола алады.

Шет ою, *шет гүл* оюлары бұйымның шетіне, жиегіне салынатындықтан солай аталған. Көбінесе, кілем, түскиіз, сырмақтарға т.б. енді төсеніштерге салынады.

¹ Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Құрастырған Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Алматы, 1994, 24-бет

² Қазақ шежіресі. Алматы, Атамұра-Қазақстан, 1994, 118-121-беттер

³ Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. Құрастырған: Қалиев С., т.б. Алматы, 1992, 4-бет.

Орта ою — бұйымның не заттың ортасына безендірілетіндіктен, иіні орналасу орнына қарай аталған.

Қолтықша ою — үшкіл өрнегінің ішкі ойыс жағы¹. Орта ою мен шет оюдың арасындағы үшкіл² сияқты орынға орналасатын өрнек. Бұл ою киіз үй жасауларындағы тұтылатын және төселетін бұйымдарға өрнектеледі.

Тәрбиелік мүмкіндіктері: ою-өрнектерді үйрену негізінде балалардың ісмерлігі, шеберлігі артады, эстетикалық талғамы ерекшеленеді. Өйткені бұйымға ою-өрнектерді түсіруден бұрын қай өрнекті бұйымның қай жеріне орналастыруды, қалай сәндеуді, қай тұста, қай өрнек әдемі көрінетінін алдын-ала ойластыруы тиіс. Мұның өзі қаншама білімдарлықты талап етеді.

Жалпы, ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері қолөнер бұйымдарының жасалу процесінен де анық көрінеді. Мәселен, киіз басу, текемет ойыстыру өнері жүн сұрыптаудан басталады. Қойдың жүнін қырку жұмысына ересек балалар көмектеседі. Олар тек қырку әдісін ғана емес, киізге қандай жүнді пайдаланса (жабағы жүн, күзем жүн, қозы жүн) оның мықты да, тиімді болатынын *есітіп біледі*. Жүнді жуу, сабау, түту істеріне қыздар көмекке келеді. Мұнда да үлкендер балаларын жұмысқа қызықтыра түсу үшін “жүнді түмсығына дейін түтсең, мұрныңнан маржан түседі” деп *иландыра шапшаңдыққа*, жүнді ысырап етуге болмайтынын *ескерте отырып үнемділікке*, жүннің шуаш иісі кеткенше әбден жууды *талап ете тазалыққа*, текеметке түр салу үшін жүнді алуан түске бояуды *көрсету арқылы әсемдік пен талғампаздыққа тәрбиелейді*. Бұл бұйым бір күнде бітуге тиіс әрі көлемді болғандықтан көпшілік болып топтасып жасайды. Нәтижесінде балалар *топтасып қызмет етуге, бір-біріне жанашыр, қамқор, сыйлас болу сияқты адамгершілік мұраттарына, ұйымшылдыққа* ұмтылады. Олардың су себу, білектен, тебу, ширату, қарпу процестеріне қатысуы арқылы *денелері шынығады*. Текеметтерге алдын-ала дайындалған түрлерден өрнек түсіруді *көру, үйрену негізінде эстетикалық талғамы дараланады, өрнектердің мазмұны, мағынасымен таныса отырып ақыл-ойы өседі, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі артып, қолөнер мұраларын бағалай білетін дәрежеге жетеді*. Жүннен бұйым болып біткенге дейінгі барлық жұмыс кезеңінде үлкендер жастарға әңгіме, аңыз, ертегі, мақал-мәтел өсиет айтып, не жұмбақ жасырып, яки олармен

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6т., 307-бет

² Үшкүл - үшбұрышты зат

ойнап олардың ой-өрістерінің дамуына әсер етіп отырады. Я болмаса жеке дауыста, немесе бәрі бірге ән салып музыкалық-эстетикалық сезімдерін де қозғай түседі. Мәселен, Қарақалпақстандағы Мойнақ қаласының тұрғыны 73 жастағы Алмағанбетова Айсан әжей әңгімесінің бірінде:

“Оюын текеметтің ойдыр, әже,

Бір тоқты оюшыға сойдыр, әже,

Бір жаман мал бердім, - деп алып кетер,

Бір жылша “балам жас” деп қойдыр, әже, - тәрізді өлеңдер айтушы едік, өрі сол кезде оюшыға бір тоқты атайтынбыз” деп көрсетуі біздің айтқан ойымызды дәлелдей түседі. Қазірде осы дәстүр ауылдық жерлерде жалғасып келеді. Текемет, киіз басылатын күні сол үйде мереке, қазан асылып, бір дастархан басында бесаспап шеберлер бас қосып, ән салып, көңілдерін көтереді.

Сол сияқты кілем тоқудың да жүн жуу, түту, бояу, иіру істерінен бастап тоқылып біткенге дейінгі жұмыс процестерінде қыздар жұмысқа тартылады. Кілем тоқуға да көпшілік қатысады. Бірақ бұл бір күнде бітетін бұйым емес. Көлеміне қарай 3-4 адам болып тоқығанның өзінде ең қысқа мерзімі 15-20 күн. Сол себепті үй иесі, көрші-қолаңы, ағайын-туыстары, ауылдың үлкен қариялары тоқушы қыздардың көңілдерін аулап, оларға әңгіме, аңыз, өлең, жыр, ән айтып береді, еңбектерін құрметтеп, бағалап “сый табак” әкеледі.

Оның үстіне кілем қазақтардың — ең бағалы, ең көлемді, ең әдемі бұйымдарының бірі. “Сатайын десем ауыр кілем, сатпайын десем тәуір кілем” (Жер). “Зер-зер кілем, зер кілем, көтерейін десем зор кілем” (Жер) деп, - тіпті кілемнің өзін жұмбақтағанда қырдың қызыл гүліне бағалап әсерлендіре көрсеткен халық баласының бойынан да сол әсемдікті көргісі келеді. Ал кілемнің қырдың қызыл гүліндей құлпыруы — шебердің ою-өрнекті бояу түсімен, материалмен үйлестіре тоқып, өрнекті орнын тауып орналастыра білуіне байланысты.

Сонымен қазақ халқының ою-өрнек өнерін педагогиканың негізгі категориялары тұрғысында қарастыру — бізге қазақ халқының ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін былайша саралап көрсетуге ықпал етті.

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқып меңгеру, студенттердің адамгершілік-эстетикалық тәрбиесінің — негізгі міндеттерінің бірі.

2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері — көркемдік білім мазмұнының құрамдас бөлігі.

3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесін жүзеге асырудың құралы болып саналады және “Сәндік қолөнері”, “Қазақстан көркем мәдениеті тарихы”, “Өнер тарихы”, “Педагогика” т.б. пәндерінде оқыту мен тәрбиелеудің құралы қызметін атқарады.

4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері — әр түрлі оқу-тәрбие жұмыс формаларының негізі бола алады: арнайы курс, факультатив, тақырыптық кештер; конференциялар, диспуттар, көрмелер, кездесулер, экскурсиялар т.б.

5. Қазақ ұлттық ою-өрнектерін оқып үйрену, жасап білу — студенттердің адамгершілік-эстетикалық тәрбиесінің әдістері болып табылады.

1.4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлаудың педагогикалық шарттары

Бүгінгі таңдағы тәрбиенің негізгі мақсаты “дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу”¹ болып табылады.

Мұндай міндеттерді шешу барысында Республикада бала бақшалар мен жалпы білім беретін мектептерге арналған бағдарламалар жарық көрді. Олардың қатарында қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламасын, сондай-ақ Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова, Ә.Әміровалардың “Балбөбек”, Қ.Жарықбаев, С.Қалиевтің “Ұлттық мәдениет тарихы”, “Қазақ мәдениетінің тарихы”, М.Құрсабаевтың “Атамекен”, З.Ахметованың “Кәусар бұлақ” бағдарламаларын атауға болады.

Кез келген оқу бағдарламасында жоспарланған тақырыптар мен олардың қорытындыларының оқу-тәрбие процесінде жүзеге асатыны мәлім. Ал оқу-тәрбие процесі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасынан тұратыны педагогика ғылымында дәлелденген. Олай болса, болашақ мұғалімдер бағдарламаларда берілген тақырыптар мазмұнын оқушылардың тәлім-тәрбиесінде тиімді пайдалану үшін олар бойынша ғылыми-теориялық, практикалық, кәсіби білімдермен жеткілікті дәрежеде қаруланған болуы тиіс. Осыған орай біз аталған бағдарламаларда қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты көрсетілген талаптарды оқушылар тәрбиесінде

¹ Қазақстан Республикасының Білім министрлігі тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. // Қазақстан мұғалімі, 1993ж., 5 ақпан N 3, 2-бет

нәтижелі пайдалануға студенттерді даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындадық.

Бүгінгі таңда болашақ ұстаздарды кәсіби даярлау мәселелерін шешуге Абдуллина О.А., Азаров Ю.Т., Амоношвили Ш.А., Архангельский С.А., Загвязинский В.И., Кузьмина Н.В., Пискунов А.И., Сластенин В.А., Талызина Н.Ф. т.б. өз еңбектерін арнаған. Мәселен, оларда мұғалімнің еңбек психологиясы мен оның құрылымы (Кузьмина Н.В., Щербаков А.И. т.б.), болашақ ұстаздардың тұлғалық және кәсіби мәнді қасиеттерін қалыптастыру (Гонобилин Ф.Н., Гришин Э.А., Канкалик В.А., Сластенин В.А., Спирин Л.Ф., Хмель Н.Д. т.б.), мәдениетін (Акимова Л.Н., Шамилова Н.Д. т.б.), гуманистік көзқарасын, шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттерін, педагогикалық іскерліктерін қалыптастыру (Шуртакова Т.В., Робу Н.М., Ибрагимов Ү.Ш. т.б.) мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, бірқатар еңбектерде оқушылардың адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыру (Гобронидзе А.А., Калюжный А.А., Магомедов М.М., Илларионова Л.И. т.б.) эстетикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыру (Тригубова Н.Н., Қалыбекова А.Р., Какимова З.Ш., Шнибекова Э.И., Ежова Е.Ю., Зотеева Т.А. т.б.) сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында өлкетануды пайдалану (Парай Э., Атласова Е.М.) мәселелері зерттеліп, талданған.

Бұлардан басқа да біздің зерттеуімізге жақын келетін бірқатар мәселелер, атап айтқанда, сәндік-қолданбалы өнер негізінде болашақ ұстаздың оқушыларды тәрбиелеуге даярлығын жетілдіру (Поровская Г.А., Ломоносов Р.Г., Ершова Л.В.), кәсіби даярлығын жетілдіруге көркем әдебиеттерді пайдалану (Чориев А.Ч.), балалардың көркемдік тәрбиесін әр түрлі өнер туындыларын пайдалануға даярлығын қалыптастыру (Громакова С.В., Скрипин А.Г.), студенттерді оқушылар тәрбиелеуде халық ойындарын басшылыққа алуға (Аттокуров А.Г.), халықтың дәстүрлі қолөнері негізінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеуге (Атдаев Э., Гапбаров А.П.), балаларды тәрбиелеуде халық педагогикасын (Тешебаева К.Ф., Хасанова Ж.С., Мағауова А.С., Манонов А.) пайдалануға даярлау; болашақ ұстаздарды даярлау жүйесінде халықтың сәндік қолданбалы өнерін пайдаланудың (Давидова Т.А., Абдуллаев С.Ф.), Қазақстанның бейнелеу өнері негізінде бейнелеу өнері, көркем еңбек пәні мұғалімдерін даярлаудың әдістемесі (Ералин Қ.), қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері негізінде студенттердің көркемдік білімін жетілдірудің мазмұны, формасы мен әдістері

(Ижанов Қ.), Қазақстанның сәндік қолданбалы өнерін оқып-үйрену (Асылханов Е.С.), болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлау процесінде халықтық педагогиканы пайдалану (Болатбаев Қ.К.) нәтижесін тапқан.

Осы еңбектерді талдау негізінде педагогика ғылымдарының дамып отыруына байланысты мұғалімдерге қойылатын талаптардың анықталғанын, бүгінгі таңдағы мұғалімнің тұлғалық үлгісінің жасалынғандығын, оның кәсіби даярлығын жетілдіру барысында ізденіс жұмыстарының жүргізіліп жатқанын байқадық. Бұл еңбектерді оқып үйрену нәтижесі, оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау мәселесінің теориялық негіздерін жасау қажеттегін тудырды. Бүгінгі күнге дейінгі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде “даярлық” ұғымы:

- белгілі бір психологиялық жағдай (Селиванов В.И., Райский Б.Ф., Матюжина М.Ф. т.б.);

- жеке тұлғаның тұрақты сипаты (Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. т.б.);

- жеке тұлғаның күрделі құрылымдық білімі (Дурай-Новакова К.М., Линенко А.Ф. т.б.);

- мотивациялық және процессуалды компоненттердің ажырамас бірлігі (Ильин В.С., Ковалевская Н.Г.);

- педагогтың кәсіби мәнді қасиетін, ол үшін қажетті жалпы және арнайы білім, іскерлік, дағдыларының жиынтығы мен педагогикалық іс-әрекетін іске асыруға талаптарын біріктіретін (интеграциялы) білім (Веретенников Л.К.) ретінде қарастырылады.

“Оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалануға студенттердің даярлығы” ұғымы:

- жеке тұлғаны халық педагогикасының озық дәстүрлерінде қалыптастырудың жалпы гумандық мұраттарына сай педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогтың жеке тұлғалық біріктірілген (интеграциялы) қасиеті (Мағауова А.С.);

- “студенттердің қазіргі уақытта бұл әрекеттің мәнділігін түсінуі-мен өнертанушылық, кәсіби-педагогикалық білім, іскерліктерімен және оларды практикада қолдана алу тәжірибесінің жиынтығымен анықталатын, кәсіби мәнді тұлғалық сапасы қалыптасуының негізі көркем мәдениет болып табылатын күрделі біртұтас білім” (Громакова С.В.) деп түсіндіріледі.

Біз зерттеу еңбегімізде “даярлық” ұғымы бойынша

С.В.Громакованың¹ анықтамасын басшылыққа алдық. Өйткені бұл түсінікте педагогика ғылымындағы даярлықтың дәстүрлі мотивациялы, мазмұнды, процессуалды компоненттері қамтылған. Біздің зерттеуімізде де оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау процесін жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндік шарттарын анықтау мен оны негіздеу барысында жоғарыда көрсетілген даярлықтың компоненттері негізге алынды.

Зерттеуде даярлықтың *мотивациялы компоненті* студенттердің педагогикалық іс-әрекетінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға дұрыс қатынасының болуымен сипатталады.

Мазмұнды компонент студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан теориялық білімдерінің деңгейін көрсетеді.

Процессуалды компонент студенттердің оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалану бойынша практикалық іскерліктері мен дағдыларының кешенін құрайды.

Сонымен біздіңше: “*оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығы* дегеніміз қазіргі уақытта студенттердің бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, өнертану, кәсіби педагогикалық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын және оларды практикада қолдана білуін анықтайтын, кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын, қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне негізделген күрделі біртұтас білім”.

Анықтаманың мазмұны бізге “*оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығының*” үлгісін жасауға мүмкіндік берді (Кесте 2).

Үлгінің негізінде студенттердің даярлығын қалыптастырудың үш деңгейін анықтадық: *төмен, орта, жоғары*.

Төмен: қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне деген қызығушылығы, сыйлы қатынасы бар, оның қазіргі заман бала тәрбиесіне дұрыс ықпалының бар екенін жете түсінбейді. Мазмұнды, процессуалды компоненттерінің бірін де меңгермеген.

Орта: қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін эмоционалдық тұрғыда қабылдай алады, оған қызығушылығы мен сыйлы қатынасы бар, оның бала тәрбиесіне дұрыс ықпалының бар екенін түсінеді. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білімі (шығу тарихы, дамуы,

¹ Громакова С.В. Подготовка студентов к использованию комплекса искусств в художественном воспитании детей дошкольного возраста. Автореф. дисс. ...канд.пед.наук М., 1994, стр.17

Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттер даярлығының үлгісі

No	Компоненттері	Критерийлері	Көрсеткіштері
1.	Жеке тұлғалық мотивациялы	Педагогикалық іс-әрекетте қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға дұрыс қатынасының болуы.	- қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қызығушылығының болуы; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін эмоционалдық тұрғыда қабылдай алуы; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің бала тәрбиесіне дұрыс ықпалының бар екенін жете түсінуі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін бүгінгі таңда оқушылар тәрбиесіне пайдаланудың қажеттігін түсінуі.
2.	Мазмұнды	Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білімі	- қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу, даму тарихынан білімі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық ерекшеліктерінен білімі; - қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тағылымдық мәнінен білімі; - қазақ ұлттық ою-өрнектерінің классификациясынан білімі; - қазақ ұлттық ою-өрнектерін іріктей білуі; - оларды оқушылар тәрбиесінде пайдаланудың психологиялық-педагогикалық шарттарын түсінуі жөніндегі білімі.
3.	Процессуалды	Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалану іскерлігі	- қазақ ұлттық ою-өрнектерін іріктеу іскерлігі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау іскерлігі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалану негізінде оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру іскерлігі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне арналған тәрбие жұмыстарын өткізу мен талқылау даярлығын меңгеруі; - қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін шығармашылық жұмыстарында қолдана білуі.

өнерінің мазмұнын аша түсетін теориялық білімдердің жүйелі меңгертілмейтінін”, енді біреулері “оны пайдалану әдіс-тәсілдері мен жұмыс формаларын білмейтіндігін” айтты.¹

Студенттерден “жоғары педагогикалық оқу орындарында қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгертуге байланысты қандай ұсыныс, тілектеріңіз бар?” деп сұрағанымызда барлығы бірдей “тақырыптық кеш, пікірсайыс, дөңгелек үстел, қолөнер көрмесі т.б. жиі ұйымдастырылса”, “студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгерту саласы жақсартылса”, “қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық теориясы бойынша арнайы курс енгізілсе екен” деген ойларын білдірді.

Зерттеліп отырған мәселенің бүгінгі күнгі жағдайын және оның мүмкіндік шарттарын айқындау мақсатында жоғарыда көрсетілген экспериментке қамтылған жоғары оқу орындары факультеттерінің оқу жоспарлары, бағдарламалары, әдістемелік әдебиеттері зерттеліп, талқыланды. Факультет басшыларымен, оқытушыларымен әңгімелесулер жүргізілді. Мысал ретінде бір факультеттегі зерттеу нәтижесін айтып өтуді жөн көрдік.

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің бейнелеу және қолданбалы өнер факультеті 1987 жылға дейін көркем сурет факультеті аталынып, бейнелеу өнері және көркем еңбек мұғалімдерін даярлаған. 1987 жылдан бүгінгі күнге дейін бейнелеу және қолданбалы өнер факультеті аталып, бейнелеу өнері және сәндік-қолданбалы өнер оқытушыларын даярлайды. Факультетте 1983 жылдан “Еңбекке үйрету кафедрасы” жұмыс істеп, олардың бағдарламасы бойынша студенттерге ою-өрнекке қатысты аппликация мен кестенің (вышивка) жасалу технологиясы ғана үйретілген. Ал 1988 жылы факультеттің оқу жоспарына 1) “Оқу шеберханаларының тәжірибесі” (Практикум учебных мастерских); 2) “Күрастырмалы материалдардың технологиясы” (Технология конструкционных материалов); 3) “Қазақстанның сәндік қолданбалы өнері” атты пәндер енгізіліп, 1988 жылдан 1993 жылға дейін 3 курста ши тоқу өнері (ручное ковроткачество), 5-курста матаны көркемдеу (художественная роспись ткани) пәндері оқытылды. 1993 жылы факультетте тоқыма өнері (текстиль), ағаш, темір ұқсату (дерево и металл) мамандығы ашылды.

Сөз арасында айта кету керек, факультетте сәндік қолөнер түрлерінің өту барысын жақсарту, жетілдіру мақсатымен О.Попованың “Педагогикалық институттардың көркем сурет факультеттерінде тоқыма өнімдерін көркем өңдеуге үйрету

әдістемесінің негізі” атты диссертациялық еңбегі жазылды. Бұл еңбекте “ши тоқу техникасы”, “тоқу өнері”, “матаны көркемдеу” материалдарын студенттерге жан-жақты салыстыра жете меңгерту үшін факультетте “Шығыстың дәстүрлі сәндік қолданбалы өнері” атты пәннің өтілу қажеттігі дәлелденіп, негізделді. Аталған пән студенттердің Италия, Орта Азия, Қазақстан, Түркия, Иран халықтарының сәндік-қолданбалы өнер туындыларының даму тарихы мен жасалу әдістерін оқып үйренуіне септігін тигізеді.¹

Сондай-ақ, факультеттегі студенттердің өз қолымен жасаған қазақ халқының қолөнер бұйымдары ежелгі мәдени мұраның жалғасын тауып келе жатқанын дәлелдейді. Бұл факультет оқытушыларының еңбегінің орасан үлкен екендігін көрсетеді. Әрі 8-9 жыл-ақ бұрын қолға алынған қолөнер түрлері шеберлігін студенттердің тез меңгеріп, үйреніп қана қоймай, нәтижесін көрсетуі олардың өз елінің төл мәдениетіне, рухани мұрасына деген қызығушылығы мен құштарлығының басымдығын байқатады.

Дегенмен, факультеттің оқу жоспарына тоқыма, ағаш, темір ұқсату өнерлерінен басқа қолөнер түрлерінің еңбеуі, О.Попованың 2-4 курс студенттеріне арнайы негіздеп жасаған “Шығыстың дәстүрлі сәндік қолданбалы өнері” пәнінің тиімді жүргізілмеуі (тек 2 курста оқытылып жүр, оқытушы Орадов Ш), студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тек тоқыма, ағаш, темір өңдеу өнерлеріне қатысты ғана меңгертілуі, олардың өзінде теориялық білім мазмұнына жете көңіл бөлінбейтіндігі, теориялық курс болып табылатын Қазақстан өнері тарихы, Қазақстан көркем мәдениетінің тарихы пәндерінің екеуінде де қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша бірдей тақырыптардың берілуі — қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің факультеттің оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолданылмай келе жатқанын дәлелдейді.

¹ Шындығына келсек оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығын қалыптастыруда бұл факультеттердегі оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктері мол Атап айтсақ:

- факультетте ою-өрнек өнері материалдарын қамти алатын пәндердің оқытылуы (кесте 3);

¹ Попова О.Н. Методические основы обучения художественной обработки текстильных материалов на художественно-графических факультетах педагогических институтов (техника “чия”, ручное ткачество, роспись ткани). Автореф. дисс. ...канд.пед.наук. М., 1993, стр. 16

Факультеттегі ою-өрнек өнеріне қатысы бар пәндер мен олардың сағат мөлшері

N	Пән аттары	бар-лығы	ауд.	лекц.	Сем.	пр.	студ. ж.ж.	курсы
1.	Философия	170	114	54	60		56	1-2
2.	Казахский язык	200	134			134	66	1-2
3.	Культурология	100	67	36	31		33	1
4.	История Казахстана	120	80	60	20		40	3
5.	Психология	80	54	54			16	1
6.	Педагогика	100	67	67			33	2
7.	История и теория ИЗО искусства	270	180	80		100	90	1-2-3
8.	Методика обучения ИЗО искусства	80	54	14		40	26	3
9.	История искусства Казахстана	54	36	10	16		18	4
10.	Основы декоративной композиции	213	142	12		130	71	3
11.	Проектирование текстильных изделий	138	92	7		85	46	3-4
12.	Художественная обработка традиционных материалов	213	142	8	134	85	71	3-4
13.	ПУМ. Художественная обработка дерева	257	172	6		166	85	3
14.	ПУМ. Художественная обработка металла	324	216	6		210	108	3-4

- олардың (әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы-кәсіби пәндер) бағдарламаларында қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық теориясын аша алатындай тақырыптардың берілуі (кесте 4);

- ою-өрнек өнеріне қатысты шағын шеберханалардың жұмыс істеуі;

- онда кәсіпқой арнайы мамандардың еңбек етуі (Тұрлығұлов Ж. домбыра шебері, Пилипенко Г.А. - зергер);

- студенттердің қазақ халқының қолөнеріне байланысты курс, диплом жұмыстарын орындауы;

- ою-өрнек өнері бойынша аудиториядан тыс жұмыс формаларын ұйымдастыруға қолайлы жағдайларының бар екендігі т.б.

Соның ішінде, біздің зерттеуіміз үшін пәндер мүмкіндіктерінің орны ерекше болды. Мәселен, *әлеуметтік-гуманитарлық* пәндер қатарына енетін *“Қазақстан тарихы”, “Мәдениеттану”* курстарын алып қарайық.

Пән бағдарламаларындағы ою-өрнек өнеріне тікелей қатысы бар тақырыптар.

N	Пән аттары	курсы	тақырыптары
1.	“Киіз басу, шитокү шеберлігі”	1	1. Қазақтың дәстүрлі өрнек түрлері 2. Халық шеберлерінің жасаған өрнектелген бұйымдары 3. Өрнек ою жолдары 4. Өрнекті композицияны өз бетінше құрастыру 5. Шым шиді өрнектеу жолдары 6. Киізден жасалатын бұйымдардың өрнектелу принциптері
2.	Шығыстың дәстүрлі сәндік өнері	2	Азия мемлекеттеріндегі тоқыма өнерінің дамуы
3.	“Кілем тоқу шеберлігі”	2	1. Кілем тоқу, түкті кілемді көркемдеу (ою-өрнек мотивтерінің, бояу шешімі) 2. Жаккардтық жиһаз кілемдері (ою-өрнек мотивтерінің алуандығы және жаккардтық жиһаздық маталардың суреттерінің композициялық құрылысының принциптері). 3. Қазақ халқының басқұр өнері. Өрнекті бауқұрлардағы өрнектелудің жалпы принциптері. Ақ басқұрдың жасалу техникасы.
4.	Дәстүрлі мата бұйымдарын көркем өңдеу	3 4	1. Құрақ құраудың негізгі мотивтерінің техникасы. 1) Біз кесте - Қазақстанның дәстүрлі бұйымдарын өшекейлеудің негізгі элементі 2) Айқас тігу кестесі
5.	Сәндік композиция негіздері	1	1. Ою-өрнектер, оның шығу тарихы, ою-өрнектер композициясы. Ою-өрнектер композициясының бағыты, құрылымының заңдылықтары. Ою-өрнектің затпен, оның құрылымымен, материалымен практикалық қолданылуымен органикалық байланысы 2. Ою-өрнектердің түрлері, олардың құрылымы

		а) геометриялық ою-өрнектер ә) өсімдік тектес ою-өрнектер б) жан-жануарлар тектес ою-өрнектер в) қаріптік ою-өрнектер (шрифтовый орнамент) 3. Құрылым заңдылықтарына байланысты ою-өрнектердің әр түрлілігі 4. Ою-өрнек өнеріндегі ұлттық дәстүрлер мен қазіргі заман символикасы 5. Негізгі және ою-өрнектерге қатысты түстер 6. Ою-өрнектердің бояусыз кескіні (Ахроматические орнаментальные цвета) 7. Алуан түсті ою-өрнектер композициясының құрылымдық принциптері	
6.	Өнер тарихы	1	1. Неолит дәуіріндегі ою-өрнектің дамуы
7.	Қазақстан өнері тарихы	4	1. Қазақтың қолөнеріндегі символдық мәні мен семантикалық ерекшелік 2. Киіз үй 3. Ою-өрнек 4. Андронов мәдениеті мен үнді арийлік өнер мәселесі 5. Сақтардың көркем мәдениеті 6. Қыпшақ, кимақ өнері 7. Шеңбер, крест, шиыршық шимай, ромб басқа да ою-өрнек түрлері. Ою-өрнек түрлері. Ою-өрнек композициясының нәрсені көркемдеудегі ролі 8. Ою-өрнек түрлерінің материалға орналасу ерекшеліктері 9. Ұлттық накыш ізденістер
8.	Қазақстан көркем мәдениеті тарихы	1	1. Андронов мәдениеті және үнді арийлік өнер мәселесі 2. Сақтардың көркем мәдениеті 3. Гундардың көркем мәдениеті 4. Үйсіндер, қаңлылар, сағдылар, мифологиясы мен өнері, көркем мәдениет ескерткіштері 5. Түркі қағанатының мәдениеті мен өнері 6. Қыпшақ-кимақ елінің өнері 7. Монғол қағанатының мәдениеті мен өнері 8. Дін және өнер 9. Қазақтың қолөнеріндегі символдық мән

		мен семантикалық ерекшелік	
9.	Педагогика	3	10. Қазақстанның дәстүрлі сәулет өнері және қала мәдениеті 1. Тәрбиенің мазмұны, түрлері, әдістері мен құралдары. Оқушылардың дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы 2. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны 3. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны 4. Еңбектің мәні мен балаларды еңбекке тәрбиелеу, оның құралдары мен әдістері 5. Эстетикалық тәрбиенің мәні, оның құралдары мен әдістері 6. Дене тәрбиесінің мазмұны 7. Экономикалық, экологиялық тәрбие мазмұны 8. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жүйесі
10.	Педагогика тарихы		1. Алғашқы қауымдық, құлиеленушілік және феодалдық қоғамдағы тәрбие. 2. Қазақстандағы мектептер мен педагогикалық ойлардың даму тарихы.

“Мәдениеттану” пәнінің 3-тарауы қазақ мәдениетінің тарихына арналған. Қазақ мәдениетінің даму көздерінің бірі — қазақ ұлттық ою-өрнек өнері болып табылады. Олай болса бұл пәнді оқыту барысында студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің Қазақстан көркем мәдениетінен алатын орнын және оның тарихи дамуына орай кейбір мазмұндық ерекшеліктерін басқа ұлт өкілдерінің ою-өрнектерімен салыстырмалы түрғыда таныстыру әбден мүмкін.

“Қазақстан тарихы” курсына халықтың әлеуметтік-экономикалық тарихи дамуы ғана емес, әр дәуірге тән олардың мәдениеті, соның ішінде өнер түрлерінің дамып қалыптасуы да қарастырылады. Сондықтан да оның қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің ерекшеліктерін тарихи дамуына орай мазмұндауда мүмкіндігі мол. Оның үстіне бұл курс студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша “Мәдениеттану” пәнінен алған білімдерін тереңдете түседі.


Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін студенттерге жете меңгертуде *жалпы кәсіби пәндер* мүмкіндіктері де бар. Өйткені бұл пәндер құрамына:

- ою-өрнек өнеріне тікелей қатысы бар “Сәндік композиция негіздері”, “Киіз басу, ши тоқу шеберлігі”, “Кілем тоқу шеберлігі”, “Мата бұйымдарын көркем өңдеу”, “Шығыстың сәндік қолданбалы өнері” т.б.;

- ою-өрнек өнерінің шығу тарихын, дамуын, мазмұны мен өзіндік



МҮЙІЗ ОЮ



ҚОЛТЫҚ ОЮ



МҮЙІЗ



ҚОШҚАРМҮЙІЗ



ҚОСМҮЙІЗ



ТАБАН



ҚЫҢЫРМҮЙІЗ



ТҮЙЕТАБАН



АҒЫН СУ, АРЫҚ



ТЕҢІЗ ТҮБІНІҢ
ЖҮЛДЫЗДАРЫ



ТЕҢІЗ БЕЛГІСІ



ДӘН ДАҚЫЛДАР



ҚАРҒАТУЯҚ



АШАТУЯҚ



ИТКҮЙРЫҚ



ЖАРҚАНАТ



ҚҮСМҰРЫН



ҚОЯНҚҮЛАК



ШИЫРШЫҚ



АҒАШ




ГҮЛ



ЖАПЫРАҚ




ЖАУҚАЗЫН



ҮШ ЖАПЫРАҚ




ШЕҢБЕР



СЫРҒА ТЕРУ



ШИМАЙ



ИРЕК



ТӨРТҚҰЛАК



ТӨРТҮШКІЛ



ӨТКІЗБЕ



ҚАЗМОЙЫН



ӨРКЕШ



СОЛАҚ ТЕРУ



ТАҢДАЙ



ӨРМЕКШІ



ИТТАБАН



ШҮҒЫЛА



БАЛДАҚ



ЖҮЛДЫЗ



ҚАРМАҚ



АЙШЫҚ



ТҮМАРША



БІТПЕС



ШЫНЖАРА




ҚАРҒАТҰЯҚ



ШЫНЖЫРА



БАЛЫҚКӨЗ



НӘЙЗЕКІ



ДӨДЕГЕ



БАУЫРСАҚ



СЫҒАРМҮЙІЗ



СОЛАҚ



КЕЛІНБАРМАҚ



БЕС ТАҢБА



ЖІЛІНШІК



БАЛТА



ГҮЛ




ҚАЙНАР



БЕС ДӨҢГЕЛЕК



ОМЫРТҚА




ҚАҢҚА



ӨРКЕШ



КҮН




ҮШ ГҮЛ



БАЛТА САБЫ



БОТА МОЙЫН



ЖҮЛДЫЗ



ҚОС ДӨҢГЕЛЕК



ЖҮЛДЫЗША



ҮШ ГҮЛ

БЕС ГҮЛ



ҚАЗМОЙЫН

БЕС ДӨНГЕЛЕК



АЙШЫҚ

ТАБАН



ҚҰСТАҢДАЙ



АЙБАЛТА




АЙМҮЙІЗ



ҚОСМҮЙІЗ




ОМЫРТҚА



ТІКМҮЙІЗ



БАЛТА




ҚҰМАНБАУ



ШЫНЖЫРА



ТҮМАРША




ОРАМАЛ БАЛДАК



ҚАНАТТЫ ОЮ



ТҮНДІК ОЮ



ГҮЛ ОЮ




ЖАРТЫ СІРГЕ



АШТАРХАН

ТЕРҮ




КІШІ ҚОРА


ҮЛКЕН ҚОРА



ТУЫРЛЫҚҚАС



СЫРҒА



БАЛДАҚ ТҰМАРША



ТЕРІСБҰТАҚ



ШАЛМА



КЕРЕҒЕ



ТЕҢІЗ



БАЛДАҚ ТҰМАРША




БАЛДАҚ ТҰМАРША



СЫНЫҚ МҮЙІЗ




ТІКМҮЙІЗ



ҚАЖАРЫ




ЖАРТЫ ҚАЖАРЫ



ТҮК



ТҮРКМЕН ТЕРҮ



ҚОС МҮЙІЗ



ҚҰСҚАНАТ



КЕСІК БАС ҚОРА ТЕРҮ



ҚҰСҚАНАТ




ҚОРАСАН



ЕКІ ЖҮЗДЕМЕ




ЖАРТЫ ҚОРАСАН




БҮТІН ЕКІ ЖҮЗДЕМЕ



ЖАРТЫ ЕКІ ЖҮЗДЕМЕ




МҮЙІЗДІ ҚОРСАН



ЖҮЗ ТЕРҮ



СҰЛАМА



ШЫТЫРМАН



СІРГЕ ТЕРУ



ШАТТЫҚ



ШАТТЫҚТАҒЫДАЙ



ШАҚА ГҮЛ



СУ, МАЛ, ГҮЛДЕН
ҚҰРАСТЫРҒАН ОЮ

II-тарау

ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА СТУДЕНТТЕРДІҢ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесіне пайдалануға даярлықтарының төмендігі мен сол бойынша бірізділікпен берілген әдістемелік жүйенің жоқтығы оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау процесі бойынша жоғары педагогикалық оқу орындарында қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттігін тудырды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты — оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің теориялық және практикалық даярлықтарын қамтамасыз ету. Оның *міндеттері* болып бейнелеу және қолданбалы өнер факультеттерінде оқытылатын әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндер мүмкіндіктерін пайдалану, арнайы курс бағдарламасын жасап эксперименттік мақұлдаудан өткізу, педпрактика кезеңінде студенттердің теориялық білімдерін бекіту, оқушылар тәрбиесінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалана білу іскерліктерін қалыптастыру және оны өз бетінше дербес практикада пайдалануға дағдыландыру саналды. Қалыптастыру эксперименті 3 кезеңде өтілді.

2.1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін әлеуметтік-гуманитарлық және жалпы кәсіби пәндерде пайдалану.

Қалыптастыру экспериментінің I-кезеңінде студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білімдерін тереңдету үшін әлеуметтік-гуманитарлық, соның ішінде “Мәдениеттану”, “Қазақстан тарихы” пәндері бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар жасалды.

Сөз арасында “Мәдениеттану” пәніне қатысты ескерте кететін бір жайт, бүгінгі таңда “Қазақстан көркем мәдениеті тарихы” бойынша өз алдына жеке курс бағдарламасының жарық көргенімен бұл курс Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне дербес пән ретінде ене қойған жоқ. Сол себепті біз “Қазақстан көркем мәдениетінің

тарихы” бағдарламасының негізінде жасаған қосымша материалдарын эксперимент барысында мәдениеттану пәнінің 3-тарауына пайдаландық. Және екі тақырып бойынша семинар сабақтарын өткіздік.

Студенттер осы қосымшадағы материалдарды меңгеру нәтижесінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің Қазақстан көркем мәдениетінің бастапқы қайнар көзінің бірі екендігін түсінді, оны басқа ұлт өкілдерінің өрнектерімен салыстыра үйрену негізінде өзіндік кейбір ерекшеліктерін және оның тарихи даму жолдарын оқып білді.

Олар осы алған білімдерін *“Қазақстан тарихы”* бағдарламасына жасаған қосымша негізінде жалғастырды. Бұл қосымшада қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдарын 11 тақырыпта пайдалану ұсынылады. Олар соның негізінде қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тарихымен, дамуымен, соған байланысты мазмұндық ерекшеліктерімен толығырақ танысты.

Зерттеу барысында біз студенттердің жоғарыда көрсетілген қосымша материалдарын қай дәрежеде меңгергендігін байқау мақсатында, оларға *“Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолдары”* атты шағын шығарма жаздырдық. Нәтижесінде студенттердің 62%-і қосымшада берілген материалдарды толық меңгергенін көрсетті. Олар өз шығармаларында қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу тарихы тас дәуіріне саятынын, оның XIV-XV ғасырларда дами түскенін, XVI-XVII ғасырларда ұлттық дәстүрде өркендегенін, XIX ғасырдың 2-ші жартысынан бастап оларға қатысты көптеген көрмелер ұйымдастырылып, мұражайлардың ашылғанын, фабрика, заводтардың ұлттық ою-өрнектерге ден қойғанын, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін де ұлттық ою-өрнектерге баса назар аударылуын, бүгінгі жас ұрпақтың оны оқып-үйрену қажеттігін әңгімелеп жазды.

Дегенмен бұл білімдер студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан теориялық даярлығында жеткіліксіз болды.

Сол себепті біз аталған пәндер сабақтарына да қатысып, талқылап, пән оқытушыларымен әңгімелесулер ұйымдастырып және бағдарламаларды оқып-үйрену, талдау жұмыстарын жүргізгенбіз.

Бізге осы бағдарламаларды талдау нәтижесі — жалпы кәсіби пәндер бағдарламаларына да қосымша енгізуге ықпал етті.

“Киіз басу, ши тоқу шеберлігі”, “Кілем тоқу шеберлігі”, “Дәстүрлі мата бұйымдарын көркемдеп өңдеу”, “Сәндік композиция негіздері” пәндері оқу шеберханаларында (ПУМ) өтіледі. Оларда практикалық сағат сандары басым. Дегенмен біз ондағы лекция мүмкіндіктеріне байланысты пән бағдарламаларының мазмұнына қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша материалдар енгіздік. Мәселен, *“Киіз басу, ши тоқу шеберлігі”* пәнінде 7 тақырыпта, *“Кілем тоқу шеберлігі”* пәнінде 2 тақырыпта, *“Дәстүрлі мата бұйымдарын көркем өңдеу”* пәнінде 3 тақырыпта, *“Сәндік композиция негіздері”* пәнінде 7 тақырыпта пайдаланылды.

Бұл қосымшалар студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін жүйелі меңгеруіне септігін тигізді. Олар киізге, шиге салынатын өрнектерді жете үйренуі негізінде кілем, құрақ, кесте өрнектерінен ажырата алатын болды. Яғни, киіз басу, тоқыма шеберлігінде ою-өрнектерді орынды қолдана білетін халге жетті.

Зерттеу барысында біз *“Ою-өрнек көрмесі”* әдістемесін жүргіздік. Ондағы мақсатымыз — студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнектерін іріктей білу іскерліктерін айқындау болып табылды. Осы мақсатпен студенттерге төмендегідей тапсырмалар берілді:

1) Экраннан 40 шақты ою-өрнектің суреттері көрсетіліп, а) оларды сәндік-қолданбалы өнердің қай түріне салынатындығына байланысты; ә) атауларының мағынасына қарай; б) өрнектеу әдістеріне қарай топтап жазу тапсырылды;

2) Алдын ала тоқыма, киіз басу, зергерлік, ағаш ою өнерлеріне қатысты 10-ға жуық бұйымдар таңдап алынды. Арнайы қағаздарға олардың атаулары жазылып, сыртқы формалары ғана сызылды. Студенттер сол бұйымдарға салынатын ою-өрнектерді тауып жазып, себебін түсіндіруі тиіс болды.

3) 15 шақты сәндік-қолданбалы өнер туындылары (ұлттық киімдер, ыдыстар, әшекейлер) көрсетілді. Студенттерден ондағы әр бұйымда бейнеленген ою-өрнектің: а) мағынасына байланысты, ә) бояу түстеріне байланысты, б) құрылымдық жүйесіне байланысты, в) өрнектеу әдістеріне байланысты дұрыс, дұрыс еместігін анықтау талап етілді.

Соңынан олардың орындаған жұмыстары жинап алынып

тексерілді. Нәтижесінде студенттердің көпшілігі сәндік қолөнер туындыларындағы ою-өрнек түрлерін, соған байланысты өрнектеу әдістерін жетік меңгергенін, дейтұрғанмен мазмұндық ерекшеліктерін біле бермейтінін байқатты.

Сонымен бірге студенттерге “*Өнер тарихы*”, “*Қазақстан өнері тарихы*” бағдарламаларына жасалған қосымша материалдары қоса меңгертілді. Бұл пәндер таза теориялық курс болып табылып, студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білім қорын кеңейтумен қатар, рухани-интеллектуалдық сапасын дамытып, сөйлеу тілін байытуға көп септігін тигізді.

Өкініштісі “Қазақстан өнері тарихы” пәнінің 4 курста өтілуі. Біздің ойымызша бұл студенттердің ұлттық қолөнер түрлерін жүйелі оқып үйренуіне кедергі келтіреді. Өйткені, 1-2 курстарда оқытылатын сәндік қолөнері пәндерінің негізгі мақсаты қолөнер түрлерінің жасалу технологиясының әдіс-тәсілдерін үйрету болғандықтан ою-өрнек өнері бойынша теориялық білімдерді толық қамти алмайды. Ал қазақ халқының қолөнер түрлерінің бітімі, мазмұндық болмысы оның ою-өрнек өнерінен айқын көрінетіні себепті аталған пәндердің қатар жүргізілгені жөн. Оның үстіне теориялық білімдердің жүйелі берілмеуі мамандарда ой саяздығының қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін, *бұл біріншіден. Екіншіден* студенттер өз елінің өнерін жете меңгергенде ғана өзге ел өнер түрлерін, яғни жалпы адамзаттық өнер мұраларын дұрыс игере алады. *Үшіншіден* студенттер өз елінің өнер тарихын, оның теориялық мазмұндық ерекшеліктерін білуі негізінде ғана дүние жүзі өнер түрлерінің өзіндік өзгешеліктерін салыстырмалы түрде (Ежелгі Египет өнері, Ежелгі Греция өнері т.б.) үйренетіндігі ақиқат. *Төртіншіден* баланың тілі өз ана тілінде шығуы қандай қажет болса, студенттердің де өнер тарихынан алғашқы білімдерді өз елінің дәстүрінде меңгергені сонша қажет. Өйткені бұл қажеттіліктің іске асуы нәтижесінде олардың төл мәдениетіне сүйіспеншілігі оянып, оның қыр-сырын білуге ынтасы артып, өз ұлтының өнер туындыларын жоғары бағалап, оларға дұрыс көзқарасы қалыптасады.

Мұндай олқылықтардың орнын толтыру үшін Қазақстан өнері тарихынан, оның тарихи дамуынан, теориясынан мазмұнды

мәліматтар бере алатын “Қазақстан өнері тарихының” 1-курста оқытылуы жөн сияқты.

Тағы бір өкініштісі — “Қазақстан көркем мәдениеті тарихы” бағдарламасында берілген бірқатар тақырыптар мен олардың мазмұнының “Қазақстан өнері тарихы” пәнінің жұмыс бағдарламасында қайталанып берілуі. Атап айтсақ: 1. Өнердің пайда болу мәселесі; 2. Мифология және өнер; 3. Тас дәуіріндегі көркем мәдениет; 4. Андронов мәдениеті және үндіарийлік мәселесі; 5. Оба — “әлем ескерткіші”; 6. Қазақстан қолөнеріндегі символдық мән мен семантикалық ерекшелік; 7. Қазақстанның дәстүрлі сәулет өнері және қала мәдениеті. Әрине, мұндай кемшіліктердің кездесуі аталған пәндердің оқу жоспарына соңғы жылдары ғана ене бастағанына байланысты екендігі сөзсіз. Сол себепті біз (екі бағдарламаларға да арнап жасалған қосымшаларда) аталған тақырыптарды сақтап қалғанымызбен олардың мазмұнына өзгерістер енгіздік.

Эксперимент барысында қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары “Өнер тарихы” пәнінде 7 лекциялық, “Қазақстан өнері тарихы” пәнінде 9 лекциялық, 2 семинарлық тақырыпта пайдаланылды.

Студенттер семинар сабақтарында лекция материалдарын терең меңгергендерін, семинар тақырыптарына қатысты әдебиеттерді жан жақты оқып үйренгендерін, әрі өз ойын анық жеткізе білу, еркін сөйлеу қабілеттерінің дами түскенін көрсетті. Мұның жарқын айғағын 4 курс студенттерінің күшімен өткізілген “*Ою-өрнек әлеміне саяхат*” (қосымшаны қараңыз) атты тақырыптық кештен байқауға болады. Бұл кештегі тыңдарман қауымның көп бөлігі 1-3 курс студенттері болды. Кеш соңында оларға осы тақырыптық кештен алған әсерлері бойынша шығарма жазу тапсырылды. Осы шығармаларды талдау нәтижесі олардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне деген қызығушылығымен, оны үйреніп білуге деген талпыныстарының басымдығын, оның бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану қажеттілігін түсінетіндігін байқатты. Енді солардың кейбірінен үзінді келтірейік: 1 курс студенті (Р.К): “Мен қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін соншалықты дәрежеде бағалы өнер екенін білмейтінмін. Осы кештен кейін менің бұл өнер түріне көзқарасым өзгерді. Оны әлі де тереңірек

білгім келеді”; 1-курс студенті (Ж.Ш.): “Мен мектеп қабырғасында жүргенде сурет сабағында бір рет ою-өрнектің суретін салғанымды білемін. Содан соң оған қайта оралып, мән берген емеспін. Бүгінгі кеш мені көп ой-қиялдарға жетеледі. Мен өз ойымды өрнектеп бейнелегім келеді”; 2-курс студенті (А.С.): “Осындай кештер, сол сияқты кездесулер, көрмелер факультетте көбірек өткізіліп тұрса екен”; 3-курс студенті (Қ.Ә.): “Мен ою-өрнек өнерінің кейбір ерекшеліктерін мектептен үйренбегеніме өкінемін. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларын ою-өрнектің алуан түрлі қыр-сырымен таныстыру аса қажет”; 3-курс студенті (Г.Б.): “Бүгінгі ұрпақ бұл өнер түрін үйренуі негізінде, өзінің ата-бабасының аса дарындылығына, білімдарлығына, шеберлігіне сүйсінеді, оны құрметтеуге үйренеді” т.б.

Студенттерге осы қосымшалар материалдары оқытылып біткеннен кейін, “*Ою-жұмбақ*” әдістемесін жүргіздік. Ондағы мақсатымыз — студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық ерекшеліктерін меңгергенін айқындау болды. Жұмыстың барысында әрбір студентке мынадай 3 тапсырма берілді:

1. Ою-өрнек бейнеленген суретті карточкалар таратылды. Ондағы ою-өрнектің: а) атауын, ә) символын, б) қолданылу орнын, в) соған байланысты өрнектеу әдістерін, г) оның басқа ұлт өкілдерінің өрнектеріне байланысын сипаттап жазу;

2. Екінші карточкаларда: а) бір бұйымда кездесетін бірнеше өрнектердің суреттері қатар берілді. Сол ою-өрнектердің мағынасын ашу, соның негізінде ондағы жасырын ойдың шешімін табу; б) белгілі бір ой не құбылыс сөзбен жазылады да, соны ою-өрнек арқылы бейнелеп көрсету;

3. Үшінші түрлі карточкаларда: а) бірқатар ою элементтері беріледі де, сол элементтерден нақты бір оюды құрастыру; б) үштен бір бөлігі салынып басталған белгілі бір оюды аяқтап бітіру тапсырылды. Олардың жауаптары төмендегідей көрсеткіштермен бағаланды (Кесте 5).

Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұндық ерекшеліктерін меңгергендігін анықтаудағы көрсеткіштер мен бағалануы

NN	Көрсеткіштер	Бағалануы		
		Ою-өрнектің атауларын, символдарын біледі, мәнін түсінеді. Ою-өрнекте берілген ойды өз бетінше оқи алады.	Ою-өрнектің атауларын, символдарын біледі, мәнін түсіне бермейді. Ою-өрнекте берілген ойды өз бетінше оқи алмайды.	Ою-өрнектің атауларын, символдарын біледі, мәнін түсінбейді. Ою-өрнекте берілген ойды оқи алмайды.
1.	Мағыналық ерекшеліктерін меңгеруі	Ою-өрнектің атауларын, символдарын жетік біледі, мәнін түсінеді. Ою-өрнекте берілген ойды өз бетінше оқи алады.	Ою-өрнектің атауларын, символдарын біледі, мәнін түсіне бермейді. Ою-өрнекте берілген ойды өз бетінше оқи алмайды.	Ою-өрнектің атауларын, символдарын біледі, мәнін түсінбейді. Ою-өрнекте берілген ойды оқи алмайды.
2.	Бояу түстеріне байланысты ерекшеліктерін меңгеруі	Бояу түсіне байланысты заңдылықтарын толық біледі, символикасын ажырата алады.	Бояу түстеріне байланысты заңдылықтарын толық білмейді, символикасын ажырата алады.	Бояу түстеріне байланысты заңдылықтарын білмейді, символикасын ажырата алмайды.
3.	Құрылымдық жүйесіне байланысты ерекшеліктерін меңгеруі.	Құрылымдық жүйесінің тұрақты, жүйелі принциптерін толық біледі, оны берік сақтайды.	Құрылымдық жүйесінің тұрақты, жүйелі принциптерін толық білмейді.	Құрылымдық жүйесінің тұрақты, жүйелі принциптерінен ішінара хабары бар.
4.	Басқа халықтардың өрнектерімен ұқсастықтарын, одан өзгешілігін, оның себептерін толық біледі.	Басқа халықтардың өрнектерімен ұқсастығын, одан өзгешілігін біледі, себептерін түсіне бермейді.	Басқа халықтардың өрнектерімен ұқсастықтарын, одан өзгешілігін ішінара біледі, себептерін түсінбейді.	Басқа халықтардың өрнектерімен ұқсастықтарын, одан өзгешілігін білмейді, себептерін түсінбейді.
5.	Өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктерін меңгеруі.	Сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне қатысты өрнектеу әдістерін біледі, саралап көрсете алады.	Сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне қатысты өрнектеу әдістерін біледі, саралап көрсете алмайды.	Сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне қатысты өрнектеу әдістерін білмейді, саралап көрсете алмайды.

Мысалы ретінде 1 топтың көрсеткіштерінің нәтижесін беріп отырмыз (Кесте 6).

Кесте 6

Жиынтық парағы

NN	Студент-тер	Мағыналық ерекшеліктерін меңгеруі	Бояу түстеріне байланысты ерекшеліктерін меңгеруі	Құрылымдық жүйесіне байланысты ерекшеліктерін меңгеруі	Басқалықтардың өрнектерімен байланысын меңгеруі	Өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктерді меңгеруі	Жалпы деңгейі
1	А.Б.	2	3	3	2	3	13/5
2	Е.С	1	2	2	2	2	9/5
3	Ж.Г.	2	3	2	2	3	12/5
4	А.Б	1	1	1	1	1	5/5
5	З.Қ	2	2	3	3	2	12/5
6	Б.Қ	2	2	2	2	3	11/5
7	С.Ө	1	1	1	1	2	6/5
8	Л.М	1	1	1	2	2	7/5
9	У.З	1	2	2	1	2	8/5
10	К.Е	3	3	3	3	3	15/5
11	С.Л	1	2	2	2	2	9/5
	Бал сомасы	17	22	22	21	25	107/5=21,4
	Орташа көрсеткіш	17:11=1,54	22:11=2	22:11=2	21:11=1,9	25:11=2,27	21,4:11=1,94

Бұл кестеден студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бояу түстеріне байланысты, құрылымдық жүйесіне байланысты, өрнектеу әдістеріне байланысты білім деңгейлерінің айтарлықтай көтерілгенін, мағыналық ерекшеліктері бойынша білім деңгейлерінің төмен екендігін байқауға болады. Ал біздің зерттеуіміз үшін қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мағыналық ерекшеліктерінің мәні аса зор. Олай дейтініміз ою-өрнек өнерінің бірқатар тәрбиелік

мүмкіндіктері оның мағыналық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Сол себепті біз студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мағыналық ерекшеліктеріне байланысты білім деңгейлерін көтеру мақсатында “Педагогика”, “Педагогика тарихы” курстарының бағдарламаларына қосымшалар жасадық. Төменде сол қосымшалардың мазмұны баяндалады.

Педагогика курсы бағдарламасына қосымшада қазақ ұлттық ою-өрнек материалдарын “Тәрбие теориясы” бөлімінің 8 лекциялық, 2 семинарлық тақырыбында пайдалану ұсынылады.

1. *“Тәрбиенің мазмұны, түрлері, әдістері мен құралдары. Оқушылардың дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы”* тақырыбын қарастыру барысында, тәрбие құралының бірі ретінде “ою-өрнек өнерінің” мүмкіндігін көрсету. Оның тәрбиенің барлық құрама бөлшектерін біріктіретінін дәлелдеу. Ою-өрнек өнерін оқыту мен үйрету барысында қолданылатын педагогикалық әдіс, амалдарға сипаттама беру: көрсету, түсіндіру, үлгі-өнеге, мадақтау, марапаттау, жаттықтыру, реніш білдіру, жазалау, тыйым салу, танданту, алғыс айту, қызықтыру, бұйыру, жеру, әңгімелеу, талдау, еркелету, сенімсіздік білдіру, салыстыру, ырымдау т.б.

Оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру процесінің мазмұнын ашу барысында, ою-өрнектердің дүниетанымдық қызметін түсіндіру. Ертеде дүниенің пайда болуының негіздері саналған аспан, от, су, тау белгілерінің, оларға байланысты ұғымдардың алғашқы шыққан ою-өрнектерде (“жұлдыз”, “күн”, “тау”, “су” т.б. оюлары) берілу себептерін түсіндіру. Осыған орай оқушылардың дүниетанымына әсер ететін ою-өрнектердің ерекшеліктерін (символдық мәні, мазмұны, тілі т.б.) саралау және оларға сипаттама беру.

2. *Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұнына сипаттама беру тақырыбын* өту барысында, ою-өрнек өнерінің өн бойында өмірден (табиғаттан, құбылыстан) еленіп алынған білімдер жүйесінің топтастырылуының мәнін ашу. Ою-өрнек өнері негізінде баланың ақыл-ой, тәрбиесіне әсер ететін математикалық, компьютерлік, әдебиеттік (ою-өрнек мәнін, маңызын анықтайтын аңыз-әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдер т.б. арқылы) тәсілдерді және оларды іске асыратын әдістерді (көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, қызықтыру т.б.) меңгерту.

3. *Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына сипаттама беру* барысында ою-өрнек өнері арқылы да жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерін (әділеттілік, сыйластық, ұжымдық, төл мәдениетіне,

туған еліне сүйіспеншілігі т.б.) қалыптастырудың мүмкіндіктерін түсіндіру. Ою-өрнек өнері негізінде адамгершілік тәрбиесін іске асырушы тәсілдерге: *практикалық* (жұмыс формалары: асар, сый табақ тарту, ұжымдық еңбек, жеке еңбек, жарыс, көрме т.б.), *әдебиеттік*, (күралдары: аңыз, әңгіме, ертегі, шешендік сөздер, мақал-мәтел т.б.) *теориялық* (ою-өрнек атауларының семантикасы, тілі, ойы, символдық мәні, заңдылықтары, ерекшеліктері т.б.) сипаттама беру. Олардың әдістері (көрсету, жасату, түсіндіру, марапаттау, әңгімелеу, меңгерту, талдау, сендіру т.б.) жөнінде толық мағлұмат беру.

4. *Еңбектің мәні мен балаларды еңбекке тәрбиелеу, оның күралдары мен әдістері* тақырыбын өту барысында, қазақ халқының еңбек тәрбиесінің түп негізінің бірі қолөнері, оның ішінде ою-өрнек өнері екендігін әңгімелеу. Балалардың ісмерлік, біліктілік, шеберлік, шапшаңдық қабілеттерін, еңбексүйгіштік, жауапкершілікті болу т.с.с. қасиеттерін дамытуда ою-өрнек өнерінің ролін баяндау. Еңбек тәрбиесінде ою-өрнектерді пайдалану әдістеріне (көрсету, жасату, жаттықтыру, мақтау, марапаттау, бұйыру, реніш білдіру, алғыс айту, үлгі-өнеге, жазалау, түсіндіру т.б.) сипаттама беру.

Жұмыс формаларын (асар, ұжымдық еңбек, жеке еңбек, қыздар еңбегі, ұлдар еңбегі, жарыс т.б.) саралау, ұғындыру. Ою-өрнек өнерінің еңбек тәрбиесіндегі мәнін ашу. Ою-өрнектердің қолданылу ерекшелігі мен жасалу жолдарын мазмұндау.

5. *Эстетикалық тәрбиенің мәні, оның күралдары мен әдістері* Эстетикалық тәрбиенің негізі ою-өрнек өнері екендігінің мәнін ашу. Ою-өрнектердің (жан-жануар, аң, құс тектес, өсімдік тектес, геометриялық, космогониялық) түрлері; олардың қолөнер бұйымдарында (тоқыма, киіз жасау, зергерлік, ағаш өңдеу т.б.) қолданылуы; материалмен, бояу түсімен үйлесімділігі; жып-жинақы орналасуы мен әсемдігі; шебердің талғамы мен білімдарлығы т.б. ерекшеліктеріне сипаттама беру. Ою-өрнек өнерінің балалардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы орнын ашу. Ою-өрнек өнерін эстетикалық тәрбиеде іске асыруда пайдаланылатын, **көркемдік** - (қолөнер бұйымдарында, сәулет өнерінде белгіленген ою-өрнектердің жалпы жеке көрінісі) **музыкалық** - (ою-өрнек өнерінің еңбек процесінде жеке дауыста немесе топтасып ән шырқау т.б.), **әдебиеттік** - (ою-өрнек өнерінің эстетикалық әсерін қозғайтын аңыз, ертегі, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, көркем публицистикалық шығармалар т.б.), **практикалық** - (ою-өрнектерді өз қолдарымен жасай білу, соның негізінде олардың талғамдарының

даралануы, ісмерлігі, шеберлігі, дамуы т.б.), **теориялық** - (ою-өрнектердің шығу, даму тарихы, эстетикалық мән-маңызы, құрылымдық, үйлесімділік ерекшеліктері т.б.) тәсілдерімен таныстыру және әдістеріне (көрсету, түсіндіру, жасату, әңгімелеу, иландыру, салыстыру т.б.) сипаттама беру.

6. *Дене тәрбиесінің мазмұнына сипаттама беруде* дене тәрбиесіне ою-өрнек өнерінің де әсері барлығын түсіндіру. Қолөнердегі ою-өрнектердің жасалуына орай мәселен, шалу (саусақ қимылдары); қағу, тоқпақтау, білектен, сабалау, (қол қимылдары); тебу (аяқ, дене қимылдары) т.б. әдістеріне тәрбие күралдарына (кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, зергерлік өнері т.б.) толық сипаттама беру, меңгерту.

7. *Экономикалық, экологиялық тәрбие мазмұндарын ашу* барысында ою-өрнектердің тәрбиелік мүмкіндіктерін көрсету. Мәселен ою-өрнектерді жасау (қию, бастыру, жапсыру, тігу, тоқу, кестелеу, сыру, ою т.б.) үстінде материалдарды (жүн, мата, жіп, ағаш, темір, тері т.б.) үнемдеу мәселелерін баяндау. Ою-өрнектердің табиғаттан алынғандығын (өсімдік тектес, жан-жануар тектес ою-өрнектер), олардың салыну т.б. мақсатын, өн бойында қасиетті де әсерлі ұғымдардың бейнеленетін аша отырып, табиғатты қорғауға, табиғат байлығына құрметпен қарауға үйретудің мәнін ашуда қолданылатын әдістерді (әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, баяндау, салыстыру, құрметтеу т.б.) сипаттау.

8. *Сынып жетекшісі тәрбие жұмысының жүйесі* тақырыбын қарастырғанда халық шеберлері, қолөнер білгірлері, қолөнер зерттеуші ғалымдармен әңгімелесу, кездесулер, лекциялар; қолөнер түрлері тақырыбына қатысты апталықтар, викториналар, кештер, көрмелер т.б. жұмыс формаларын ұйымдастырудың жолдарын меңгерту.

Семинар сабақтары.

1. *Тақырыбы: Ою-өрнек өнері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру.*

Жоспары:

1. Ою-өрнек өнері - эстетика негізі;
2. Ою-өрнек өнерінің оқушылардың эстетикалық талғамына әсері.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері арқылы оқушыларды әсемдікке баулу.
4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

2. *Тақырыбы: Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері.*

Жоспары:

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - адамгершілік-эстетикалық тәрбиенің негізі.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - көркемдік білім мазмұнының құрамдас бөлігі.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - тәрбие құралы.
4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - әр түрлі оқу-тәрбие жұмыс формаларының негізі.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

3. *Тақырыбы: Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланудың әдіс, амал-жолдары.*

Жоспары:

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін сабақ үстінде пайдалану жолдары:
 - а) Бейнелеу өнері сабағында,
 - б) Көркем еңбек сабағында т.б.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін сабақтан тыс уақытта пайдалану жолдары:
 - а) Оюмен ой айтқан елміз (тәрбие сағаты).
 - ә) Ою-өрнек шеберімен кездесу.
 - б) Ою-өрнек өнерін зерттеушілермен сұхбат.
 - в) Ою-өрнек өнерінен алған әсерім (шығарма немесе ой бөлісу минуттары).
 - г) Қолөнеріне қатысты мұражайларға, фабрика, заводтарға экскурсия жасау.
 - д) Қолөнері бойынша оқушылар көрмесін ұйымдастыру.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

Педагогика тарихы курсы бағдарламасының мазмұнына қосымшада қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін 2 тақырыпта пайдалану ұсынылады.

1-тақырып. *“Алғашқы қауымдық, құл иеленушілік және феодалдық қоғамдағы тәрбие”.* Ою-өрнек өнерінің қазақ даласында тас дәуірінен бастап пайда болуын әңгімелеу. Сол кезеңнен үлкендердің балаларына ою-өрнек өнерін үйрете бастауының, үйрету тәжірибелерінің мәнін ашу. Ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мақсатта қолданылғанын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету. Мысалы, мазарлар мен мавзолейлерде ою-өрнектердің діни тәрбие беру мақсатында қолданылуы (Бәсенов К.).

Европа ғалымдарының қазақ халқының тұрмысында ою-өрнектердің алатын орны жөніндегі ой-пікірлеріне (Левшин, Боголюбов, Красовский, Потанин т.б.) шолу.

Феодалдық қоғамда бай-шонжар, хан, сұлтан, төрелердің тұрмыстық зат, бұйымдарындағы ою-өрнектер мен кара халықтың киіз үй жасауларындағы, киімдеріндегі өрнектерін салыстыра отырып мазмұнын ашу арқылы, олардың сол кезеңдегі тәлім-тәрбиеге әсерін сөз ету.

2. *Қазақстанда мектептер мен педагогикалық ойлардың даму тарихы.* Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың балаларға қолөнерінің пайдасы жайлы айтқан ой-пікірлері.

Ы. Алтынсариннің қолөнер мектептерін ашуы мен онда қыздармен өтілетін қолөнер сабақтарының түрлері (киім тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп шалу, өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілемдер тоқу), ер балалар үшін ағаш ұсталығы, былғары илеу, қыш құмыра жасау өнерін үйрету мақсаты мен әдістеріне сипаттама беру.

Студенттер осы қосымшаларды меңгеруі негізінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін, олардың бала тәрбиесіне (ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене т.б.) кешенді әсер еткенін оқып білді және оларды оқушылар тәрбиесінде пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен жұмыс формаларымен танысты.

Мәселен, “Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланудың әдіс, амал жолдары” деген семинар сабақтан кейін, студенттердің өзі оқушылар мен мұғалім рөлдеріне еніп сабақтар өткізді. Студент (Е.А.) сынып оқушыларымен (рөлде студенттер) “Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері” деген тақырыпта көркем еңбек сабағын өткізді. Соңында сабақ талқыланып (Е.А.) 3 деген баға алды.

Студенттердің бұл сабаққа айтқан сын пікірлерін келтірейік: (С.С.): “Оқушылардың ою-өрнек өнері бойынша жалпы білімі анықталмады”. (А.О.): “Өткен сабақпен байланыс болмады”. (Ж.Ж.): “Тарихпен, әдебиетпен байланыстыру мүмкіндіктері бар болса да, тек бейнелеу өнерімен ғана байланыстырылды. (Р.К.): “Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында оқушылармен қарым-қатынас үзіліп қалды”, “Оқушылардың өз бетінше дербес жұмыс істеуіне тапсырма берілмеді” т.б.

Сонымен барлық қосымшаларға енген қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары оқытылып біткеннен кейін қайтара сауалнама жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

2. *Тақырыбы: Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері.*

Жоспары:

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - адамгершілік-эстетикалық тәрбиенің негізі.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - көркемдік білім мазмұнының құрамдас бөлігі.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - тәрбие құралы.
4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - әр түрлі оқу-тәрбие жұмыс формаларының негізі.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

3. *Тақырыбы: Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланудың әдіс, амал-жолдары.*

Жоспары:

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін сабақ үстінде пайдалану жолдары:
 - а) Бейнелеу өнері сабағында,
 - б) Көркем еңбек сабағында т.б.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін сабақтан тыс уақытта пайдалану жолдары.
 - а) Оюмен ой айтқан елміз (тәрбие сағаты).
 - ә) Ою-өрнек шеберімен кездесу.
 - б) Ою-өрнек өнерін зерттеушілермен сұхбат.
 - в) Ою-өрнек өнерінен алған әсерім (шығарма немесе ой бөлісу минуттары).
 - г) Қолөнеріне қатысты мұражайларға, фабрика, заводтарға экскурсия жасау.

д) Қолөнері бойынша оқушылар көрмесін ұйымдастыру.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

Педагогика тарихы курсы бағдарламасының мазмұнына қосымшада қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін 2 тақырыпта пайдалану ұсынылады.

1-тақырып. *“Алғашқы қауымдық, құл иеленушілік және феодалдық қоғамдағы тәрбие”*. Ою-өрнек өнерінің қазақ даласында тас дәуірінен бастап пайда болуын әңгімелеу. Сол кезеңнен үлкендердің балаларына ою-өрнек өнерін үйрете бастауының, үйрету тәжірибелерінің мәнін ашу. Ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мақсатта қолданылғанын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету. Мысалы, мазарлар мен мавзолейлерде ою-өрнектердің діни тәрбие беру мақсатында қолданылуы (Бәсенов К.).

Еуропа ғалымдарының қазақ халқының тұрмысында ою-өрнектердің алатын орны жөніндегі ой-пікірлеріне (Левшин, Боголюбов, Красовский, Потанин т.б.) шолу.

Феодалдық қоғамда бай-шонжар, хан, сұлтан, төрелердің тұрмыстық зат, бұйымдарындағы ою-өрнектер мен кара халықтың киіз үй жасауларындағы, киімдеріндегі өрнектерін салыстыра отырып мазмұнын ашу арқылы, олардың сол кезеңдегі тәлім-тәрбиеге әсерін сөз ету.

2. *Қазақстанда мектептер мен педагогикалық ойлардың даму тарихы.* Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың балаларға қолөнерінің пайдасы жайлы айтқан ой-пікірлері.

Ы. Алтынсариннің қолөнер мектептерін ашуы мен онда қыздармен өгілетін қолөнер сабақтарының түрлері (киім тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп шалу, өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілемдер тоқу), ер балалар үшін ағаш ұсталығы, былғары илеу, қыш құмыра жасау өнерін үйрету мақсаты мен әдістеріне сипаттама беру.

Студенттер осы қосымшаларды меңгеруі негізінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін, олардың бала тәрбиесіне (ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене т.б.) кешенді әсер еткенін оқып білді және оларды оқушылар тәрбиесінде пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен жұмыс формаларымен танысты.

Мәселен, “Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланудың әдіс, амал жолдары” деген семинар сабақтан кейін, студенттердің өзі оқушылар мен мұғалім рөлдеріне еніп сабақтар өткізді. Студент (Е.А.) сынып оқушыларымен (рөлде студенттер) “Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері” деген тақырыпта көркем еңбек сабағын өткізді. Соңында сабақ талқыланып (Е.А.) 3 деген баға алды.

Студенттердің бұл сабаққа айтқан сын пікірлерін келтірейік: (С.С.): “Оқушылардың ою-өрнек өнері бойынша жалпы білімі анықталмады”. (А.О.): “Өткен сабақпен байланыс болмады”. (Ж.Ж.): “Тарихпен, әдебиетпен байланыстыру мүмкіндіктері бар болса да, тек бейнелеу өнерімен ғана байланыстырылды. (Р.К.): “Жана тақырыпты түсіндіру барысында оқушылармен қарым-қатынас үзіліп қалды”, “Оқушылардың өз бетінше дербес жұмыс істеуіне тапсырма берілмеді” т.б.

Сонымен барлық қосымшаларға енген қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары оқытылып біткеннен кейін қайтара сауалнама жүргізілді.

Нәтижесінде көпшілігі қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу тарихын, дамуын, оған әсер етуші факторларды білетіндіктерін көрсетті. Жартысынан көбі қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мағыналық ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін білгенімен, оларды саралап көрсете алмады, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануға даяр еместігін байқатты.

Олардың теориялық даярлығының жеткілікті болмауы себепті біз “Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” атты арнайы курс бағдарламасын (келесі бөлімде толық баяндалады) жасалдық.

2.2. “Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” арнайы курсының мазмұны

Бұл курс студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндерде алған білімдерін тереңдетіп және факультеттің оқу-тәрбие процесінде бұл өнер түрінің жүйелі өтілуіне септігін тигізді.

Арнайы курстың **мақсаты** - студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің өзіне тән мазмұндық ерекшеліктері мен тағылымдық мүмкіндіктерін меңгерту. Соның негізінде болашақ мұғалімдердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін қазіргі заман мектептеріне қойылып отырған талаптарға сай оқушылардың тәлім-тәрбие процесінде нәтижелі пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оның **міндеттері** болып болашақ ұстаздарға қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу, даму тарихынан мағлұмат беру, қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мазмұнын, мән-маңызын баяндау, қазақ ұлттық ою-өрнектерінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету, қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттау, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушыларды тәрбиелеуде пайдаланудың мүмкіндіктерін көрсету табылады.

Арнайы курс қазақ халқының мәдениетін қадірлеуге, оның ішінде ою-өрнек өнерін рухани дамудың қайнар көзі, түп негізі ретінде танып, оларды қастерлеуге, мән-маңызына тереңнен түсініп дұрыс бағалай білуге үйретеді.

Бағдарлама мазмұнының **ерекшелігі** - онда қазақтың ою-өрнектерінің тарихи тек-тамыры, мазмұны мен тәрбиелік мүмкіндіктері бүгінгі күн талаптарымен байланыстырыла сипатталады, оны іс жүзіне асырудағы әдіс-тәсілдері, амал-жолдары нақтылы мысалдармен дәлелденеді.

Арнайы курсты оқу барысында студенттер бағдарламадағы әрбір

тақырыпта мазмұндалған қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің теориясы мен оларды жас ұрпақ тәрбиесімен сабақтастыру жолдарын түсініп, меңгеруі қажет.

Бағдарламада арнайы курстың негізгі сабақ түрлерін өткізудің **тақырыптық жоспары беріледі**: лекциялар (12 сағат), семинарлар (12 сағат) және лабораториялық-практикалық сабақтар (8 сағат) (Кесте 7). **Семинар сабақтарында** бағдарламадағы кейбір тақырыптардың мазмұнына енетін негізгі мәселелері талқыланады, пікір-таластар өткізіледі, студенттердің баяндамалары мен ғылыми хабарлары тыңдалады. **Лабораториялық-практикалық сабақтарда** атақты ісмер-шеберлермен, қолөнерін зерттеуші белгілі ғалымдармен кездесулер, әңгімелесулер өткізіледі, мұражайлар мен

Кесте 7.

“Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” атты арнайы курстың (32 сағат) жоспары

N	Тақырыптары	сағаттар саны		
		лекциялар	семинарлар	лабор. практ. сабақ
1.	Кіріспе. Ою-өрнек — төл мәдениеттің түп негізі.	2	2	2
2.	Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тарихы, дамуы.	2	2	
3.	Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің өзіндік ерекшеліктері (мағыналық, бояу түстеріне байланысты, құрылымдық жүйесіне байланысты, басқа халықтардың өрнектерімен байланысты, өрнектеу әдістеріне байланысты).	2	2	2
4.	Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің классификациясы.	2	2	2
5.	Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері және бүгінгі күндегі маңызы.	2	4	2
6.	Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін орта және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың педагогикалық шарттары.	2		
Барлығы:		12с	12с	8с

тарихи орындарға, ескерткіштерге, тоқыма, тігін сыйлық бұйымдары фабрикаларына, көркем керамика, фарфор т.б. заводтарына көрме экспонаттарына экскурсиялар; сайыс-жарыстар, дөңгелек үстел, ою-өрнек әлеміне саяхат және т.б. өнер кештері, рөлдік ойындар ұйымдастырылады.

Төменде арнайы курста берілген лекция тақырыптарының мазмұны, семинарлар мен лабораториялық сабақтардың сағат мөлшері, тақырыптары, міндеттері соның ішінде 2 семинарлық, 2 лабораториялық сабақ үлгісі және рефераттық тақырыптар ұсынылып отыр.

“Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” атты арнайы курс бағдарламасының мазмұны

Кіріспе. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің бүгінгі күндегі маңызы. Олардың болашақ ұстаздарға қажеттілігі мен жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тигізер пайдасы.

1-тақырып. Ою-өрнек өнері - төл мәдениеттің түп негізі.

“Бейнелеу өнері”, “сәндік қолданбалы өнер”, “қолөнер”, “ою-өрнек” терминдеріне түсінік беру, олардың мән мен мазмұнын ашу. Сәндік қолөнердің түрлерін саралау (тоқыма, зергерлік, киіз басу, ағаш, темір өңдеу т.б.). Ою-өрнек өнері - бейнелеу өнерінің, соның ішінде сәндік қолөнерінің бір саласы екенін көрсету.

Қазақтың ою-өрнек өнері - қазақ халқының материалдық, рухани қажеттілігінен туындаған ұлттық қолөнерінің бір арнасы, төл мәдениетінің, рухани дамуының, эстетикалық түйсік-талғамының түп негізі екендігін нақтылы мысалдармен дәлелдеу. Олардың бүгінгі ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне әсерін сөз ету.

Қазақ ою-өрнектері бойынша шыққан тұңғыш еңбектерге шолу (С.Дудин “Киргизский орнамент”, Е.Шнейдер “Казахская орнаментика”).

2-тақырып. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тарихы, дамуы.

Қазақ жерінде алғашқы ою-өрнектердің пайда бола бастауы. Неолит дәуірінде керамикалық ыдыстарда геометриялық оюлардың (сызықша, дөңгелек т.б.) бейнеленуін; сақ, ғұн, үйсін тайпалары қолөнерінде зооморфтық өрнектердің өркендеуін; түрік қағанаты дәуірінде архитектуралық өрнектердің басым болуын; қарлұқ, қимақ, қыпшақ тайпаларының қолөнерінде ою-өрнек түрлерінің дамуына әңгімелеу.

Қазақ ою-өрнектеріне ислам дінінің әсері жөнінде айтылған ой пікірлерді (Ә.Марғұлан, К.Басенов, М.Мұқанов т.б.) талдап түсіндіру.

Қазақ ою-өрнектерінің XV-XVIII ғасырларда дамуы. “Жапырақ гүл”, “қошқармүйіз” т.б. оюларының “шытырман”, “шимай” т.б. өрнектерге ұласуы.

Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тас дәуірінен дамуының археологиялық қазбалардан табылған сол кезеңнің бұйымдарында бейнеленген өрнектермен салыстыра отырып дәлелдеу. Қазақтың қазіргі ою-өрнек үлгілеріне сипаттама беру, қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу, даму тарихын білуі негізінде жеке тұлғаның туған еліне, төл мәдениетіне, тарихына дұрыс көзқарасы қалыптасатынын дәлелдеп түсіндіру.

3-тақырып. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің өзіндік ерекшеліктері (мағыналық, бояу түстеріне байланысты, құрылымдық жүйесіне байланысты, басқа халықтардың өрнектерімен байланысты, өрнектеу әдістеріне байланысты).

Ою-өрнек өнерінің өзіне тән ерекшеліктерін (символикасы, мазмұны, құрылысы, бояу түсі, туысқан халықтар өнерімен сабақтасып, ұштасып жатуына т.б. байланысты) жете меңгерту. Олардың мән мағынасы, ұғымы, эстетикалық маңызы, дүниетанымдық көзқарасқа әсері жайында айтылған ой-пікірлерге шолу (К.Ибраева, С.Қасиманов, Ә.Марғұлан, Ә.Тәжімұратов, К.Басенов т.б.).

Қазақ ою-өрнектерінің символикасының қалыптасуын, оның тәрбиелік мәнін ашу.

Қазақ ою-өрнектерінің мазмұнының мал өсіру, аңшылық, жер су, егіншілік, табиғат, көшіп-қону көріністерімен, тұрмыстық заттар бейнесімен, көк әлемін түспалдайтын діни-сенім ұғымдармен байланыстылығын баяндау. Ою-өрнек өнерінің мазмұнын ашып түсіндірудің бала тәрбиесіне қажеттілігін көрсету.

Қазақ ою-өрнектерінің құрылысының материалмен үйлесімділігі, тепе-теңдігі, бояу түсінің эстетикалық-эмоционалдық әсері, символикасын түсіндіру.

Қазақ ою-өрнектерін Орта Азия халықтары ою-өрнектерімен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету.

Бұл халықтар өрнектерінің бірін бірі толықтырып, ұштасып жататындығын тарихи кезеңдермен, тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып меңгерту, оның интернационалдық-патриоттық тәрбиедегі мүмкіндіктерін ашу. Ою-өрнек өнерінің өзіне тән ерекшеліктерінің жеке тұлғаның дамуына әсерін баяндау.

4-тақырып. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің классификациясы.

Бүгінгі күнге дейін жасалған қазақ ою-өрнектерінің классификациясына шолу. Зооморфтық, өсімдіктер тектес, геометриялық, космогониялық ою-өрнектерге нақтылы мысалдар келтіре отырып, мотивтеріне қарай жіктелгенін ұғындыру. Аталған ою-өрнек топтарының өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау. Қазақтың ою-өрнек үлгілерін аталу принциптеріне қарай да жіктелуін көрсету:

I. Бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер:

1. Жан-жануар аң, құс, тектес (құсқанат, бұғы мүйіз т.б.);
2. Аспан әлеміне байланысты (жұлдызша, айшық т.б.);
3. Өсімдік, жер, су бейнелі (алмагүл, жапырақша т.б.);
4. Тұрмыстық заттарға қатысты (тарақ, шолпы т.б.);
5. Аралас өрнектер (қанатты ою т.б.).

Бұл топтағы өрнектердің балалардың адамгершілік сапаларын арттырып, әсемдікке баулитынын, дүниетанымына әсерін т.с.с. сөз ету.

II. Бейнесінің ұқсастығына байланысты емес аталған ою-өрнектер:

1. Тоқылу, жасалу ерекшелігіне, іс-тәсіліне қатысты (шалма, өткізбе т.б.);
2. Территория, ұлт, ру атымен байланысты (адай шет, аштархан теру т.б.);
3. Ру, ен таңбаларына қатысты (солақ т.б.);
4. Затқа, бұйымға орналасуына байланысты (орта ою, қолтықша т.б.);
5. Салыну жағдайына қатысты (ағаш сандықтан алынған ою т.б.).

II топтағы ою-өрнектердің әсіресе балалардың ісмерлік, шеберлік біліктілік қабілеттерін дамытуға әсерінің мол екендігін ұғындыру.

I топтағы ою-өрнек түрлері балаға шыр етіп дүниеге келген мезетінен, II топ ою үлгілерін оларға есейген шағында үйретілу себептерін, жіктеудің басты көрсеткіштерін (қабылдау, ұғыну, есінде сақтау, жасап білу т.б.) меңгерту.

5-тақырып. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері.

Қазақ халқының өмірінде ою-өрнек өнері - басты тәрбие құралының бірі болғандығын, оның бүгінгі таңдағы тәлім-тәрбиеге әсерінің, басымдығын баяндау. Ою-өрнек өнерін ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда қолданылатын *тәсілдерге* (теориялық, практикалық, әдебиеттік, этнографиялық, математикалық, компьютерлік, музыкалық т.б.), жұмыс *формаларына* (асар, жеке орындау, топтасып

орындау, жарыс, сый табақ тарту, көрме ұйымдастыру т.б.) *әдістерге* (көрсету, түсіндіру, үлгі-өнеге, мадақтау, марапаттау, жаттықтыру, реңіш білдіру, жасату, иландыру, сендіру, жазалау, тыйым салу, алғыс айту, бұйыру, қызықтыру, жерку, әңгімелесу, әңгімелеу, талдау, өнімсіздік білдіру, салыстыру, ырымдау т.б.) сипаттама беру.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін киіз басу, текемет ойыстыру, кілем тоқу т.с.с. қолөнер түрлерінің технологиялық процестерін баяндау барысында таратып айтып беру.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері тәрбиенің бар құрама бөліктерін (адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, дене) біріктіретінін нақтылы мысалдар төңірегінде ұғындыру.

6-тақырып. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін орта және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың педагогикалық шарттары.

Ою-өрнек өнерінің мектеп оқушылары мен студенттер үшін тәрбиелік мәні.

Ою-өрнек өнерінің мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларынан алатын орны.

Ою-өрнек өнерін бейнелеу және қолданбалы өнер факультетінде меңгерту жолдарын көрсету (бағдарламаларды, оқулықтарды талдау).

Сәндік қолданбалы өнер туындыларын зерттеу және оларды балалар мен жастардың тәрбиесінде пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құжаттары, тұжырымдамалары туралы.

“Қазақ ұлттық ою-өрнектері” атты арнайы курстың семинарлары мен лабораториялық сабақтары.

Арнайы курстың жоспары бойынша семинарларға - 12 сағат, лабораториялық сабақтарға - 8 сағат бөлінген.

Бұл сабақтардың негізгі міндеттері:

- студенттердің арнайы курс лекцияларынан алған білімдерін тереңдету, молайту, бекіту.

- студенттердің ою-өрнек өнеріне қатысты туындылармен өз бетінше дербес жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

- студенттердің ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік маңызын, тәрбиелік мүмкіндіктерін дұрыс түсініп, меңгеруін қамтамасыз ету.

- ою-өрнек өнеріне болашақ ұстаздардың қызығушылығын тәрбиелеу.

- студенттердің ою-өрнек өнерін ұрпақ тәрбиесінде пайдалана

білу дағдысын қалыптастыру.

Семинарлар мен лабораториялық сабақтарда студенттердің ою-өрнек өнеріне өзіндік көзқарастары қалыптасады, ою-өрнек үлгілерін өз бетімен талдауға үйренеді. Семинарларда ою-өрнек өнерінің кейбір ерекшеліктерін барлық студенттер біріге отырып талқылайды, студенттердің алдын-ала даярлаған рефераттары, хабарламалары тыңдалады. Ою-өрнек үлгілерін талдау барысында, оның ақыл-ой адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, экономикалық, экологиялық тәрбиедегі мүмкіндіктері сараланады. Лабораториялық сабақтарда ою-өрнек өнері бойынша сценарийлер, жоспарлар жасалады. Сабақтардың кейбірі педагогикалық практика жүргізіліп жүрген мектептерде өткізіледі. Лабораториялық сабақтарда студенттерді өнер мұражайларына, тарихи орындарға, қолөнеріне қатысты фабрика, заводтарға апаруға болады.

Семинарлар мен лабораториялық сабақтарға даярлық барысында әрбір студент мынадай тапсырмаларды:

- ою-өрнек өнері бойынша әдебиеттерді оқып білуге;
- ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиеге қатысы бойынша бір реферат даярлауға;
- ою-өрнек өнерін бейнелеу бойынша практикалық тапсырма орындауға;
- лабораториялық жұмыста (алдын-ала белгіленген нақты тақырып бойынша сыныптан тыс бір тәрбие жұмысын өткізу; сценарий жазу; кездесу немесе мұражайларға экскурсия ұйымдастыру) орындауға міндетті.

Бағдарламада рефераттардың тақырыптары мен оқу-зерттеу және практикалық тапсырмалардың түрлері берілген. Студент рефераттардың бір тақырыбын, бір практикалық тапсырманы таңдауына болады, оны ол педагогикалық практика кезеңінде орындайды. Рефераттар мен практикалық тапсырмалардың кейбірі сабақтарда талқыланады, басқаларына оқытушылар мен студенттер пікір жазады.

Семинар мен лабораториялық сабақтардың тақырыптары.

1-сабақ (семинар) Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің дамуына әсер етуші жағдайлар.

2-сабақ (семинар) Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні - 2 сағат.

3-сабақ (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиеге әсері - 4 сағат.

4-сабақ (семинар). Киіз, тоқыма, мата бұйымдарындағы ою-

өрнек үлгілері - 2 сағат.

5-сабақ (лабораториялық). Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері және олардың тәлім-тәрбиелік маңызы.

6-сабақ (лабораториялық). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қолданылу ерекшелігі - 2 сағат.

7-сабақ (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәрбиелік маңызы - 2 сағат.

8-сабақ (лабораториялық). Қазақ ұлттық ою-өрнектерін бүгінгі күнде пайдалану тәжірибесі - 2 сағат.

1-сабақ. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні (семинар).

Жоспар:

1. Ою-өрнек- ой нышаны.
 2. Ою-өрнек - халықтың дүние танымының көрінісі.
 3. Ою-өрнек- салт дәстүрлер елесі.
 4. Ою-өрнек - әсемділік белгісі.
 5. Ою-өрнек - шеберлілік сыншысы.
- Әдебиеттер тізімі беріледі.

2-сабақ. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиеге әсері (семинар) - 4 сағат.

Жоспар:

1. Ою-өрнек өнерінің адамгершілік тәрбиедегі көрінісі.
2. Ою-өрнектердің ақыл-ойға әсері.
3. Ою-өрнек өнері - эстетикалық тәрбиенің басты құралы.
4. Ою-өрнек өнері - еңбек, дене тәрбиесінің негіздерінің бірі.
5. Ою-өрнек өнерін экономикалық, экологиялық тәрбиемен ұштастыру.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

3-сабақ. Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері және олардың тәлім-тәрбиелік маңызы (лабораториялық).

Лабораториялық жұмыс мектепте сыныптан тыс сабағында "Пікірсайыс" түрінде өткізіледі. Бұған студенттер мен оқушылар қатысады. "Пікірсайыс" мынадай мәселелер төңірегінде болады.

1. Зергерлік бұйым, заттарға нелер жатады?
2. Қыз-келіншектердің әшекей бұйымдарына (шолпы, білезік, жүзік, сырға, алқа т.б.) қандай өрнектер салынады? Олардың қандай тәлім-тәрбиелік мәні бар? (Оларға қатысты аңыз, әңгіме, ертегі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып айтылады).
3. Зерлеу әдісімен ерлерге арналған қандай зат, бұйымдар жасалады? Оларға қандай өрнектер салынады? Олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін білесіз бе?

білу дағдысын қалыптастыру.

Семинарлар мен лабораториялық сабақтарда студенттердің ою-өрнек өнеріне өзіндік көзқарастары қалыптасады, ою-өрнек үлгілерін өз бетімен талдауға үйренеді. Семинарларда ою-өрнек өнерінің кейбір ерекшеліктерін барлық студенттер біріге отырып талқылайды, студенттердің алдын-ала даярлаған рефераттары, хабарламалары тыңдалады. Ою-өрнек үлгілерін талдау барысында, оның ақыл-ой адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, экономикалық, экологиялық тәрбиелегі мүмкіндіктері сараланады. Лабораториялық сабақтарда ою-өрнек өнері бойынша сценарийлер, жоспарлар жасалады. Сабақтардың кейбірі педагогикалық практика жүргізіліп жүрген мектептерде өткізіледі. Лабораториялық сабақтарда студенттерді өнер мұражайларына, тарихи орындарға, қолөнеріне қатысты фабрика, заводтарға апаруға болады.

Семинарлар мен лабораториялық сабақтарға даярлық барысында әрбір студент мынадай тапсырмаларды:

- ою-өрнек өнері бойынша әдебиеттерді оқып білуге;
- ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиеге қатысы бойынша бір реферат даярлауға;
- ою-өрнек өнерін бейнелеу бойынша практикалық тапсырма орындауға;
- лабораториялық жұмыста (алдын-ала белгіленген нақты тақырып бойынша сыныптан тыс бір тәрбие жұмысын өткізу; сценарий жазу; кездесу немесе мұражайларға экскурсия ұйымдастыру) орындауға міндетті.

Бағдарламада рефераттардың тақырыптары мен оқу-зерттеу және практикалық тапсырмалардың түрлері берілген. Студент рефераттардың бір тақырыбын, бір практикалық тапсырманы таңдауына болады, оны ол педагогикалық практика кезеңінде орындайды. Рефераттар мен практикалық тапсырмалардың кейбірі сабақтарда талқыланады, басқаларына оқытушылар мен студенттер пікір жазады.

Семинар мен лабораториялық сабақтардың тақырыптары.

- 1-сабақ** (семинар) Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің дамуына әсер етуші жағдайлар
- 2-сабақ** (семинар) Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні - 2 сағат.
- 3-сабақ** (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиеге әсері - 4 сағат.
- 4-сабақ** (семинар). Киіз, тоқыма, мата бұйымдарындағы ою-

өрнек үлгілері - 2 сағат.

5-сабақ (лабораториялық). Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері және олардың тәлім-тәрбиелік маңызы.

6-сабақ (лабораториялық). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қолданылу ерекшелігі - 2 сағат.

7-сабақ (семинар). Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тәрбиелік маңызы - 2 сағат.

8-сабақ (лабораториялық). Қазақ ұлттық ою-өрнектерін бүгінгі күнде пайдалану тәжірибесі - 2 сағат.

1-сабақ. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің танымдық мәні (семинар).

Жоспар:

1. Ою-өрнек - ой нышаны.
2. Ою-өрнек - халықтың дүние танымының көрінісі.
3. Ою-өрнек - салт дәстүрлер елесі.
4. Ою-өрнек - әсемділік белгісі.
5. Ою-өрнек - шеберлік сыншысы.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

2-сабақ. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиеге әсері (семинар) - 4 сағат.

Жоспар:

1. Ою-өрнек өнерінің адамгершілік тәрбиелегі көрінісі.
2. Ою-өрнектердің ақыл-ойға әсері.
3. Ою-өрнек өнері - эстетикалық тәрбиенің басты құралы.
4. Ою-өрнек өнері - еңбек, дене тәрбиесінің негіздерінің бірі.
5. Ою-өрнек өнерін экономикалық, экологиялық тәрбиемен ұштастыру.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

3-сабақ. Зергерлік өнерінде кездесетін ою-өрнек түрлері және олардың тәлім-тәрбиелік маңызы (лабораториялық).

Лабораториялық жұмыс мектепте сыныптан тыс сабағында "Пікірсайыс" түрінде өткізіледі. Бұған студенттер мен оқушылар қатысады. "Пікірсайыс" мынадай мәселелер төңірегінде болады.

1. Зергерлік бұйым, заттарға нелер жатады?
2. Қыз-келіншектердің әшекей бұйымдарына (шолпы, білезік, жүзік, сырға, алқа т.б.) қандай өрнектер салынады? Олардың қандай тәлім-тәрбиелік мәні бар? (Оларға қатысты аңыз, әңгіме, ертегі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып айтылады).
3. Зерлеу әдісімен ерлерге арналған қандай зат, бұйымдар жасалады? Оларға қандай өрнектер салынады? Олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін білесіз бе?

4. Зергерлік өнерінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді білесіз бе?

5. Қандай белгілі зергерлерді білесіз және олардың жасаған бұйымдарын атай аласыз ба?

Соңынан мектеп көрмесіндегі немесе қазақ ою-өрнектеріне арналған журнал, кітап, альбомдардағы зергерлік зат бұйымдарға, ондағы өрнектерге талдау жасалынып, тәрбиелік мүмкіндіктері көрсетіледі. Ең соңында студенттердің өтілген сабақты талқылауы ұйымдастырылады.

Әдебиеттер тізімі беріледі.

4-сабақ. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қолданылу ерекшелігі (лабораториялық).

Лабораториялық сабақ мұражайларда өткізіледі. Студенттер Қазақстанның белгілі майталман шеберлерінің қолөнер туындыларымен танысады. Әр шебердің өзіндік дара қасиеттерін атап көрсетеді. Қолөнер бұйымдарын түрлеріне, тарихи дәуірлеріне қарай саралап талдайды. Әр бұйымда бейнеленген ою-өрнектердің ерекшеліктерін баяндайды. Әрбір өрнектің қолданылу ретін, орнын анықтайды. Ою-өрнек үлгілерін өзара салыстырады. Студенттер мұражайдағы қолөнер бұйымдарынан, оның ішінде ою-өрнек өнерінен алған әсерлері жөнінде мазмұнды шығарма жазады. Лабораториялық жұмысқа даярлық барысында қажетті әдебиеттер ұсынылады.

Рефераттық тақырыптар

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұны мен тәрбиелік мәні.
2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесіне әсері.
4. Ою-өрнек өнері - эстетикалық тәрбиенің түп негізі.
5. Космогониялық ою-өрнектердің дүниетанымдылық мәні.
6. Қазақтың ою-өрнектерінің Орта Азия халықтар өрнектерімен ұқсастығы, олардың интернационалдық, патриоттық тәрбиеге қатысы.
7. Қазақ ою-өрнектерінің дамып, қалыптасуына әсер етуші факторлар және оны оқып білудің маңыздылығы.
8. Киіз басу, кілем тоқу процесіндегі тәрбие көрінісі.
9. Зооморфтық, өсімдік тектес ою-өрнектерді оқып үйренудің табиғатты аялауға әсері.
10. Жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы ою-өрнектердің ролі.

11. Ою-өрнек өнері - еңбек тәрбиесінің басты құралдарының бірі.

12. Ою-өрнек өнерінің қолданылу ерекшелігі, оның тәрбиелік маңызы.

13. Ою-өрнек өнері және салт-дәстүрлер.

14. Ұлттық киімдерге әшекейленетін ою-өрнектердің тәлім-тәрбиелік мәні.

15. Ою-өрнек өнері мен шығармашылық әрекет.

Арнайы курс студенттерге педагогикалық практикаға шығардың алдында 4-курстың 7 семестрінде оқытылды. Оны оқыту барысында мынадай *әдіс-тәсілдер* мен жұмыс формалары қолданылды: студенттердің жеке, топтық, ұжымдық жұмыс формалары, олардың өз бетінше дербес іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ою-өрнек өнеріне қатысты әдебиеттермен жұмыс, шығармашылық-ізденіс жұмыс тапсырмалары, педагогикалық міндеттерді шешу, студенттердің хабарламалар мен рефераттарға даярлығы, қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты мектепте өткізілетін мерекелерге сценарийлер жазу мен оған даярлығы, мектептегі бейнелеу өнері мен көркем еңбек сабақтарында ою-өрнек өнерін пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыру, олардың оқу бағдарламаларын зерттеу, оларға қосымшалар енгізу, сол бойынша сабақ үлгілерін жасау т.б.

Арнайы курстың *лекция тақырыптары* қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің теориялық мәселелерін ашу тәңірегінде құрылды. Сондықтан да лекция мазмұнында “қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” ұғымының мәні, оның шығу тарихы, дамуы, мағыналық ерекшеліктері, классификациясы, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың педагогикалық шарттары қарастырылды.

Арнайы курстың *семинар сабақтарында* студенттердің арнайы курс лекцияларынан алған білімдері тереңдетіліп бекітілді:

1. Олардың ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік маңызын, тәрбиелік мүмкіндіктерін түсініп, меңгеруі қамтамасыз етілді.

2. Студенттер ою-өрнек өнеріне қатысты туындылармен өз бетінше дербес жұмыс істеу, ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануға дағдысы қалыптастырылды.

3. Семинарлық, практикалық сабақтар студенттерді қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін бүгінгі мектеп оқушыларының тәлім-тәрбиесінде пайдалану іскерліктерін жетілдіруге бағытталды.

Сол себепті де семинар сабақтарында қазақ ұлттық ою-өрнек үлгілерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтауға, олардың

бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың мәнділігін ашуға аса назар аударылды және бұл сабақтарда студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруда пайдалану іскерліктерін бекітуге көңіл бөлінді. Мәселен, сабақ үстінде мынадай мәселелер талқыланды: ою-өрнек өнерінің адамгершілік тәрбиедегі көрінісі; ою-өрнектердің ақыл-ойға әсері; ою-өрнек өнері - эстетикалық тәрбиенің басты құралы; ою-өрнек өнері - еңбек, дене тәрбиесінің негіздерінің бірі; ою-өрнек өнерін экономикалық, экологиялық тәрбиемен ұштастыру; қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің қазіргі дамуы мен бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне әсері; ою-өрнек үлгілерін атауларына қарай топтастырудың тәлімдік маңызы.

Лабораториялық сабақтарда ою-өрнек өнеріне қатысты сабақ үлгілері, жоспарлары жасалды. Кейбір лабораториялық сабақтар педпрактика жүргізілетін мектептерде, мұражайлар, фабрика, зауыттарда өткізілді. Мәселен, бір лабораториялық сабақ студенттердің “Түскиіз” фабрикасына, “Мақпал” сән ательесіне, “Өнер” дүкеніне жасаған экскурсияларының нәтижелерін талқылау мақсатында өткізілді. Студенттерге алдын ала қажетті әдебиеттер ұсынылып, экскурсия кезінде толтыруға тиісті карточкалар таратылған болатын. Олардың жауаптарынан үзінділер келтірейік. Мәселен,

1. “Қай бұйымға қандай өрнек бейнеленген? Сіздіңше дұрыс па? Дұрыс емесін көрсетіңіз. Себебін түсіндіріңіз”, - деген сұраққа (С.Л.) ““Өнер” дүкенінде торсыққа (ертеде қазақтардың алыс сапарға шыққанда су құйып алатын ыдысы) “төртмүйіз” оюы бейнеленген екен, ол дұрыс емес. Өйткені, бұл ою үйлесімділігіне де, құрылысына да, мағынасына да қарай киіз, түскиіз, сырмақтарға, бау құрларға салынады”;

2. “Өзіңізге таныс емес өрнек кездестірдіңіз бе? Ол қалай аталады? Шеберден аталу себебін сұраңыз”, - деген сұраққа студент (Г.А.) “Мақпал” сән ательесіндегі киімдерден ою-өрнектердің жаңа түрлерін көрдім. Тігіншіден атауын сұрағанымда “байырғы мүйіз, гүл өрнектерін жаңаша түрлендіріп, дамыта қолданғанбыз” деп жауап берді. Атауын айтқан жоқ”;

3. “Сізге айрықша ұнаған өрнек бар ма? Несімен ұнады?”, - деген сұраққа студент (Т.С.): “Маған “Түскиіз” фабрикасында төсек жапқышқа салынған “шытырман” өрнегі ұнады. Өрнек мен үшін күрделі де әсем. Оюға қарап отырып адам өмірін көз алдына

өлестетуге болады” - деп жауап берілген.

Бұл жауаптардан студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша теориялық материалдарды жеткілікті дәрежеде меңгергені байқалады.

Енді оларға *әдістемелік даярлықтарына арналған*, соның ішінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде *пайдалану іскерліктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған* тапсырмалар берілді:

- бақылау және мұғалімдермен әңгімелесу негізінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты материалдардың жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процестерінде меңгерілу деңгейін анықтау;

- мұғалімдердің бірқатар сабақтарын бақылау нәтижесінде олардың оқушылармен қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгерту барысындағы жұмыстарының әдістемесін сипаттау;

- бейнелеу өнері, көркем еңбек (5,6,7,8,9 сыныптарда) сабақтарына қатысу арқылы қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушыларға меңгерту барысындағы әдіс-тәсілдері, амал-жолдарымен танысу;

- мұғалімдердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне байланысты ұйымдастырылған сыныптан тыс тәрбие жұмыстарымен танысу;

- оқушылардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне деген қатынасын, көзқарасын анықтап зерттеу;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары бойынша мектеп бағдарламасына енгізілген тақырыптардың біріне арнап сабақ үлгісін даярлау. Ол сабақты өзінің тобында өткізу;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгертуге байланысты мұғалімдердің жұмыс тәжірибесімен танысу және оның нәтижелілігін бағалау.

Оған қоса студенттердің *процессуалды компоненттерін қалыптастыру мақсатында* оларға қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары бойынша өз бетімен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына арнап сценарийлер жазу, оны даярлап топта өткізу және талқылау тапсырылды. Оларға сценарий жазуда мынадай талаптар қойылды:

- қазақ ұлттық ою-өрнек үлгілерін тақырыбына сай таңдау;

- мақсат пен міндеттерін көрсету;

- балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өткізу формасын таңдап алу;

- оқушыларды әртүрлі іс-әрекеттерге тарта білу іскерлігі;

- барлық қатысушыларды бірге жұмылдыра білу;

- мұғалімнің басқару рөлін көре білу;

- дайын материалдарды жеткілікті дәрежеде баяндай білу;
- көрнекі құралдарды тиімді пайдалану т.б.

Мұндай тапсырмалар студенттердің төмендегідей іскерліктерін қалыптастыруға бағытталды:

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануы бойынша өзінің педагогикалық іс-әрекетінің үлгісін жасай алу іскерлігі;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін іріктей білу іскерлігі;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнері негізінде оқушыларды тәрбиелеуде жұмыс формасын, әдіс-тәсіл, амал-жолдарын педагогикалық тұрғыда іріктей білу іскерлігі;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары бойынша әр түрлі тәрбиелік шараларды жоспарлай білу іскерлігі;

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысты дерекнамалармен жұмыс істей білу іскерлігі;

- әдебиеттермен жұмыс істей білу іскерлігі;

- қазақ ұлттық ою-өрнектерінің әр түрлі ұлт өкілдерінің дәстүрлі өнеріндегі ою-өрнектермен ұқсастығын, өзгешелігін таба білу іскерлігі;

- жиналған материалдардан альбомдар, репродукциялар жасай білу іскерлігі.

Нәтижесінде студенттердің ұйымдастыруымен факультетте “Оюмен түстік жарысқа” сынып аралық сайысы, “Оюмен ой айтқан елміз” тәрбие сағаты, “Ойна да ойлан” атты наурыз мерекесіне арналған кештің бір бөлімі, “Шебер мамандық па, кәсіп пе?” пікірсайысы т.б. сценарийлер жазылып өткізілді, талқыланды. Олардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін педагогикалық іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығы мектеп мұғалімдерінің бейнелеу өнері, көркем еңбек сабақтарына қатысып оны талқылауларынан көрінді: Мәселен, студент (Х.Ш.): “Сабақта мұғалімнің өзі ғана сөйледі. Оқушылардың өз ойын айтуға мүмкіндік бермеді”, (Ж.А.): “Мұғалім ою-өрнек үлгілерін сабақ үстінде өте шебер пайдаланды. Әр айтқан ойын ою элементтерін бейнелеп көрсету арқылы дәлелден отырды”, (К.Р.): “Мұғалімнің қолөнері саласынан өте сауаттылығы байқалды. Бірақ сол білгендерін оқушыларға түсіндіру барысында дұрыс әдіс таңдай алмаған”, (Ә.Б.): “Жаңа тақырып бекітілмей қалды”, (Р.Р.): “Ою-өрнектердің жасалу жолдары ғана көрсетілді. Оның мазмұндық ерекшеліктеріне мән берілген жоқ” (Г.Ө.): “Сабақтың мақсаты айқын емес”, (Д.Б.): “Сабақта ою-

өрнектердің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктер ескерілмеді” деген пікірлері олардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын жете меңгергендерін дәлелдейді.

Арнайы курс оқытылып болғаннан кейін, студенттердің мазмұнды компоненттері бойынша даярлығының деңгейі анықталды. Сол мақсатпен біз студенттердің дөңгелек үстел, пікірсайыстарда (“Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тарихын білесің бе?”, “Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері тәрбие құралы бола ала ма?”, “Қазақ ұлттық ою-өрнектері қандай ерекшеліктерге ие?”, “Ою-өрнек өнері және сәндік қолданбалы өнер” т.б.) сөйлеген сөздерін, қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне байланысты әртүрлі сұрақтарды талдау барысында айтқан ой-пікірлерін талдадық. Олардың даярлығының мазмұнды компоненттерінің деңгейін бағалау үшін оның көрсеткіштерін төмендегіше белгілеп алдық (кесте - 8).

Кесте - 8

Студенттердің даярлығын мазмұнды компоненттері бойынша анықтаудың көрсеткіштері мен бағалары

көрсеткіштері	бағалары		
	3	2	1
1. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу, даму тарихы.	терең біледі	біледі	хабары бар
2. мазмұндық ерекшеліктері	біледі, ажырата алады	біледі, ажырата алмайды	білмейді
3. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері	біледі, анықтай алады	біледі, анықтай алмайды	бәрін білмейді
4. классификациясы	біледі, көрсете алады	біледі, саралап көрсете алмайды	білмейді

Келесі кестеде (кесте-9) әр студенттің әр көрсеткіш бойынша алған бағалары (1 топтың) жинақталып көрсетіледі. Барлық жинаған бағалары негізінде олардың мазмұнды компоненттерінің деңгейі анықталды. 12-ден 9 балға дейін (жоғары) 1-деңгей, 9-дан 5 балға дейін (орта) 2-деңгей, 5 балдан төмен 3-деңгей (төмен).

Студенттердің мазмұнды компоненттері бойынша даярлығының деңгейі

N	Студенттер	Көрсеткіштер				Сомасы	Дәре- жесі	Деңгейі
		1	2	3	4			
1.	С.С.	3	2	2	3	10	3	I жоғары
2.	Е.А.	3	3	3	3	12	1	I жоғары
3.	Ж.Қ.	1	1	1	1	4	7	III төмен
4.	Г.К.	2	1	1	2	6	6	I орта
5.	М.О.	2	2	2	2	8	5	I орта
6.	Т.Л.	3	3	3	2	11	2	I жоғары
7.	Ө.Ө.	3	2	2	2	9	4	II орта

Нәтижесінде студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан (шығу, даму тарихы, мазмұндық ерекшеліктері, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері, классификациясы) білім деңгейлерінің жеткілікті дәрежеде көтерілгенін байқалдық.

Жалпы бұл арнайы курс жоғары оқу орындарындағы пәндер жүйесінде жалпы кәсіби, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің жалғасы болып табылып арнайы курстың мазмұны жоғарыда көрсетілген пәндер мазмұнының құрамдас бөлігі саналады. Ол сонымен бірге оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау процесінің негізгі буыны есептеледі. Және студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша алған теориялық білімдерін педпрактика кезеңінде бекітуіне көмектеседі.

2.3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін педагогикалық практика барысында пайдалану

Қалыптастыру экспериментінің 3-кезеңі — біздің тәжірибелі педагогикалық жұмысымыздың шешуші кезеңі болып саналады. Өйткені студенттер әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндер, арнайы курс бойынша алған теориялық білімдерін педагогикалық практика кезінде іс жүзіне асыра алды.

Теориялық даярлық барысында біз *біріншіден* ауылдық жерлерде тұратын студенттерге жазғы демалысына шығар алдында, өз ауылдарындағы көнекөз қарт-қариялардан ою-өрнек өнеріне қатысты материалдар жинап келуді тапсырғанбыз. Олардың төмендегідей сұрақтарға жауап алу қажеттілігі көрсетілген:

1. Ою аттары

2. Нендей затқа немесе киімге салынады?
3. Аңызы, шығу сыры.
4. Қандай тілек, символикасы бар?
5. Хабар берген адам, өңір туралы деректер.
6. Жергілікті шаруашылық ерекшелігі тудырған оюлар.
7. Көрші елдермен рухани алмасу.

Мұндай тапсырмаларды орындауы негізінде студенттердің төл мәдениетіне, оның ішінде ою-өрнек өнеріне деген қызығушылығы мен сүйіспеншіліктері артып, ол бойынша білімдері кеңейе түсті. Студенттердің қазақ ою-өрнек өнеріне қатысты жинап әкелген материалдары өзара салыстырылды. Соның нәтижесінде олар пішімі, формасы, бейнесі бірдей өрнектердің атаулары әр жерлерде әр басқа екендігіне, атаулары бір-біріне сәйкес келетін өрнектердің басқаша бейнеленетіндігіне, Қазақстанның әр аймақтарында әр өрнектің бояу түстері әр түрлі болып келетіндігіне (мәселен, Оңтүстік аймақтарында сары, қоңыр түс басым болса, Батыс, Солтүстік бөліктерінде жасыл, көк түстердің жиі кездесетіндігі т.б.) көздерін жеткізді.

Осындай материалдар студенттерге педагогикалық практика кезеңінде таптырмас құнды мәлімет болып табылды. Өйткені студенттер бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінен сабақ өту барысында қазақ халқының қолөнеріне қатысты монографиялық еңбектерде кездесетін ою-өрнек үлгілерін “тірі”, “жанды” (өздері жинаған) өрнектермен салыстыра отырып оқушыларға жете меңгерте алды.

Екіншіден, студенттерге жалпы білім беретін мектептердің бейнелеу өнері мен көркем еңбек сабақтарының бағдарламаларын оқып-үйреніп, зерттеу мен олардағы қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне қатысы бар тақырыптардың мазмұнына қосымша материалдар енгізу, соның негізінде сабақ үлгілерін жазу тапсырылды. Бұл тапсырмаларды студенттер мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың кеңесімен, біздің көмектесуімізбен орындап шықты. Нәтижесінде Алматы қаласындағы N12 қазақ орта мектебінің **бейнелеу өнері** пәнінің бағдарламасының мазмұнындағы: *5-сынып бойынша* — “Ою-өрнек аппликациясы”, “Өнер туындыларына әңгіме”, “Сәндік қолданбалы өнер”, “Ұлттық киім ансамблін салу”, “Өрнектер эскизі”, “Ұлттық ыдыстар эскизі”, “Қазақтың сәндік жиһаздары”; *6-сынып бойынша* “Ұлттық костюм эскиздері”, “Ою-өрнек эскизін салу”, “Архитектуралық элемент”, “Қазақтың сәндік өнері (алқа, қоржынкап)”, *7-сынып бойынша* — “Гүл өрнек оюлар” “Мозаика. Ұлттық өнерге арналған”, “Сәндік-қолданбалы өнер (жүзік, алаша,

кілемше)”; еңбекке баулу (көркем еңбек) пәнінің жұмыс бағдарламасының мазмұнындағы: 5-сынып бойынша — “Квадрат және тік төртбұрыштан тұратын өрнектер”, “Ою-өрнектерді дайындау жолдары”, “Аяққап, кесте оюын кестелеу”, 6 сынып бойынша — “Бастырмалы түскиізді пішу, оюлау, кестелеу, тігу”, “Ағаш ыдыстарды оюлау”, 7 сынып бойынша — “Сырмак оюын дайындау”, “Қазақ ұлттық ою-өрнек түрлері”, 8 сынып бойынша — “Кілем тоқу өндірістік бұйымдарының маңызы және өрнектер ұқсастығы мен айырмашылығы”, “Ер-тұрмандарды өрнектеу”, “Бұйымдарды зерлеу тәсілі” тақырыптарына арналып сабақ үлгілері жасалды.

Кейбір сабақ үлгілері университет қабырғасында топ арасында өткізіліп, талқыланған. Талқылау барысында көпшілік студенттердің зерттеу проблемасы бойынша мазмұнды, процессуалды компоненттеріне байланысты кемшіліктері атап көрсетілген болатын. Сол кемшіліктердің студенттің арнайы курс материалдарын меңгеруі мен практикалық тапсырмаларды өз бетінше дербес орындауы негізінде жойылғанын практика барысында анықтадық.

Олай деуімізге себеп студент Есжанова Алма “Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері” тақырыбында топ арасында өткізген сабақты практика кезеңінде 7 сынып оқушыларына қайта өтті. Біз бұл сабақтан Есжанова Алманың теориялық даярлығының жеткілікті дәрежеде жетілгенін, оны оқушылар тәрбиесінде пайдалана білудегі іскерлігі мен дағдысының қалыптасқанын байқадық. Сабақ үлгісін сол қалпында беріп отырмыз.

Сабақ үлгісі

(7 сынып, көркем еңбек сабағы).

Сабақтың тақырыбы: Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды қазақ ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру; олардың ерекшеліктерін меңгерту негізінде балалардың қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша білімдерін тереңдету, ою-өрнек үлгілерін орынды қолдана білуге үйрету; оқушыларды әсемдікке, еңбекке баулу.

Сабақтың түрі: Аралас.

Көрнекі құралдары: Кестелер, колөнер бұйымдары, кітаптар, суреттер, бейнетаспалар.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру сәті
2. Оқушылардың ою-өрнек өнері бойынша жалпы білімдерін анықтау (сұрақ-жауап).
3. Жаңа тақырып:

а) Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мотивтеріне қарай түрлері.

ә) Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің аталу принциптеріне қарай түрлері.

4. Жаңа тақырыпты бекіту.

а) Сурет, бұйымдармен жұмыс.

ә) Ә.Қастеев атындағы мұражайдағы колөнер экспонаттарын бейнетаспа арқылы көрсету

б) Суретті карточкалармен оқушылардың өз бетінше жұмысы.

5. Қорытындылау.

Сабақтың барысы:

1. Мұғалім (сәлемдескеннен соң) - Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз лекция түрінде өткізіледі. Сондықтан еңбек құралдарыңызды жинастырып шетке қойыңыздар да, лекция дәптерлеріңізді алыңыздар. Жаңа тақырыпты бастамас бұрын қазақ ұлттық ою-өрнектері бойынша нені білетінімізді еске түсірейік.

- Қане, кім айтады? Қазақ ұлттық ою-өрнектері қандай зат, бұйым, құрылыстарға салынады.

Әлия: Мәдениет сарайларына, сол сияқты үлкен үйлерге.

Көркем: Мавзолейлерге, мазарларға.

Жанна: Киіз үйдің ішіндегі заттарға.

Мұғалім: Атап айтсақ ше.

Жанна: Киіз, кілем, бау құрларға, сандыққа, ыдыс-аяқтарға.

Мұрат: Ер-тұрмандарға, киімдерге.

Жәмилә: Білезік, жүзіктерге, алқаларға.

Мұғалім: Өте тамаша, жарайсындар. Осы ою-өрнектердің қандай түрін білесіндер?

Болат: Қошқармүйіз.

Мұғалім: Ол оюдың аты. Ал мен түрлерін сұрап тұрмын емес пе? Үнсіздік.

2. *Мұғалім:* Міне, балалар бүгін біздің өтетін жаңа тақырыбымыз — “Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрлері” (тақтаға жазды). Сіздер бұдан былай қазақ ұлттық ою-өрнек түрлерін біліп қана қоймай, оларды көргенде түрлеріне қарай ажырата алатын боласыздар. Ол үшін зейін қойып тыңдауларыңыз керек. Әдеттегідей қажет жерін жазып алуды естеріңе салып отырамын, үлгіруге тырысыңыздар.

Балалар, қазақ ұлттық ою-өрнектері бейнелерінің ұқсастық белгілеріне қарай 4-топқа бөлінеді. (Кесте-1 пайдалана отырып түсіндірді).

Кесте-1

Түрлері	Мысалдар	Суреттері
1. Зооморфтық	қошқармүйіз, құсқанат	
2. Өсімдік тектес	арпабас, сегіз жапырақ т.б.	
3. Геометриялық	ирек, сызық т.б.	
4. Космогониялық	айшық, жұлдызша т.б.	

Мұғалім: Ал, сіздерге мынадай бір сұрақ: Ою-өрнектерді зат, бұйымдарға не үшін саламыз?

Мәс: Бұйымдарды әдемі көрсету үшін.

Мұғалім: Тағы кім айтады?

Қалғандары да: Біз де солай ойлаймыз.

Мұғалім: Иә, балалар бұл ойларың дұрыс. Дегенмен толық емес. Ертеде қазақтар ою-өрнектерді адам ойын бейнелі жеткізу үшін де салған. Мысалы, жазу-сызу пайда болмаған ерте кезеңде ұзатылған қыз өз жағдайын ата-анасына ою-өрнек арқылы хабарлаған. Егер қыз ақ орамалға құсқанат оюын кестелесе (көрсетіледі), әке-шешесі қызының барған жерінде құстай ерікті, бақытты өмір сүріп жатқанын ұғатын болған.

Мұны біз неге айтып отырмыз. Айтайын дегеніміз ою-өрнектердің атауында да үлкен мән, сыр бар. Қазақ ұлттық ою-өрнектері аталу принциптеріне қарай да 2 үлкен топқа бөлінеді (Кесте 2).

Кесте-2

Бейнесінің ұқсастығына байланысты аталған ою-өрнектер		Бейнесінің ұқсастығына байланысты емес аталған ою-өрнектер	
Түрлері	Мысалдары	Түрлері	Мысалдары
1. Жан-жануар, аң құс тектес	тышқаніз, түйетабан	Іс тәсіліне қатысты	шалма, терме
2. Аспан әлемі-не байланысты	шыққан күн	Территория, ұлт, ру атымен байланысты	бұқар теру
3. Өсімдік жер, су бейнелі	райхан гүл	Ру, ен таңбаларына қатысты	адай шет
4. Тұрмыстық заттарға қатысты	тарақ, сырға	Затқа, бұйымға орналасуына байланысты	шет ою, орта ою
5. Аралас ою-өрнектер	канатты ою	Салыну жағдайына байланысты	Ағаш сандықтан алынған ою

Кестені түсіндіру барысында ою-өрнектердің адамды қоршаған ортадан, яғни өмірдегі зат, құбылыс, табиғаттан алынғаны мысалдармен дәлелденіп көрсетілді.

Мұғалім: Ал, бұл топтарды жеке-жеке келесі сабақтарда өтеміз. 2-топтағы ою-өрнектер ерекшеліктерімен ою-өрнектерді жасау, оларды бұйымдарға бейнелеу барысында жете танысасыздар. Жасап көріп, аталу себептеріне өз көздеріңізді жеткізесіздер (Бұл сабақта 1-топ өрнек түрлеріне сипаттама берілді).

Мұғалім: Мәселен, мына бір жүзікке қараңыз. О бейнеленген. “Дөңгелек” деп атасақ оны геометриялық ою-өрнек деуіміз тиіс, егер оны “күн” деп атасақ, онда ол космогониялық ою-өрнектерге жатады. Белгілі бір “күніміз ашық болсын” деген мағынасы болады. Сондықтан да ою-өрнектердің атауларын жақсы білу керек. Өйткені сіздер білесіздер ою-өрнектердің белгілі бір мағынасы, символикасы болады. Ал мына бір жүзікте (біреуі үлкен, біреуі онан 2 есе кішкентай) қос дөңгелек бейнеленген. Қос дөңгелек, яғни күннің қосарланып бейнеленуі — мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Үлкені мөр жүзік. Оны әдетте қолбасшыларға сыйға тартқан. Кішісі құдағи жүзік. Оны ұзатылған қызының соңынан барған анасы тағып барып, қызын шат тұрмыста көрсе қыз енесінің қолына салады. Құдағи жүзік айтқа тойға, мейрамға барғанда салынады. Қазірде үлкендер құдағи жүзікті адамды көрсе “шіркін, ақ ниетті әділ адам екен” деп қызығып, ізет көрсетіп, сыйлап, қайда да бұл әділетті, мейірімді адам екен деп төрге отырғызады. Келіні кесірлеу адамдар мұндай жүзікті кісіден кенес сұрайды.

3. Бейнетаспадан Ә.Қастеев атындағы Республикалық мұражайдан түсіріп алған қолөнер экспонаттары көрсетілді. Жеке-жеке кейбір оюларға талдау жасалды. Мәселен, қоржындағы “итқұйрық” оюы бейнесінің ұқсастығына қарай аталған, жан-жануар, аң, құс тектес оюлар тобына жатады. “Итқұйрық” — ауыл аралық белгіні білдіреді, сол үшін де сапарға шыққан ауыл аралаған кісілердің қоржынына салынады.

4. Оқушыларға суретті карточкалар таратылып суреттегі оюдың атын, қай топқа жататынын жазу тапсырылды.

5. Суретті карточкалар бойынша оқушылар бағаланды.

6. Қорытынды.

7. Үйге С.Медеубековтің “Ою хан мен Жою хан” ертегісі оқуға тапсырылды.

Сабақ аяқталған соң мектеп мұғалімдері, университет әдіскерлері, студенттер бірігіп сабақты талқылады. Олар сабақты

талқылау барысында Абай атындағы АЛМУ-нің педагогика кафедрасының сабақты талқылау тәртібі мен талаптарына сүйенді.

Алмаға мынадай сұрақтар қойылды:

- Сабақ өзінің мақсатына жетті деп ойлайсыз ба?
- Жоспарлаған мәселенің бәрін іске асыра алдыңыз ба?
- Сіздіңше материал балалар үшін ауыр емес пе?
- Материалдың аумағы бір сабақ үшін көптік етпей ме? т.б.

Алманың жауабы:

- Сабақ өз мақсатына жетті деп ойлаймын.
- Уақыттың аздығынан бейнетаспадан бір-ақ үзінді көрсетілді. Ол материалдың өзіне бір сабақтық уақыт керек.
- Материалдың балалар үшін түсінікті болғанына өздеріңіз куә болдыңыздар. Сондықтан да ауыр емес деп ойлаймын. Үш оқушы ғана болмаса қалғанының бәрі жеке тапсырма бойынша “4”, “5” деген баға алды. Бұл жаңа тақырыптың бірінші өтілген күні. Келесі сабақта тақырып пысықталады.
- Материал, әрине, үлкен. Бұл сабақта біз үстірт айттық. Келесі сабақтарда ою-өрнектің түрлері жеке-жеке талданады.

Біз талқылауға қатысушылардың ішінен әдіскердің ғана пікірін ұсынып отырмыз: 1) Сабақтың тақырыбы нақты берілген. Соған байланысты *білім беру* (қазақ халқының қолөнері саласынан), *тәрбиелеу* (ақыл-ой, эстетикалық, еңбек т.б.), *дамыту* (эмоционалдық, интеллектуалдық сапасын, танымдық көзқарасын) *міндеттері* айқын ашылған. 2) Сабақтың мазмұнына сай сабақ түрі (аралас) дұрыс талданған. 3) Сабақтың мазмұнын ашуда мұғалімнің ең бастысын, мәнділігін таңдай білген білімділігі мен іскерлігі байқалды. 4) Оқыту барысында лекция, сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, тексеру, бағалау әдістерін бір-бірімен байланыстыра қолдана білді. 5) Кітап суреттері, бұйымдар, теледидар, бейнемагнитофон, бейнетаспа, карточкалар бір мақсатта орынды пайдаланылды. 6) Әсіресе, сабаққа арнап әдейі түсірілген бейнетаспаның маңызы күшті. Ол біріншіден оқушылардың сабақты жеңіл түсінуіне көмектесті, екіншіден олардың халық мұрасына деген қызығушылығын күшейте түсті. 7) Оған қоса кестелері де жүйелі жасалған. Материал өте ауыр болғанымен мұғалімнің шеберлігінен туындаған дидактикалық әдістер, оны жеңілдетті. Мәселен әр сөзінің дәлелі ретінде қолөнер бұйымдарынан сол өрнектерді көрсетіп отырды. 8) Сабақ үстінде мұғалімнің оқушылармен қатынасы белсенді болды. 9) Мұғалімнің баяндау сарыны жақсы. Сөзі жинақы. 10) Сабақта оқушылардың тәртібі,

талапты сақтауы қатаң қадағаланды. 11) Сабақ соңында оқушылардың үлгірімі бағаланды. 12) Үйге оқушылар үшін әрі қызықты, әрі тиімді тапсырма берілді. 13) Дегенмен сабақты бағалағанда мұғалім меніңше қатаң бағалаған сияқты. Бұл жаңа тақырып. Ол келесі сабақтарда пысықтала түседі. Оқушыларға жеке-жеке карточкалар бергенімен тапсырмаларының сарыны бірдей. Өрнегісіне әр түрлі тапсырма бергенде жөн болар еді. 14) Жалпы сабаққа “5” деген баға қоямын.

Сондай-ақ практика кезеңінде студенттер қазақ ұлттық ою-өрнек өнері негізінде *оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыра білу іскерліктерінің де қалыптасқанын* көрсете алды.

Мұның дәлелі ретінде педагогикалық практика барысында студенттердің күшімен ұйымдастырылған “*Оюмен түстік жарысқа*” сайысын мысал етуге болады (қараңыз, қосымша 2).

Сайыс аяқталған соң оны, мектеп мұғалімдері, басшылары, студенттер мен ата-аналар оқушылардың қатысуымен бірге талқылады. Сонда айтылған ой-пікірлерден үзінді келтірейік: *Мектеп басшысы* (Н.З.): “Бізде әрине, әр түрлі сайыстар өтіп тұрады. Дегенмен бүгінгі сайыстың өзгешелігі сонда, бір ғана жеке тақырып аумағында оқушылар жан-жақты қамтылған. Мәселен, оқушылардың ақыл-ой өрісі (суреттегі ойды оқи білуі, жұмбақ суретті шеше білуі) адамгершілік қасиеттері (бір-біріне сыйластығы, өзіне, өз тобына ғана емес қарсы топқа жанашырлығы, төл мәдениетіне деген сүйіспеншілік құрметтері), еңбек сүйгіштігі (шеберлігі, біліктілігі, іскерлігі), эстетикалық талғамы (жасаған ою-өрнек үлгілерінің әсемдігі, әсерлігі), білімділігі, өнерге қызығушылығы, музыкалық таланттары бәрі-бәрі көрініп тұрды. Біз ата-бабасының рухани бай мұраларын түсініп, біліп қана қоймай бүгінгі ұрпаққа үйретуге ұмтылып жатқан осындай студенттерді тек қолдап қуаттаймыз. *8 сынып жетекшісі*: “Студенттердің сайысқа қажетті көрнекі құралдарды оқушылардың өздеріне жасата білген іскерліктерін көпшілікке үлгі еткім келеді. Өйткені бұл мұғалімнің кәсіби даярлығындағы ең басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. *Мұғалім* (Ә.Ш.): 1-іншіден, студенттердің (Талғат, Айша) тақырып бойынша теориялық білімдері терең, 2-іншіден сол білімдерді балаларға меңгертуде көп еңбектенген, 3-іншіден оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу іскерліктері қалыптасқан. *Студент* (К.Қ.): “Талғат пен Айша қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануға даярлықтарының жеткілікті дәрежеде екендігін көрсетті”, *Ата-ана* (Е.С.): “Біздің

қалада тұрғанымызға көп жыл болды. Бұрын ата-енемізден естігенім болмаса тоқып, ойып көрген емеспін. Бүгін балаларымыздың аузынан естіген ою-өрнек күпиясын өзіміз біле бермейміз. Бұл сайыс-мерекеден өзіме көп құнды мағлұматтар алдым. Балалар үшін сайыстың тәрбиелік маңызының зор екеніне күмәнім жоқ. Әдіскер (Ш.Қ.): “Әрине, бүгінгі сайыстың орны ерекше болды. Өйткені біз алдын-ала сценарийлер жазып топ арасында өткізгенімізде процессуалды компоненттерге байланысты көп кемшіліктер болатын. Бүгінгі сайыстан студенттердің (Талғат, Айша) сол кемшіліктердің үстінде ізденгендері, еңбектенгендері көрініп тұр. Сайыстың тақырыбына сай мақсат, міндеттері дұрыс қойылған. Оқушылардың орындауы, баяндауы, сахнада өзін-өзі ұстай білуі жақсы. Көрнекі құралдары эстетикалық тақырыптарға сай жасалған. Оқушылардың жауаптарынан тақырыпты жете меңгергендіктері байқалды. Ұйымдасқан түрде өтті. Мұның бәрі практиканттың оқушылардың әртүрлі іс-әрекетін ұйымдастыра білу іскерліктерінің қалыптасқанын көрсетеді. Оқушы (Д.Б.): “Сайыс бізге өте ұнады. Халық өнеріне арналған осындай (сайыстар) мерекелер көбірек болып тұрса екен. Біз оны әлі де тереңірек білгіміз келеді”. Оқушы (Ж.С.): “Біз сайысқа даярлық кезеңінде Талғат ағай мен Айша апайды өте жақсы көріп кеттік. Олар бізге көп қызықты нәрселер үйретті. Олардың біздің мектебімізде мұғалім болып қалуын қалаймыз”.

Талғат: “Сайыс мақсатына жетті деп ойлаймын. Даярлық барысында бізде қиыншылық, кедергілер болды. Кейбір оқушылар қатысудан бас тартты. Енді біреуі берген тапсырманы орындамай келді. Тағы бірі екіншісінің сөйлеген сөзін, баяндауын мазақ етті т.б. Біз сол балалармен, олардың ата-анасымен жеке-жеке сөйлесулер, қайта-қайта бұл өнердің құндылығы бойынша әңгімелер (аңызы, шығу тарихы) өткіздік. Қиналған жерлерінде бірге жасап үйреттік, арасында мақтадық, кей жерлерде реніш білдірдік. Әсіресе, біз осы өнер түрін терең үйренгенімізге қуанамыз. Өйткені, көп балалар ою-өрнек өнерін жасаудағы ата-бабаларының білімдарлығы, даналығы, тапқырлығы жөнінде айтқан әңгімелерімізге құлақ асып, өнерге деген қызығушылықтарын жасыра алмады”.

Сонымен, студенттер педагогикалық практика кезеңінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызын, оқушыларды қазақ ұлттық ою-өрнек өнерімен жақындастырудағы мұғалімнің рөлінің мәнділігін жете түсінді.

Олардың негізінде әртүрлі педагогикалық әдіс, тәсіл, жұмыс формаларын ұйымдастырды және қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша материалдарды іріктеп, оларды оқушылар тәрбиесінде шеберлікпен пайдаланды. Бұның бәрі сайып келгенде студенттердің арнайы кәсіби педагогикалық білім, іскерлік дағдыларын шыңдады.

Зерттеу соңында оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттер даярлығының деңгейін байқау мақсатында қайтара сауалнама жүргізілді. Нәтижесін Кесте-10 көруге болады.

Кесте-10

Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттер деңгейі

Деңгейі	Эксперименттік топтар саны-135		Бақылау топтары саны - 133	
	экспериментке дейін	эксперименттен кейін	экспериментке дейін	эксперименттен кейін
1. Жоғары	23 (17, 03 %)	49 (36, 30%)	17 (12, 78%)	17 (12, 78%)
2. Орта	49 (36,30%)	56 (41, 48%)	47 (35, 34%)	49 (36, 84 %)
3. Төмен	63 (46, 67%)	30 (22, 22%)	69 (51, 88 %)	67 (50, 38 %)

Бұл кестеден студенттер даярлығының эксперимент жұмыстарынан кейін айтарлықтай көтерілгені байқалды.

Мәселен, олардың даярлығының жоғары деңгейі 17 %-тен 49%-ке, орта деңгейі 36%-тен-56 %-ке дейін өсіп, төмен деңгейі 63%-тен-30%-ке дейін азайып отыр.

Қорыта айтқанда жоғары педагогикалық оқу орындарында әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндер бағдарламаларының мазмұнына жасалған қосымшалар, арнайы курс бағдарламасының материалдары мен педагогикалық практика мүмкіндіктері негізінде студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесіне пайдалануға даярлығын қалыптастыру әбден мүмкін.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Бүгінгі күн талаптарына сай жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға қазақ халқының қолөнерін, оның ішінде ою-өрнек өнерін тиімді меңгерту қажеттігі студенттерден осы саладан даярлық деңгейін жетілдіруді талап етеді.

Өнертану, тарихи-этнографиялық, педагогикалық еңбектерді зерттеп, талдау қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің әлеуметтік-педагогикалық мәнін ашуға, “қазақ ұлттық ою-өрнегі”, “қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” ұғымдарына анықтама беруге септігін тигізді.

Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеуші ғалымдардың еңбектері қазақ халқының қолөнері мен ішінара ою-өрнектерінің өзіне тән кейбір ерекшеліктерімен таныстырады. Олар бүгінгі күнде де өздерінің құндылығын жойған жоқ. Бұған қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың да қазақтың қолөнері жөнінде айтқан ой-пікірлерін жатқызуға болады.

Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының қолөнеріне қатысты зерттеулерді талдау оның зерттелу деңгейін жүйелеп көрсетуге (тарихи-этнографиялық, өнертанушылық, әдістемелік, филологиялық, философиялық, педагогикалық), ықпал етті және оларда қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің сәндік қолданбалы өнер мен фольклордың құрамында (К.Ибраева мен М.Өмірбекованың еңбектерін атамағанда) қарастырылғанын, соның ішінде педагогикалық зерттеулердің дені дерлік жалпы білім беретін мектептер көлемінде жазылғанын, жоғары оқу орны проблемалары зерделенген Е.Асылханов, Қ.Ералин, Қ.Болатбаев, Қ.Ижанов, Ұ.Ибрагимовтардың еңбектерінде ою-өрнек өнері тек бір бөлімнің көлемінде ғана сөз етілгенін көрсетті.

Тарихи деректерге берген талдау оның қалыптасып, дамып отыруына бірнеше факторлар әсер еткенін: 1) *әлеуметтік-экономикалық*: мал, егін шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі, саудасаттық т.б.; 2) *табиғат*: дала табиғаты, табиғат сыры, жәндіктері мен аң, құстары т.б.; 3) *халықтың рухани өмірі*: ұлттық салт-дәстүрлер, наным-сенімдер т.б., солардың негізінде ұлттық ою-өрнектердің өзіндік *мазмұндық ерекшеліктері*: 1) *мағыналық* (символы, халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүддесі, салт-дәстүрі т.б.); 2) *бояу түстеріне байланысты* (бояу түсі мен мәнерінің тепе-теңдік принципінің берік сақталып келуі, бояу түстерінің символикасы т.б.); 3) *құрылымдық жүйесіне байланысты* (өрнек

мәнерінің орналасу принципінің тұрақты келуі, құрылым жүйесінің қатаң сақталуы); 4) *басқа халықтардың өрнектерімен байланысты* (олармен ұқсастығы және өзгешелігі); 5) *өрнектеу әдістеріне байланысты ерекшеліктері* (сәндік қолөнерінің әр түрлеріне қатысты әдістерінің алуан түрлілігі, ұқсастықтары т.б.) қалыптасқанын дәлелдейді.

Бүгінгі таңда қазақ ұлттық ою-өрнектері бойынша бірнеше *классификациялар* бар. Олар *мотивтеріне қарай*, атауларының *мағынасына қарай*, *балалардың қабылдау әсеріне* орай топтастырылған. Бөріне де қазақ ою-өрнектерінің өзіндік ерекшеліктеріне түсінік беріледі. Әйткенмен де бұл классификациялар көптеген қазақ ою-өрнектерін аталу мағынасына қарай қамти алмайды. Біздің зерттеу үшін ою-өрнек атауларының маңызы зор. Өйткені ою-өрнектердің бірқатар тәрбиелік мүмкіндіктері оның атауларының мағынасына байланысты болып келеді. Осының бәрі бізге өз классификациямызды жасауға ықпал етті. Біздің жасаған классификациямыз үлкен 2 топтан тұрады. Оның негізгі критерийлері болып қазақ ұлттық ою-өрнектерінің мүмкіндіктері мен оқушылардың жас ерекшеліктері саналды.

Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді. Олардың ақыл-ойын өсіреді, адамгершілік қасиеттерін (сыйластық, жауапкершілік, өнерге деген құрмет т.б.) арттырады, эстетикалық түйсік-талғамын дамытады, еңбекке баулиды.

Психологиялық-педагогикалық зерттеу еңбектеріне жасаған талдау “оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығы” ұғымына анықтама беруге мүмкіндік туғызды.

Студенттердің даярлығының бастапқы күйін анықтау олардың көп бөлігінің қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне деген қызығушылығының барын, оның бала тәрбиесіне дұрыс ықпалының бар екендігін түсенетінін, қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білім деңгейінің төмендігін, оларды оқушылармен жұмыс істеу барысында тиімді пайдаланбайтындығын байқатты.

Жоғары педагогикалық оқу орындарының бейнелеу және қолданбалы өнер факультетінің оқу жоспарын, бағдарламаларын зерттеп талдау қазақ халқының қолөнер түрлерінің факультеттің оқу-тәрбие процесіне Қазақстан мемлекеті егемендігін алған кезеңнен бастап ене бастағанын және онда қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің жүйелі түрде қолданылмай келе жатқандығын танытты.

Мектеп оқушыларына сәндік-қолданбалы өнер, соның ішінде ою-өрнек өнерін бүгінгі күн талаптарына сай меңгерту үшін студенттердің сол өнер түрінен ғылыми-теориялық, практикалық кәсіби даярлығын күшейтудің қажеттігі мен жоғары оқу орындарында ою-өрнек өнері материалдарының қолданылуы арасындағы алшақтық оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттер даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды талап етті.

Ондай педагогикалық шарттарға әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіби пәндер бағдарламаларындағы тақырыптар, арнайы курс бағдарламасы мен педагогикалық практика кезеңі мүмкіндіктері жатады.

Әлеуметтік-гуманитарлық, соның ішінде “Мәдениеттану”, “Қазақстан тарихы” пәндерінің бағдарламаларына жасалған қосымшалар студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білімдерін кеңейтуге септігін тигізді. Атап айтқанда: оның тарихи даму жолдарын оқып білді; бірқатар өзіндік ерекшеліктерін басқа ұлт өкілдерінің өрнектерімен салыстырмалы түрде меңгерді; төл мәдениетіне деген қызығушылығы күшейді.

Жалпы-кәсіби, соның ішінде “Киіз басу, ши тоқу шеберлігі”, “Кілем тоқу шеберлігі”, “Дәстүрлі мата бұйымдарын көркем өңдеу”, “Сәндік композиция негіздері”, “Өнер тарихы”, және “Қазақстан өнері тарихы”, “Педагогика” және “Педагогика тарихы” пәндерінің бағдарламаларына жасалған қосымшалар студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнері саласынан білімдерін тереңдете түсті. Нақтырақ айтқанда:

- сәндік қолданбалы өнер түрлеріне қатысты ою-өрнек үлгілерін орынды қолдануға үйренді;

- құрылымдық және жасалу ерекшеліктерін толығырақ меңгерді;

- тәрбиелік мүмкіндіктері мен оны үйретуде пайдаланылған әдіс-тәсіл, жұмыс формаларымен танысты;

- халық мұраларына деген аялы көзқарастары қалыптасты.

Арнайы курс бағдарламасы негізінде студенттердің мазмұнды, процессуалды компонентері бойынша даярлығының деңгейі айтарлықтай көтерілді. Мәселен:

- қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тағылымдық мәнін аша түсетін материалдарды толық меңгерді, және іріктей білді.

- тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтай алатын іскерліктері қалыптасты;

- оларды оқушылардың тәрбие жұмыстарына пайдаланудың әдіс-

тәсіл, амал-жолдары және жұмыс формаларымен танысты.

Педагогикалық практика кезеңіндегі әдістемелік шаралар зерттеу проблемасы бойынша студенттердің әр түрлі педагогикалық әдіс-тәсіл, жұмыс формаларын ұйымдастыра алатынын, соған байланысты олардың арнайы кәсіби педагогикалық білім, іскерлік дағдыларының шыңдалғанын көрсетті.

Тәжірибелі эксперимент жұмыстарының нәтижелері ұсынылған әдістемелік шаралардың оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға даярлығын қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті. Олардың педагогика және қазақ ұлттық ою-өрнек өнері салаларынан білім қорын кеңейтті, оларды оқушылар тәрбиесінде пайдалануға қажетті іскерліктер және дағдылармен қамтамасыз етті, танымдық көзқарастарының өсуіне, рухани интеллектуалдық, тұлғалық қасиеттерінің дамып, жетілуіне көмегін тигізді.

Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалану даярлығын зерттеу мынадай ұсыныстарды туындатады:

- студенттер мен оқытушылар үшін қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін педагогика ғылымы тұрғысынан сипаттайтын кітапшалар жасау;

- жоғары, арнайы орта педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары негізінде арнайы курстар ендіру;

- педагог кадрлардың біліктілігін жетілдіретін институттарда, жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдер мен оқытушыларға арнап қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде тиімді пайдалану мәселесі бойынша, әдістемелік семинарлар өткізу және т.б.

Ұсынылып отырған проблема өте күрделі болғандықтан оның көптеген салаларын қамтып шығу мүмкін емес. Болашақ мұғалімдерді даярлауда қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаланудың ғылыми-практикалық негіздері, ою-өрнек өнері арқылы (жеке өнер тұрғысында) студенттердің көркемдік қызығушылығын қалыптастыру; оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде, студенттерді ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға даярлау дербес зерттеуді талап етеді. Біздің ойымызша бұның бәрі жеке тұлғаны рухани байытады, жан-жақты дамытуға әсер етеді, ұлттық өнерді бағалауға, түсінуге үйретеді.

ОЮ-ӨРНЕК ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ ТАҚЫРЫПТЫҚ КЕШТИҢ ҮЛГІСІ

қосымша 1

Мақсаты : Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнеріне аялы көзқарасын қалыптастыру.

Даярлық жұмыстары :

1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің дамуын көрсететін кесте.
2. Ою-өрнек өнеріне қатысты әдебиеттер көрмесі.
3. Студенттердің күшімен жасалған ою-өрнек өнерінің көрмесі.
4. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихи дамуын айғақтайтын тарихи бұрыш.
5. Ою-өрнек өнеріне қатысты дәйексөздер мен мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

Қатысушылар ролінде студенттер:

1. Жүргізуші
2. Тарихшы
3. Этнограф
4. Өнер зерттеушісі
5. Әдебиетші
6. Ою-өрнек шебері
7. Тындаушылар

Кештің барысы:

Жүргізуші: Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері - қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ұлттық ою-өрнек үлгілері. Осы ою-өрнек үлгілерінен сол кезеңнің кескін-келбеті елестейді, әсемдік болмысы, салты, әдет-ғұрпы, тіршілігі, тіпті көңіл-күй сезімі айқын көрінеді. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің түрі сан алуан, атауы ғалымдардың айтуынша 200-ге жуық. Әрине бір күнде барлық өрнек түрлерімен жете таныстыру өте қиын. Сондықтан қазір біз сіздермен бірге белгілі бір ою-өрнектерге саяхат жасаймыз (*Қошқармүйіз, тау, су, тұмар, гүл* ою-өрнектері көрсетіледі).

Этнограф : Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің ең байырғы түрлерінің бірі - *қошқармүйіз* (суреті көрсетіледі) мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Бұл - киелі ою. Өйткені қошқар байырғы ұғымда киелі, төрт түлік мал - тіршілік тірегі еді. Олардың тұқым жаратушылары ұдайы кие тұтылады. Қошқар ата, Ойсыл кара, Зеңгі баба, Қамбар ата, Шекшек ата қойдың, түйенің, сиырдың, жылқының, ешкінің пірлері. Күні бүгінге дейін бейіттерімізде

қойтас мүсіні бар. Қошқармүйіз оюы - байлықтың, молшылықтың символы.

Тарихшы: Иә, дұрыс айтасыз. Жалпы қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің шығу тегі тас дәуіріне саяды. Ал “Қошқармүйіз” оюының байырғы өрнек екендігін Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан табылған андроновтық тайпалардың қолөнер бұйымдары дәлелдейді. Егер андроновтықтар бұл оюмен ыдыс-аяқ бетін әшекейлеген болса, қазақтар негізінен кілем, түскиіз, текемет, сандық, ағаш төсектерді өрнектеген (Суреттер салыстырылып көрсетіледі).

Өнер зерттеушісі: Міне осы ежелден келе жатқан оюдың бүгінгі күнге дейін ұласып келуіне тағы бір себеп, оның бояу түсі мен құрылысының үйлесімділігінде, тепе-теңдігінде, өрнектерінің әсемдігі мен өзіне тән композициялық ерекшелігінде (тақтаға сызып көрсетіледі).

Шебер: Иә, сіздер айтқандай, ою-өрнектердің ерекшеліктерін сақтап, оларды толықтыра, әсерлендіре, әсемдей түсу, күрделендіріп отыру шебердің білімдарлығына, ойлылығына, талғамына тікелей байланысты. Сондықтан да қошқармүйіз оюының негізінде бұйымдардың шетіне, жиегіне салынуға ыңғайлы “сыңармүйіз”, “қосмүйіз” ортасына қолайлы, “төртмүйіз”, “қырықмүйіз” т.с.с. ою түрлері пайда болған (бұйымдардан өрнек түрлері көрсетіледі).

Жүргізуші: “Қошқармүйіз” оюы ғалымдардың топтастыруынша жан-жануар тектес оюлар тобына жатады. Ал, бұдан басқа да өсімдік тектес ою түрлері бар, енді соның бір түріне тоқтала кетсек дейміз.

Тарихшы: Өсімдік тектес оюлардың ең байырғы түрі - *төрт жапырақты гүл ою*. Бұл өрнектің бастапқы түрлерін біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдықта Пазырық қорғанынан табылған кілемдер, құмыралар т.б. әшекей заттардан көреміз (суреттері көрсетіледі).

Этнограф: Гүл оюы да киелі ою. Өйткені байырғы ұғымда өсіп-өнетін табиғат дүниесін кие тұту, тәңірі тұту олардың да жаны бар деп қабылдау сенімі басым еді. Төрт жапырақтан тұратын гүл ою - дүниенің төрт торабын білдіреді.

Өнер зерттеушісі: Иә, өте орынды айттыңыз. Гүл оюларының өзінде халықтың дана ойы жататынын мынадан көруге болады (суретті көрсетіледі). Гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы бірлікті, елдің ынтымақты болуын мегзейді. Сондықтан да қолөнеріне қатысты еңбектерде әрбір ою-өрнектің өзіне тән мазмұны бар деп бекерге айтылмаған.

Жүргізуші: (суретін көрсете тұрып) Мына үшбұрышты оюды біреулер

тұмар ою десе, біреулер *тау ою* дейді. Әдебиеттерге терең үнілсек, екі оюдың да атауы кездеседі, сонда бұларды біз қалай ажыратамыз?

Өнер зерттеушісі: Біріншіден, тау оюы үзілмей, бір-біріне жалғаса бейнеленеді. Яғни, бейнеленуіне қарай ұласпалы ою-өрнектер тобына жатады.

Этнограф: Екіншіден, *тау ою* - мәңгіліктің, күш-күдіреттің символы болса, *тұмар ою* - көз, тілден сақтайды, туған жер желеп-жебейді деген ұғымды білдіреді. Сондықтан *тау ою* көбінесе ер адамдардың тақия, шапан, шалбарларының жиектеріне салынса, *тұмар ою* қыз-келіншектердің жасауларына, балалардың киім-кешектеріне әшекейленеді.

Тарихшы: Қошқармүйіз, тау, гүл, тұмар оюларынан басқа өте ертеде пайда болған өрнектің бірі - *су ою*. Ол сақ, ғұн, үйсін тайпаларының тастан, сүйектен, керамикадан жасалған бұйымдарының (құмыра, ыдыс-аяқ) жиектеріне бейнеленген. Бертін келе жүннен жасалатын бұйымдардың да жиек, шеттеріне салынып дами түсті.

Өнер зерттеушісі: *Су ою* иректеліп бейнеленетіндіктен ирек оюы деп те аталынып геометриялық ою-өрнектер тобына жатады, әр түрлі бұйымдардан альбом, кітаптардан, откыртқалардан, тарихи кітаптардан *су ою*ның бейнелері салыстырылып көрсетіліп, өзіне тән бейнелену ережелері айтылады.

Этнограф: *Су ою* да киелі ою. Өйткені *су* ертедегі ұғымда киелі, жаратушы, аналардың бірі. Олай дейтініміз: ертедегі адамдардың ұғымында дүниенің жаратылуына төрт зат негіз болған: от, су, ауа, тау. Көне түркі жазбаларында кездесетін “от ана”, “су ана”, деген тіркестер біздің бұл ойымызды айғақтай түседі. Қазақтар арасында осы күнге дейін ауырған адамдарды сумен ұшықтайды. Оның үстіне “суға түкірме” деген қағида да бекерге айтылмаған. Ал, қолөнерінде *су ою* - өмір жолының символын білдіреді.

Әдебиетші: Айтқан әңгімелеріңіз өте орынды. Қазақтардың ертедегі аңыз-жырларында, мақал-мәтелдерінде қолөнер, оның ішінде ою-өрнек өнеріне қатысты тіркестердің, мәселен: “қыздың сырған сырмағындай”, “текеметтің түріндей, гүліндей”, “өрнегіне қарай өрмегі”, “өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу да сыза алмас” т.с.с. жиі кездесуі тектен тек емес. Мұндай тіркестер жан біткенді әсемдікке күштар етіп, өнерді сүйіп, құрметтей білуге талпындырады, әрі бұл өнер түрін меңгеру қажеттігін, оның пайдасын көрсетеді. Сөзім дәлелді болу үшін ою-өрнектің қыр-сыры мол, алуан қасиетке ие екендігін аша түсетін бір ертегіні айтып берейін (Қазақтың халық ертегісі “Өнердің күші”).

Өнер зерттеушісі: Тағы бір айта кететін бір жайт. Жалпы ою-өрнек өнерінде түр-түстің атқаратын ролі күшті. Олардың әсем де әсерлі көрінуіне себепші тәсілдің бірі - түр-түсті орынды қолдана білуде.

Этнограф: Иә, оның үстіне әр халықта бояу түсі әр түрлі бағаланады. Мәселен қазақ халқының қолөнерінде ақ түс жиі қолданылады. “Ақ” түс - шындық, қуаныш, бақыттың нышаны. Қазақ халқының тұтыну құралы мен тағам түрлерінде ақ мол кездеседі. Мәселен, сүт түсі - ақ, ағарған деп аталады. Қазақ түрлі ауру, сырқау, бәле-жаланың бәрі де ақпен тазарады деп ұғынады. Адам өмірінің ұзақ болуы, елдің амандығы, халық тыныштығы, тағы басқа игі тілектері ақ ұғымымен байланысты болған. Оның ішінде қазақ сөздерінде жиі қолданылатын ананың ақ сүті көңілің ағарсын, ақ дидар, ақ жарқын, ақ отау, ақ қайың, ақ селеу тіркестерінің белгілі бір мақсаттан, қажеттіліктен туғаны аян. Немесе ертеде қазақтардың басты адамын ақ киізге орап хан өтеру, тіпті құрбандыққа шалынатын малдың да нар болғаны дұрыс деп түсінуі белгілі бір нанымнан, ақ ұғымын қадірлеуден шыққан. “Ақ түйенің қарны жарылды” деген қанатты сөз де үлкен мерекелерде айтылады. Сондай-ақ қазақта құйрығында ақ қылы бар жылқылар құтты саналып сатылмайды, ешкімге берілмейді, себебі, сол малмен бірге құт-береке кетеді деп түсінген.

Өнер зерттеушісі: Сол сияқты қазақтардың ұғымында басқа бояу түстерінің де орны айрықша. Мысалы, “көк” - аспанның, “қызыл” - оттың, “сары” - айрылысудың, “қара” - жердің, “жасыл” - көктемнің, жастықтың символы. Бұдан түр-түстің ою-өрнек өнерінде күрделі рөл атқарғанын, ондағы ой мен идеяны бейнелеу арқылы болмыспен шындықты көрсетуде өзіндік шешім табатынын байқаймыз. Мәселен, қызыл, көк, жасыл түсті “гүл ою” өрнегі аққұрға салынып жиі қолданылады. Мұнысы “аспанымыз ашық, күніміз жарық, еліміз бақытты болсын” деген халықтың арман-тілегі.

Жүргізуші: Сөзімізді қорытындылай келе, ою-өрнектердің туып-қалыптасуына әлеуметтік жағдай (қошқармүйіз т.б.), табиғат (тау, су, гүл т.б.), салт-дәстүр (тұмар т.б.) әсер еткен демекпіз. Алдын ала даярлаған кесте (мәселен, қошқардың мүйізінің суреті - қошқармүйіз оюы, таудың суреті - тау оюы т.с.с.) түсіндіріледі.

Тыңдаушылар тарапынан сұрақтар болса жауаптар беріледі.

Үйге тапсырма: Студенттерге осы кештен алған әсерлері бойынша шығарма жазу тапсырылады.

ОЮМЕН ТҮСТІК ЖАРЫСҚА СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Сайыстың мақсаты: Оқушыларды қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің ерекшеліктерімен таныстыру, төл мәдениетін қастерлеуге баулу және олардың ұшқыр ой, әсемдік талғам, белсенді біліктілік, шеберліктерін дамытуға ықпал ету.

Көрнекі құралдар: Кітап көрмесі, плакаттар, қолөнер бұйымдары, таспа, күйтабақтар.

Қатысушылар: Студенттер мен мектеп оқушылары, көрермендер.

Сабақтың жоспары:

1. Кіріспе сөз (бейнелеу және қолданбалы өнер факультетінің студенті).

2. “Атымда менің сырым бар” екі топтың сәлемдесуі.

3. “Кім білгір?” (викториналық сұрақтар).

4. “Ою — жұмбақ” байқауы.

5. “Кім шебер?” (3 бөлімнен тұрады). Оюды кию, құрастыру, суретін салу.

6. “Ою әнмен әсерлі” - ән байқауы.

7. Қорытынды сөз.

Сайыстың барысы: Сайыстың пердесін Тәттімбеттің “Сылқылдақ” күйі ашады. Кіріспе сөз - Жүргізуші Нұртазаев Т.

Құрметті мұғалімдер! Қымбатты балалар!

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі — қолөнері, оның ішінде ою-өрнек өнері болып табылады. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның “Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді” деп айтқанындай, қазақ халқын айнала қоршаған зат, бұйымдардың қай-қайсысын алып қарамаңыз, кез келгенінен ою-өрнек өнерінің элементтерін көресіз. Сол ою-өрнектер әсемдік пен сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге ол халықтың арман-ойының, тілек-мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою-өрнектердің мазмұндық ерекшеліктері сан алуан.

Сондықтан да біз бүгінгі “Оюмен түстік жарысқа” атты сайыста ою-өрнектердің бірқатар ерекшеліктерін көрсеткіміз келеді. Сол себепті Құрметті қауым! Аса назар аудара қарап, зер сала зейін қойып тыңдаңыздар.

Жүргізуші көрермендерді қазылар алқасымен таныстырып өтті.

Жүргізуші: Қазір мен бүгінгі сайысқа қатысушы екі топты ортаға шақырамын. (Күйтабақтан күй естіледі: Түркештің “Көңілашары”).

Соның әуенімен екі топ екі жақтан ортаға шығады).

Жүргізуші: Бірінші байқау — Сәлемдесу, “Атымда менің сырым бар” деп аталады. Байқаудың шарты: топ атының мән-мағынасын ашу.

Біз алдымен қай топтың бірінші бастайтынын анықтап алайық. Ол үшін екі топтың басшылары шықсын. Әр топ басшысы сахнадағы тақтаға жапсырылған өрнектің біреуін таңдайды. Әрбір өрнек нөмірленген. Кімнің нөмір саны кем болса, сол топ байқауды бірінші бастайды.

Әсеттің нөмірі кіші болып “**Шеберлер**” тобы байқауды бастады. (Әр топта 9 бала). Олар қошқармүйіз сияқы екі жаққа иіріліп тұра қалды.

Әсет: - Қазақ халқының қолөнерінің түрі өте көп. Атап айтсақ:

Гүлнара: зергерлік,

Дидар: ағаш ұқсату,

Марат: мүйіз ұқсату,

Ғалия: кілем тоқу,

Әсем: киіз басу,

Жібек: ши тоқу,

Бактияр: алаша тоқу,

Қамар: кесте тоқу.

(Әр бала өнер түрін атағанда суретін көтеріп көрсетеді).

Әсет: Осы өнер түрлеріндегі мәселен, балқыту, жону, тегістеу, кию, тұту, сабау, су себу, білектену, тебу, тоқпақтау сияқты іс қимылдарын кез келген адам бір көргеннен жасай алады. Ал бұл бұйымдарға өрнекті аса шебер адам ғана түсіреді. Демек, қазақ халқының қолөнер шебері ою-өрнек өнерінде нағыз сынға түседі. Ал біз бүгінгі “Оюмен түстік жарысқа” атты сайыста өзімізді “өнері асқан шебер” ретінде көрсеткіміз келеді.

Әсет: - Сондықтан да біздің топ - **Бәрі:** Шеберлер тобы.

1. **Қамар:**

Шебер біздің әжеміз,

Шебер біздің атамыз.

Шебер болған бабам да,

Біз де шебер боламыз.

2. **Ғалия:**

Бұйымдар мен заттарды

Сәндеу үшін көрнекті.

Қиын да болса қиналмай,

Мен де үйрендім өрнекті.

3. **Жібек:**

Оя алсаң ою әдемі

Үйлессін оған көлемі.

Бояуымен үндескен,

Ою әсем түр-түспен.

4. Бақтияр:

Сәлем беріп “Жұлдызға”
Топтағы бар ұл-қызға.
Сәттілік, ұтыс тілейміз,
Озсын самғап шың-құзға.

5. Дидар:

Оюмен ой бөлісіп,
Өзіңді таныт қалыспа.
Шат көңіл, күлкі, қуаныш
Бәрі:- ДОСТЫҚ жеңсін
жарыста.

Оқушылар қолдарына ұстаған ою элементтерінен “Жұлдызша” өрнегі болып отыра қалады.

Жүргізуші: Шеберлер тобына үлкен рақмет. Енді ортаға “Жұлдызша” тобын шақырамыз.

Үстіндегі киімдеріне жұлдыз өрнегі өрнектелген “Жұлдызша” тобы ортаға шыға келіп, жұлдыз өрнегінің басқы бөлігін елестететіндей қалыпта тізіліп тұрды.

Топ басшысы *Нурлан:* - Жұлдызша қазақ халқының байырғы өрнек белгілерінің бірі. Өйткені, ою-өрнектер тек көркемдік, сәндік үшін ғана қолданылмаған, олар шартты бейнелер арқылы халықтың өмірге деген талпыныстарын да танытқан. Мәселен, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, қардың, жаңбырдың не себептен болатынын түсінбеген қазақ халқы күнді, айды, жұлдызды, аспанды керемет күш деп біліп, сол күштерге сыйынған. Компастың, сағаттың қолданылмайтын кезінде қазақтар бағытты, уақытты күннің, айдың, жұлдыздың қозғалысына қарай болжап білген. Ертедегі осындай білімдер, болжаулар қазақтың космогониялық өрнектерінде көрініс тапқаны белгілі.

Ал, біз бүгінгі сайыста аспан биігінен жарқырап көрініп, қарсыластарымызға, қонақтарға жұлдыз нұрын төгейік, қазақ ұлттық ою-өрнек түрлері де сансыз жұлдыздардай көбейіп, түрлене берсін, ешқашанда жарық сөнбесін деген ниетпен тобымызды “жұлдызша” деп атадық.

1. Айгүл:

Ерте халық өнерінде
Өрнек болған жұлдызша.
Одақтық Совет кезеңінен
Белгі болған жұлдызша.

3. Асан:

Жұлдызды тақты атам да,
Болып Ері еңбектің
Жұлдызды тақты анам да
Өсіріп он бір бөбекті.

2. Сара:

Өнердегі жұлдызша
Танытқан халық танымын.
Оқушы таққан жұлдызша
Көрсетер оқу талабын.

4. Құндыз:

Ою-өрнек өнерін
Жарыстырған ордаға
Өнерді сүйген ұл-қызға,
Бәрі: Жалынды сәлем
“Жұлдыздан”.

5. Ақбота:

Ою ойып оймақты
Шеберлікті шындайық,
Білгір болып білікті,
Жанбай жұлдыз тынбайық.

Жүргізуші: Қазылар алқасына сөз береді.

Жүргізуші - екінші байқау “Кім білгір” деп аталады. Ою-өрнек бойынша сұрақтар беріледі. Екі топтан 3-3-тен қатысушылар шығып, тақтадағы өрнектерді оң қаратып сұрақтың нөмірін таңдайды.

“Жұлдызша” тобынан:

Сара: N6 - Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бастапқы элементтері қай дәуірге саяды?

- Қазақ ұлттық ою-өрнектері тас дәуіріне саяды (дұрыс).

Асан: N1. Шет ою, орта ою, қолтық оюлары қандай бұйымдарда кездеседі?

- Түскиізде, кілемде, текеметте кездеседі (жартылай дұрыс).

Сәбит: N4 Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің басқа ұлт өкілдерінің өнерінде кездесетін түрлері бар ма?

- Тұмар, жұлдызша оюлары өзбек, тәжік халықтарының өрнектерінде кездеседі (толық емес).

Шеберлер тобынан:

Марат: N3 Қазақ ұлттық ою-өрнектері мотивіне қарай қанша топқа бөлінеді?

- Зооморфтық, космогониялық, өсімдік тектес, геометриялық (дұрыс).

Әсем: N7. Қошқармүйіз оюы қандай ұғымды білдіреді?

- Қошқармүйіз оюы байлықтың, молшылықтың, тоқтықтың белгісі (дұрыс).

Гүлнара: N11. Зергерлік бұйымдарға қандай ою-өрнектер салынады?

- Мәселен, жүзік, білезік сияқты әшекей бұйымдарға “күсқанат”, “күсмұрын”, “дөңгелек” (күн) “тұмар” оюлары салынған (дұрыс).

Жүргізуші 2-нші байқаудың қорытындысын естірту үшін сөз қазылар алқасына беріледі.

Жүргізуші: Келесі 3-інші байқау “Ою-жұмбақ” деп аталады.

“Кел балалар, ойнайық,

Ойнайық та, ойлайық.

Қандай жұмбақ болса да,

Шешпей оны қоймайық” (Қ.Ыдырысов) дегендей, екі топтың

алдын ала бір-біріне арнап даярлаған ою-жұмбақтарын шешетін уақыт жетті. (Екі топ жұмбақтарын бір-біріне табыс етеді).

Жұмбақтардың шешімі дайын болғанша 8-сынып оқушысы Омаров Беріктің орындауында Тұрмағамбеттің “Жастарға” атты термесі тыңдалды.

“Шеберлер” тобының шешімі: “Жұлдызша” тобының даярлаған бұйымында шеңберлеп дөңгелек оюы, оның ішінде бір қатар құсқанат оюы, екінші қатарда қошқармүйіз оюы салынып, бұйымның шеті ирек оюымен жиектелген. Мұндағы ирек — су оюы, бұл өмір жолы, дөңгелек — күн оюы жарық өмірді, “құсқанат” — еркіндікті, “қошқармүйіз” — молшылықты, тоқтықты, көк түс — ашық аспан, яғни бейбітшілікті білдіреді. Мұнда “Біздің еліміз тәуелсіздікті нық ұстап тұрсын. Елімізде молшылық, баршылық, бейбітшілік, бақытты өмір болсын” деген арман-тілек жасырылған.

“Жұлдызша” тобының шешімі: “Шеберлер” тобы әр ұлт өкілдерінің кейбір өрнек түрлерін бір бұйымда бір-бірімен үйлестіре бейнелеген. Атап айтқанда, түркмен, тәжік, өзбек, қарақалпақ халықтарының мүйіз өрнектері, орыс халқының күн тәріздес торлы өрнектері өрнектелген. Бұл - “өнер барлық халыққа ортақ”, “барлық ұлт өкілдерінің достықтары жарасып, ынтымақтары арта берсін” деген тілекті білдіреді.

Сөз қазылар алқасына беріледі.

Жүргізуші: 4-інші байқау “Кім шебер?” деп аталады. Бұл байқау іштей 3 бөлімнен тұрады.

1. Оюдың пішімін кию.
2. Екі топтың бір-біріне алдын ала даярлаған ою элементтерінен бүтін бір ою құрастыру.
3. Екі топтың бір-біріне алдын ала даярлаған (оюдың үштен бір бөлігі ғана салынған) өрнек суретін жалғастыру, аяқтап бітіру.

Байқаудың 3 бөлімі де бір уақытта орындалады. (Уақыты, эстетикасы, дұрыс жасалынғандығы есептеледі). Олар берілген тапсырманы орындап жатқанда, **Жүргізуші** бұл сайысқа Қазақстанның домбыра шебері Ж.Тұрлығұловтың қатысып отырғанын айтып, оның өз қолымен жасаған домбырасын көрсетіп домбыраға, “тілің күстай сайрасын” деген тілекпен “құстандай” өрнегі салынғанын сөз етіп, қазір осы домбырада Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің студенті Қанат Түндебаев Б.Тәжібаевтың “Туған жер өзің дегенде” атты әнін орындайтынын хабарлайды.

4-інші байқаудың қорытынды бағасын естіруге сөз қазылар

алқасына беріледі.

5-інші байқау ән байқауы “Ою әнмен әсерлі” деп аталады. “Жұлдызша” тобының орындауында “Киіз басу” халық әні. “Шеберлер” тобының орындауында “Айгөлек” әні (Сөзі Н.Баймұхамедовтікі, әні Б.Байқадамовтікі) орындалды.

Қорытынды сөз қазылар алқасына берілді.

Сайыстың жеңімпаздары анықталып, сыйлықтар таратылды.

Сайыстың соңында қонақтар, мектеп басшылары, ата-аналар оқушыларға дән ризашылықтарын білдіріп, өздерінің алғыс, тілектерін айтты.

Құрманғазының күйі “Сарыарқа” шалқып естілді.

САУАЛНАМАЛАР

“Ою-өрнек өнеріне бейімділігі” әдістемесі

Сауалнама 1

Мақсаты: студенттердің ою-өрнек өнеріне қызығушылығын айқындау.

Жұмыстың барысы: Студенттерге төмендегідей сауалнаманың сұрақтарына жауап беру ұсынылады:

1. Сізге бейнелеу өнерінің қай түрі ұнайды?
 - кескіндеме,
 - сәндік-қолданбалы өнер,
 - мүсін,
 - графика,
 - ою-өрнек өнері.
2. Сізге сәндік-қолданбалы өнердің қай түрлерінде кездесетін ою-өрнектер ұнайды?
 - киіз басу,
 - тоқыма,
 - зергерлік,
 - ағаш ою,
 - архитектуралық.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің қандай түрлерін білесіз?
4. Соның ішінде қай өрнек сізге ерекше ұнайды? Не үшін?
5. Соңғы 12 айда өнер мұражайларына неше рет бардыңыз?
6. Ою-өрнек шеберлерінен кімдерді білесіз?
7. Ою-өрнек өнеріне қатысты жарық көрген кімдердің қандай еңбектерін білесіз?
8. Соңғы 12 айда сәндік-қолданбалы өнер көрмелеріне неше рет бардыңыз?
9. Сәндік-қолданбалы өнерге қатысты арнайы пәндер сабақтарында сізге әсіресе не ұнайды?
 - ою-өрнектердің суреттеріне қарау,
 - оқытушының ою-өрнектердің мазмұнын әңгімелеуі,
 - ою-өрнектерді өз қолыңызбен жасап көруіңіз,
 - оқытушының ою-өрнектердің шығу тарихына байланысты айтқан аңыз-әңгімелері,
 - ою-өрнектердің бояу түстерін тамашалау,
 - қазақ ұлттық ою-өрнектерін басқа халықтар өрнектерімен салыстыру.

10. Соңғы 12 айда ою-өрнек өнеріне қатысты тақырыптық кештерге, байыстарға неше рет бардыңыз?

11. Ою-өрнектерді көргенде, бейнелегенде қандай әсер аласыз?
12. Өзіңіз білетін ою-өрнектердің аттарын жазыңыз?
13. Ою-өрнек шеберлерінің қандай туындыларын білесіз?
14. Қай халықтардың ою-өрнектерінде ортақ ұқсастықтар бар?

Алынған мәліметтерді өңдеу: Студенттердің ою-өрнек өнеріне қызығушылығы сандық және сапалық көрсеткіштеріне қарай талданады. Сандық көрсеткіштері (1, 2, 5, 8, 9, 10 сұрақтары), “артық-кем” принципі бойынша сипатталады. Мәселен, студент мүсін өнерін емес ою-өрнек өнерін ұнатса, оның мүсін өнеріне караганда ою-өрнек өнеріне қызығушылығы басым. Бұл қызығушылықтың сапасы әртүрлі болуы мүмкін: уақытты тиімді өткізу, ішкі сезім күйін өзін, дүниені танудағы қажеттіліктерін өтеу т.б.

Сапалық көрсеткіштер адамның көркемдік дамуының деңгейін көрсетеді (3, 4, 11, 12 сұрақтары), “жоғары-төмен” дәрежесімен бағаланады.

Екінші сапалық көрсеткіштері көркемдік қызығушылығының деңгейін білдіреді. Мысалы, студент бұл өнер түрінен көркемдік әсер алып қана қоймай, оның қалай жасалатынын, шығу тарихын, өзіндік ерекшеліктерін, “қыр-сырын” түсінгісі келеді. (6, 7, 13, 14 сұрақтары).

Сауалнама 2

Мақсаты: Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мәнін түсінетіндігін айқындау.

Жұмыстың барысы. Студенттерге төмендегідей сауалнаманың сұрақтарына жауап беру ұсынылады.

1. Ою-өрнек өнерінің танымдық мәні бар деп ойлайсыз ба? Олай болса себебін түсіндіріңіз.
2. Ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мәні бар деп ойлайсыз ба? Олай болса себебін түсіндіріңіз.
3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне қандай әсері бар?
 - эстетикалық талғамын жетілдіруге,
 - эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға,
 - эстетикалық сезімдерін оятуға,
 - эстетикалық қызығушылығын дамытуға,
 - эстетикалық түйсігін кеңейтуге.

4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің оқушылардың еңбек тәрбиесіне қандай әсері бар?

- еңбекке сүйіспеншілігін арттыруға,
- еңбек ету қабілеттерін шыңдауға,
- еңбек етуге қызығушылығын қалыптастыруға,
- ұжымдық еңбек етуге баулуға,
- еңбекті құрметтей білуге үйретуге.

5. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің оқушылардың адамгершілік тәрбиесіне қандай әсері бар?

- төл мәдениетіне дұрыс көзқарасының қалыптасуына,
- өнер мұраларына, өнер адамдарына сыйлы қатынасын тәрбиелеуге,
- адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге,
- адамгершілік сана-сезімдерін оятуға,
- адамдар арасындағы гумандық қатынастарын дамытуға.

6. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің дене тәрбиесіне қандай әсері бар?

- денсаулығын нығайтуға,
- дене қимылдарын іске асыруға,
- сымбаттылығын сақтауға,
- бұлшық еттерін өсіруге,
- денесін дұрыс дамытуға.

7. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің оқушылардың ақыл-ой тәрбиесіне қандай әсері бар?

- ақылын өсіруге,
- терең ойлай білуге үйретуге,
- абстрактылы ойлауын кеңейтуге,
- логикалық ойлауын дамытуға,
- ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруге.

8. Ою-өрнектердің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қай қасиетіне қарап анықтауға болады?

- құрылысына,
- атауының мағынасына,
- классификациясына,
- жасалу техникасына,
- шығу тарихына.

9. Ою-өрнек өнері негізінде балалардың адамгершілік тәрбиесіне қалай әсер етуге болады?

- ою-өрнекті көрсету арқылы,
- ою-өрнектің мазмұнын түсіндіру арқылы,

- ою-өрнекті жасату арқылы,
- ою-өрнектің түрлерін үйрету арқылы,
- ою-өрнекке байланысты аңыз-әңгіме айту арқылы.

Сауалнама 3

Мақсаты: Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің бүгінгі таңда пайдаланылу жағдайын айқындау.

Жұмыстың барысы: Студенттерге төмендегідей сауалнаманың сұрақтарына жауап беру ұсынылады.

1. Қазіргі заман мұғалімдері қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгеруі тиіс деп ойлайсыз ба? Не үшін?

2. Сіздің факультетіңізде ою-өрнек өнеріне қатысты пәндер оқытыла ма?

3. Аудиториядан тыс жұмыстарда қазақ ұлттық ою-өрнек өнері пайдаланыла ма?

4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша арнайы курс оқыла ма?

5. Сіз практикада болған мектепте қазақ ұлттық ою-өрнек өнері материалдары кеңінен пайдаланыла ма?

а) Иә, ә) Жок, б) Ара-арасында.

6. Сіз практика барысында қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдаландыңыз ба?

а) Иә, ә) Жок, б) Ара-арасында, в) Оқулық негізінде.

7. Егер пайдаланған болсаңыз, қандай мақсат тұттыңыз?

а) оқушылардың тәрбиесіне әсер ету үшін,

б) оқушылардың қолөнері саласынан білімін тереңдету үшін,

в) Оқушылардың шеберлігін шыңдау үшін,

г) Ою-өрнек үлгілерін орынды қолдануға үйрету үшін,

е) Бағдарлама бойынша материалды өту үшін.

8. Егер пайдаланған болсаңыз, қандай процестерде?

- сабақ үстінде: а) тақырып негізінде, ә) тақырыпқа қосымша.

- сабақтан тыс уақытында: а) белгілі бір үйірмелерде, б) тәрбие сағаттарында.

9. Егер пайдаланбаған болсаңыз, оның себебі неде?

10. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануға даярсыз ба?

а) Иә, ә) Жок, б) Білмеймін.

11. Жоғары педагогикалық оқу орындарында студенттерге қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін меңгертуді жақсарту бойынша Сіздің қандай ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз бар?

Алынған жауаптар 3 түрлі көрсеткішпен талданады.

1) Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалану қажеттігі (I, II сұрақтары).

2) Қазақ ою-өрнектерінің студенттерге меңгертілу деңгейі, (2, 3, 4 сұрақтары).

3) Студенттердің қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін оқушылар тәрбиесіне пайдалануға даярлығының деңгейі (5, 6, 7, 8, 9, 10).

ҚОЛӨНЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Адарғы - керілген желіні айқастыра белағаштан кейін орналасатын күзулі мен күзусіз жіптердің арасында белағашпен қатар жатқан ағаш. Адарғы желінің шатысын түсіріп, өрмектің тоқылуында басты қызмет атқарады.

Ақ құр - сәндік үшін қызыл басқұрдың жоғары жағынан қатар керілетін, ені де, ұзындығы да қызыл басқұрмен жапсарлас, ақ желіге термелеп, не тұр шалып өрнек түсіретін құр.

Алакұрт - екі түсті түрден есіліп кілем тоқуда басталар басы мен бітер жерінен тақта жүргізілгеннен кейін өткізіледі, кей жерлерде “еспе” деп аталады.

Алаша - түрлі-түсті мақта не жүн жіптен өрмек арқылы тоқылатын, үй ішіне төселетін төсеніш.

Арқау - тергіш пен өрнек терілгеннен кейін, еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан әрлі-берлі өткізілетін, қылышпен нығыздалуының арқасында түсірілген шатысты ұстап тұратын жіп. Арқауды өткізуді кейде арқау ату деп те атайды.

Астарлау - төсеніш яки жамылғы бұйымның астынан, не ішкі жағынан жалаңдау мата қоса жапсыра тігу.

Аяқ - белағашты көтеріп тұратын аша басты тіреу (айыр) ағаш. Белағашты аша басқа бекіту үшін екі ұшының астыңғы жағы кертіле ойылады.

Басқұр - киіз үйдің ішін сәндеу үшін керегелерінің басын айналдыра орап (байлайтын) таңатын өрнектелген жалпақ бау.

Белағаш - ұзын бойы екі шетінен қазыққа керілген желі жіптерді күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағаш. Кей аймақтарда бұл “арқалық” деп те аталады.

Білектеу - басылатын киіз пысып, қатаю үшін бірнеше адам қатарынан тізерлеп отырып алып білектерімен әрі-бері ырғап аунатып, ұрғылау әдісі.

Бұқар теру - Бұқара елінің өрнегін салып терме алаша әдісімен тоқу.

Екіжүздеме - иін бау, алаша тоқуда қолданылатын желінің астыңғы жібін де, үстіңгі жібін де тек қолмен теріп тоқитын тәсіл.

Еркек жіп - өрмек тоқу үшін керілген желі жіптердің күзуде тұрған үстіңгі жіптері. Тағы бір аймақтарда мұны “ерсі жіп” деп те атайды.

Есу - қос жіпті не қос арқанды қарама- қарсы бағытта бұрау.

Желбау - киіз үйдің шаңырағын қатты жел аударып кетпес үшін шаңырақтан төмен бастыруға пайдаланатын өрнектелген төгілме шашақты бау.

Желі - мал жүнінен немесе мақтадан біртегіс иіріліп өрмек тоқу үшін керілген түрлі-түсті жіптер. Кейде “төсек” деп те аталады.

Жиектеу - төселетін, тұтылатын бұйымның шеттерін сәнді түрлі жіптермен не еспемен бастыра тігу.

Жөрмеу - сырмақ сырда ою қақырамас үшін, не матадан кез-келген бұйымды тіккенде теріс жағындағы ішкі тігістің жібі додаланбасын деген мақсатпен шетін ішке қайыра тігу.

Жіп жалғау - керілген желі жіптердің үзiгiн немесе қашқанын тауып байлау.

Жіп қашу - өрмек тоқу үшін керілген жіп желісінің үзілуін жіптің қашуы деп атайды.

Жіп иіру - бұйым тоқу үшін шиттелген мақтаны, жуылып түтілген жіпті соза отырып ұршық арқылы оңға айналдыра жіңішкерту.

Жұлқыш - теріс шалу әдісімен тоқылатын түр жіптерін қайшымен тегістеуді керек етпейтін, түгі ұзын, аю терісі сияқты төсеніш.

Жүн түту - 1) жіп жасау (иіру) мақсатымен жуылып, боялып кептірілген жүн бөлігін бір қолға ұстай екінші қолдың бас бармағы мен ортаңғы саусағының көмегімен тығыздығынан арылту, көпсіту, бір қалыпты тарқату;

② қырқылып, жуылып киіз, текемет басуға кептірілген тірі жүнді майдалап, ұйысқанын жазу үшін тулаққа салып сабаумен ұрғылау.

Иінбау - киіз есіктің екі жақ иініне ілінетін өрнектеп тоқылған бау.

Киіз - пайдалану мақсатына қарай қой жүнінен қалың не жұқа етіп басылған жамылғы немесе төсеніш.

Киіз басу - жуылып, кептіріліп, түтіліп, сабауланған қой жүнін шиге жайып, одан кейін қайнап жатқан су құя отырып, аяқпен тепкілеп кіріктіру, білектеп біріктіру.

Киіз тебу - шиге оралып үстіне су құйылған жүннің бірігуі, қатаюы, біртұтас бұйым болуы үшін бірнеше адамның ши сыртынан айқастыра оралған арқанмен кезек тартып ауната отырып аяқпен тепкілеу әдісі.

Күзу - тоқылатын жіптерді ажырата білу үшін желінің үстіңгі жіптерін белағашпен жалғастырып тұратын екі қабат иіріліп, ысылған бір түсті жіптер.

Күзу ағаш - тарту жіп пен күзуді байланыстырып тұратын

белағаштың үстіне қойылатын таяқша. Кейбір мәліметтерден “күзу шыбығы”, “күйеу ағаш” деген баламаларын да кездестіруге болады.

Кілем - арнаулы өрмек арқылы керілген желіге түрлі-түсті жүннен жуындау иірілген жіптер шалу әдісімен тоқылатын, тұту немесе төсеу мақсатында қолданылатын, көлемді өрі сәнді бұйым.

Кірлеу - киіздің өбден кірігіп, шымырлануына, бойындағы кір судан тазаруына әсер етуі үшін әсіресе түр салынбайтын киізді ұзынынан бір бүктеп, енінен дөңгеленте төрт-бес орап, тігінен қойып, үстінен қайнаған ыстық су құю әдісі.

Қағу - арқау өткізілген соң ұйысқан жіп аралығын қылышпен қағып, сол желі жіптердің арасын ажырату.

Қазық - өрмек тоқылатын орында желінің бас жағына және аяқ жағына жүгірілген жіпті керіп тұру үшін қағылған ағаш. Өрмектің арт жағынан қағатын қазықты “күйеу қазық” деп атайды деген мәліметтер де жоқ емес (Жүннен жасалатын бұйымдар. А., 1990, 99-бет.).

Қақпа алаша - түрлі-түсті жолақ болып керілген желі жіптерді термей, тек қана шатыс түсіру әдісімен тоқылатын алаша.

Қалы кілем - шалма әдісімен тоқылатын, үстіңгі бетінің түрлері қайшымен тегістеліп отыратын түгі бар кілем.

Құр - өрілген не тоқылған бау.

Қызыл құр - киіз үйдің ішін әшекейлеу және уық пен керегенің байланған тұсын жасыру мақсатымен айналдыра тұтылатын желісі қызыл, қызыл реңі басым көрінетін жалпақ құр.

Қылыш - керілген желідегі еркек жіп пен ұрғашы жіптің шатысын арқау жіп өткізілген соң жіп арасын қағатын қылыш тәрізді ағаштан жасалған құрал.

Орама - кілемнің шеті мықты болуы үшін шеткі алты жібіне арнайы түйдектелген түр жіпті арқау өткізуден бұрын Х әдісімен шалып орайтын тоқу түрі.

Оң шалу - түр жіпті күзулі жіптен алып, күзусіз жіпке шалып орау әдісі.

Өлі жүн - қойдан көктемде қырқылып алынатын жүн, “жабағы жүн” деп те айтылады.

Өткізбе - желі жіптердің арасынан өткізілген түрлердің артығын қиып тастап, шатыс түсіре арқау өткізіп, тоқпақтау әдісі.

Пәшек - арқаудың жібін орайтын таяқша. Ені 3-4 см, ұзындығы 25-30 см. Кей аймақтарда “арқау шөлмегі”, “жүгіртпе” делінеді.

Сабау - ұзындығы метрден астам жыңғыл, ырғай, тобылғы шыбықтың бүрін тегістеп немесе бұтақсыз жас талдың қабығын

сыдырып, киіз, текеметке арнап жүн түту үшін жасалған құрал.

Серу - өрмектің енін бір қалыпты сақтау үшін қолданылатын ағаштан (жыңғылдан) жасалған құрал. Бұл адарғыдан 1,5-2 метрдей ары тұрады. Ұрғашы жіпке бір бөлек (астыңғы серу), еркек жіпке бір бөлек (үстінгі серу) серу қояды. Бес-алты жіпті серуге шалып байлайды. Бұл кей жерлерде “есепші”, “кергіш сабау”, “серу ағаш”, “серу жіп” деп аталады.

Соқ-соқтау - киіз біріге түсу үшін екі енінен бір жағын екінші шетіне жетенше қарама-қарсы ширата бүктеп (орап) екі жағынан жағалай отырып бір-біріне жеткізе кезек-кезек алақанмен итере соғу.

Сырмақ - киіздерді біріне-бірін ойыстырып жасаған, не үстіне матадан ою басқан, тігістеріне жиек басып сырылған әшекейлі төсеніш.

Сыру - сырмақ беті мен астарды қосып, біріктіре тігу.

Тақта - керілген желіге түр шалмай-ақ шатыс түсірілген соң әрлі-берлі арқау өткізіп тоқпақтау әдісін бес-алты рет қайталау.

Талдыру - түр салынған текемет басу үшін астыңғы бетін (жүнді) бөлек шиге орап, біраз уақыт оған ыстық су құйып ұстау.

Тарту жіп - күзуді бір қалыпты ұстау үшін оны белағаштың үстінен екі басын тартып тұратын мықты жіп.

Текемет - үстінгі бетіне ою басылған киіз.

Тергіш - бұйымға салынатын өрнектердің түр-түсіне, жіп санына қарай желідегі түрлі-түсті жіптерден теріп отырып (алып) өрнек шығаратын құрал. Кей аймақтарда бұл “теру ағаш”, “терме ағаш”, “күзеу шыбығы” түрінде кездеседі.

Терме алаша - теріліп өрнек түсірілген алаша.

Теріс шалу - түрді күзусіз жіптен алып, күзулі жіпке шалып орағанды айтады.

Тоқпақ - кілем тоқуда қолданылатын, арқау өткізілген соң жіп арасын түйгіштейтін, шеге тісті ағаштан жасалған құрал.

Тулақ - малдың терісін шикілей керіп, кептіріп, сабалатын жүннің астына төсейтін төсеніш.

Түскиіз - киізге барқыттан мейлінше әшекейлі оюлап тігілген, төсектің тұсына құратын кілемше.

Түр - түтіліп, боялған түрлі-түсті жүн не жіп.

Түр салу - әр түсті жүннен қиып дайындалған ою үлгілерімен текеметтің бетін өрнектеу.

Түрді шүйкелеп салу - текемет басуда алдын-ала қалдырылған киіздің үстінгі бетіне дайын шүйкеленген түрден өрнек түсіру.

Тықыр кілем - өткізбе әдісімен тоқылатын түскиіз кілем.

Тірі жүн - қойдан күзде қырқылып алынатын жүн, “күзем жүн” деп те аталады.

Ұрғашы жіп - керілген желі жіптердің төменгі күзусіз жіптері. Мұны кейде “қарсы жіп” деп те атайды.

Үшағаш - белағашты көтеріп тұратын құрал. Қазақстанның кейбір аймақтарынан жинақталған деректерде “көтерме мосы” делінеді.

Шалу - түр жіпті күзулі жіптен (еркек жіп) күзусіз жіпке (ұрғашы жіп) шалып тоқу әдісі.

Шатыс - еркек жіп пен ұрғашы жіптердің күзу арқылы адарғының көмегімен айқасуы. Шебер адарғыны өзіне тартқанда ұрғашы жіп жоғары шығып, еркек жіп төмен түсіп шатыс түседі, адарғыны итергенде керісінше еркек жіп жоғары шығып, ұрғашы жіп төмен түседі де шатыс түседі.

Ширату - иірілген екі жіпті қосарлау үшін немесе есілген жіптерді ажырату үшін ұршықтың көмегімен оңға солға айналдыра отырып, екінші ұшын ұршыққа орау.

Шумтеу - мақтаны дәннен тазарту.

Шүйкелеу - түтілген жүнді біркелкі жуандықта ұзарта созып орау.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I тарау. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлаудың теориялық негіздері	6
1.1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау — проблемалық мәселелер	6
1.2. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи дамуы мен ерекшеліктеріне мазмұндық сипаттама	19
1.3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері	41
1.4. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлаудың педагогикалық шарттары	55
Қазақ ұлттық ою-өрнек үлгілері	69
II тарау. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттердің даярлығын қалыптастырудың жолдары	89
2.1. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін әлеуметтік-гуманитарлық және жалпы кәсіби пәндерде пайдалану	89
2.2. “Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері” жөніндегі арнайы курстың мазмұны	102
2.3. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін педагогикалық практика барысында пайдалану	116
Қорытынды	126
Қосымшалар	130
1. Ою-өрнек әлеміне саяхат (тақырыптық кештің үлгісі)	130
2. Оюмен түстік жарысқа (сыныптан тыс тәрбие жұмысының үлгісі)	134
3. Сауалнамалар	140
4. Қолөнеріне байланысты атаулардың түсіндірме сөздігі	145

Ұлжарқын ӘБДІҒАПБАРОВА

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ

*Жоғары және арнайы
орта оқу орындары студенттеріне
арналған оқу құралы*

Баспаның бас директоры **Әшірбек КӨПШ**

Өндірістік директор **Тимофей КИМ**

Заңгерлік кеңесші **Вагиф ГАДЖИЕВ**

Редакторы **Рәшит РАХЫМБЕКОВ**

Көркемдеуші редакторы **Нұрлан АЙЫМБЕТОВ**

Техн.редакторы **Марина ИВАНОВА**

Компьютерде теріп, беттегендер **Гаухар ДОСМАҒАМБЕТОВА,**

Жанна ЖҰМАШҚЫЗЫ